

**ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР - ҚР ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ КЕН-БАЙЫТУ  
ЖӘНЕ МҰНАЙ-ГАЗ СЕКТОРЛАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ  
МІСЕЛЕЛЕРІН ТАБЫСТЫ ШЕШУДІҢ КІЛТІ**

**СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫНЫҢ**

**ЕҢБЕКТЕРІ**

**II Том**

**ТРУДЫ**

**САТПАЕВСКИХ ЧТЕНИЙ**

**ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ – КЛЮЧ К УСПЕШНОМУ РЕШЕНИЮ  
ФУНДАМЕНТАЛЬНЫХ И ПРИКЛАДНЫХ ЗАДАЧ В РУДНОМ И НЕФТЕГАЗОВОМ  
СЕКТОРАХ ЭКОНОМИКИ РК**

**Том II**

**PROCEEDINGS**

**SATPAYEV'S READINGS**

**INNOVATIVE TECHNOLOGIES ARE THE KEY TO SUCCESSFUL SOLVING  
FUNDAMENTAL AND APPLIED PROBLEMS IN THE ORE AND OIL AND GAS  
SECTORS OF THE ECONOMY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**II volume**

**Алматы 2019 Almaty**

УДК 001 (063)  
ББК 72  
И 66

Оргкомитет:

- Кенжалиев Б.К.** – Проректор по науке, **председатель;**
- Жолтаев Г.Ж.** – Директор ТОО «Институт геологических наук имени К.И.Сатпаева», **заместитель председателя;**
- Сыздыков А.Х.** – Директор Института геологии и нефтегазового дела, **заместитель председателя;**
- Бекботаева А.А.** – Заведующий кафедрой «Геологическая съемка, поиски и разведка месторождений полезных ископаемых», **ответственный исполнитель;**
- Нусупова А.Б.** – Ученый секретарь ТОО «Институт геологических наук имени К.И.Сатпаева», **ответственный исполнитель;**
- Туйебахова З.К.** – Директор Института химических и биологических технологий;
- Саренова А.С.** – Директор Института базового образования;
- Умаров Т.Ф.** – Директор Института информационных и телекоммуникационных технологий;
- Омарбеков Б.О.** – Директор Института промышленной инженерии;
- Салыкова Л.Н.** – Директор Института управления проектами;
- Узбаева Б.Ж.** – Директор Научной библиотеки;
- Сейтжанов Ш.** – Председатель Совета молодых ученых ТОО «Институт геологических наук имени К.И.Сатпаева»;
- Нигматова С.А.** – Руководитель лаборатории ТОО «Институт геологических наук имени К.И.Сатпаева»;
- Окашева Ш.К.** – Руководитель Центра исторического наследия Департамент по студентским вопросам;
- Машрапова М.А.** – Руководитель группы ГИС-технологии ТОО «Институт геологических наук имени К.И.Сатпаева», **секретарь конференции;**
- Баудагулова Г.Т.** – Специалист минералогического музея кафедры ГСПиРМПИ, **секретарь конференции;**

**«Инновационные технологии – ключ к успешному решению фундаментальных и прикладных задач в рудном и нефтегазовом секторах экономики РК»:** сборнике представлены материалы конференции Сатпаевские чтения.

И66 – Алматы: КазННТУ имени Сатпаева, 2019. – 1116 с.  
ISBN 978-601-323-145-7

В современном мире цифровые технологии играют все более важную роль в развитии стран, в том числе таких ключевых сфер как инженерия, строительство, высокие технологии, машиностроение и образование.

ISBN 978-601-323-145-7

УДК 001 (063)  
ББК 72  
И 66

© Казахский национальный  
исследовательский технический  
университет имени К.И.Сатпаева

УДК 654.078

**А. Абдулаулы, А.Е. Аден**

*Научный руководитель – Б.Т.Суйменбаев, асс. профессор, доктор технических наук.  
Казахский Национальный Исследовательский Технический Университет  
имени К.И. Сатпаева Республика Казахстан, г. Алматы  
abyl.abdu@gmail.com*

## **ИССЛЕДОВАНИЕ ВОЗМОЖНОСТЕЙ ПРИМЕНЕНИЯ Ka-ДИАПАЗОНА В СПУТНИКОВЫХ СИСТЕМАХ СВЯЗИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются вопросы применения Ka диапазона частот в спутниковых системах связи. Рассматриваются использование Ka-диапазона с ориентированием лучей на Алматы и Астану. 2 транспондера работающие в этом диапазоне заложены при построения казахстанского спутника KazSat-4. Ka-диапазон устраняет проблему нехватки спутникового сегмента, которая сдерживала развитие спутниковой связи в последние несколько лет в Ku-диапазоне. Появления спутника Ka-диапазона в сочетании с многолучевой технологией обеспечило этой отрасли дополнительный частотный ресурс, использование которого обходится значительно дешевле, чем использование аналогичной емкости Ku- или C-диапазонов в традиционном использовании. Примером этого является европейский рынок, где использование Ka-диапазона обеспечивает существенно более высокую скорость передачи данных, доступную для конечного абонента, — до 20 Мбит/с, при этом спутниковой емкости вполне достаточно для обслуживания сотен тысяч абонентов в перспективе.

**Ключевые слова.** Широкополосный доступ, Ka-диапазон, геостационарная орбита (ГСО), спутниковые системы связи и вещания (СССВ), орбитально-частотный ресурс (ОЧР), электромагнитная совместимость (ЭМС).

Индустриально-инновационное развитие, переход от сырьевой направленности к сервисно-технологической требует реального осмысления необходимости и возможных путей такого перехода, а также получения реальных результатов на долгосрочную перспективу.

Одним из путей индустриально-инновационного развития на наш взгляд является развитие инфокоммуникационных технологий и создание на их основе современных систем связи, телерадиовещания, электронного правительства и, в конечном итоге, единого информационного пространства в республике.

Глобализация экономической жизни и растущая роль технологических инноваций серьезно повысили роль информации как одного из ключевых факторов обеспечения конкурентоспособности в современной экономике. Телекоммуникации стали интегральной частью бизнеса и обеспечивают внутренние и международные потоки информации в процессе принятия деловых решений. Объем информации, передаваемой через информационно-телекоммуникационную инфраструктуру, удваивается в мире каждые 2-3 года, что в свою очередь усиливает процессы глобализации и становится неотъемлемой частью системы государственного управления, т.е. имеет стратегическое значение.

Спутниковые системы передачи информации имеют ряд неоспоримых преимуществ по сравнению с наземными сетями передачи информации:

- охват больших территорий при отсутствии транзита по наземным сетям;
- независимость стоимости за предоставленные услуги от дальности расположения абонентов;
- высокая надежность каналов связи;

- простота развертывания дополнительных наземных станций для обслуживания новых клиентов, даже если они расположены в труднодоступных районах с плохо развитой наземной инфраструктурой связи.

Указанное предопределяет три важных направления развития спутниковых систем связи в интересах экономического развития, укрепления национальной безопасности и обороны.

Одной из основных мировых тенденций развития отрасли спутниковой связи в настоящее время является создание спутниковых систем широкополосного доступа в Ka-диапазоне.

В настоящее время Республика Казахстан произвело запуск собственного спутника связи и вещания КазСат-2 и КазСат-3, работающего в традиционном Ku частотном диапазоне, соответственно отечественные компании работают в настоящее время с геостационарными спутниковыми системами иностранных компаний естественным образом переключатся на работу с КазСат-2 и КазСат-3. Однако проблема по дальнейшему использованию Ku диапазона (10,7 — 12,75 ГГц) при передаче больших информационных потоков, в первую очередь для пользователей Интернет остается. В результате перегрузки ГСО как реальными, так и «бумажными» сетями, не имевшими продолжения после предварительной публикации заявки, получение частотного ресурса для создания и развития спутниковых операторских сетей представляет серьезную проблему. Проблема дефицита ОЧР сегодня все чаще затрагивает и действующие геостационарные сети. В сложной помеховой обстановке, сложившейся из-за перегрузки геостационарных орбит спутниками телерадиовещания, которые зарегистрированы в Бюро Радиосвязи МСЭ участились случаи возникновения взаимных помех между сетями различных администраций, что препятствует нормальной эксплуатации части ОЧР на действующих спутниках.

Наиболее остро дефицит свободного спектра проявляется в технологически освоенных диапазонах частот C (4/6 ГГц) и Ku (11–12/14 ГГц, что приводит к невозможности предоставления точек стояния из-за проблем ЭМС с соседними СССВ и огромного числа заявок от администраций стран-членов МСЭ на новые СССВ в этих службах. Все вышеперечисленные факторы играют отрицательную роль в развитии спутниковой связи, телевидения, Интернет, а соответственно и развитии регионов не только Республики Казахстан. Сюда можно соотнести и государства Центральной Азии (Узбекистан, Киргизия, Афганистан и др.), которые являются крупными потенциальными пользователями услуг спутниковой связи.

В настоящее время свободный ОЧР геостационарной орбиты лежит в диапазонах частот от 15 до 30 ГГц, выделенных фиксированной и радиовещательной спутниковым службам. Поскольку появляется возможность успешной координации и размещения на орбите новых спутниковых систем приобрели актуальность освоение и использование диапазонов Ka (15 до 30 ГГц), в которых доступна существенно более широкая полоса частот и могут быть решены проблемы совмещения с РЭС фиксированной службы, требующими защиты от помех со стороны СССВ.

Анализ заявляемых администрациями в БР МСЭ полос частот показывает возрастание интереса многих стран к диапазонам выше 15 ГГц, где планируется развитие спутниковых систем для предоставления высокоскоростного доступа в Интернет и услуг мультимедиа корпоративным и индивидуальным клиентам.

В концепцию построения казахстанского спутника КазСат-4 заложены 2 транспондера Ka-диапазона с ориентированием лучей на Алматы и Астану. Проведенные исследования, безусловно, помогут при формировании наземного потребительского сегмента и создания операторской сети.

*Актуальность* исследования. Анализ развития мировой тенденции развития спутниковых систем связи показал, что ОЧР в традиционных C- и Ku- диапазонах практически исчерпан. В настоящее время в основном идет замена космических аппаратов, выработавших свой ресурс. МСЭ прилагает много усилий для сокращения «бумажных точек» стояния космических аппаратов на геостационарной орбите. Однако по данным публикаций в ряде авторитетных журналах, в том числе публикациях МСЭ, ситуация с выделением ОЧР в C- и Ku- диапазонах

для обеспечения развития спутниковой связи в Центрально-Азиатском регионе вряд ли улучшится. В этой связи развитие спутниковых сетей связи в новом Ka-диапазон частот является чрезвычайно актуальной задачей.

*Новизна и перспективность результатов исследований по проекту.* Впервые в Казахстане будут проведены полноценные исследования в области применения данного диапазона частот в спутниковых системах связи. В концепцию построения казахстанского спутника КазСат-4 заложены 2 транспондера Ka-диапазона с ориентированием лучей на Алматы и Астану. Проведенные исследования, безусловно, помогут при формировании наземного потребительского сегмента и создания операторской сети.

*Практическая значимость результатов исследований.* Результаты, полученные в ходе выполнения проекта, позволят выработать научно – обоснованную программу постепенного перехода Казахстана на новые технологии связи и вещания. Это позволит казахстанским операторам связи и вещания решить задачу модернизации существующих спутниковых сетей, развить материально-техническую базу отрасли связи и вещания, создать дополнительные рабочие места для производства составных частей спутниковых сетей связи, создать серию космических аппаратов связи и вещания в Ka-диапазоне.

*Экономическая эффективность.* Результаты исследований позволят перейти на новый технологический уровень спутниковой связи и вещания, что обеспечит наиболее полное удовлетворение населения в услугах связи, Интернет - доступе, приеме цифрового телевидения (минимум два мультиплекса по 20 республиканских программ), развитие электронных услуг, создание новых рабочих мест для производства оборудования и программных комплексов. Полученные результаты позволят с полной уверенностью говорить о возможности эффективного использования Ka-диапазона в спутниковой сети связи на территории Республики Казахстан. Использование Ka-диапазона на отечественном спутнике КазСат-4 позволит осуществить постепенный переход вещания с зарубежных спутников на отечественный, тем самым существенно снизится стоимость предоставляемых услуг в области телевидения и интернета.

#### **Литературы:**

1. Кантор Л.Я, Тимофеев В.В. Спутниковая связь и проблема геостационарной орбиты. – М.: Радио и связь, 1988.
2. Анпилогов В. Спутниковые системы массового обслуживания в Ka-диапазоне // Технологии и средства связи, специальный выпуск “Спутниковая связь и вещание”, 2011. - С.16-21.
3. Тестоедов Н. Планы развития российской спутниковой группировки в Ka-диапазоне частот. // Технологии и средства связи, специальный выпуск “Спутниковая связь и вещание”, 2011. - С.12-13.
4. Дорон Элинав. Достоинства и перспективы Ka-диапазона. // Спутниковая связь, специальный выпуск "Спутниковая связь и вещание"-2013, стр.36-37.

**А. Абдулаұлы, Ә.Е. Әден, Ж.Б. Суйменбаева**

#### **Қазақстан Республикасының спутниктік байланыс жүйесіндегі Ka-диапазонның қолдану мүмкіншіліктерін зерттеу**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада спутниктік байланыс жүйелерінде Ka-диапазон жиіліктерін қолдану қарастырылады. Алматы және Астанаға сәулелену бағытымен Ka-диапазонды пайдалану қарастырылған. Осы ауқымда жұмыс істейтін 2 транспондер қазақстандық KazSat-4 спутнигін жасаған кезде салынды. Ka-диапазоны соңғы бірнеше жылда Ku-диапазонында спутниктік байланыстың дамуын нашарлататын спутниктік сегменттің жоқтығын жойды. Ka-диапазонды спутнигіннің көп жолды технологиямен үйлесуі осы саланы дәстүрлі пайдалануда Ku немесе C жолақтарының бірдей сыйымдылығын пайдаланудан әлдеқайда арзанырақ қосымша ресурспен қамтамасыз етті. Бұл мысалға Ka-диапазонды пайдалану соңғы абонентке қолжетімді деректерді беру жылдамдығы айтарлықтай жоғары болған еуропалық нарық - 20 Мбит / с дейін, ал спутниктік қуаты болашақта жүздеген мың абоненттерге қызмет ету үшін жеткілікті.

**Түйін сөздер.** Кең жолақты қатынау, Ka-диапазоны, геостационарлық орбита (ГСО), спутниктік байланыс және хабар тарату жүйесі (СБХТЖ), орбитальды-жиілік ресурсы (ОЖР), халықаралық электрбайланысы одағы (ХЭО), электромагниттік үйлесімділік (ЭМУ).

**A. Abdullauly, A.E. Aden, Zh.B. Suimenbayeva**

**Research of the possibilities of the application of the ka-band in the satellite communication systems of the republic of Kazakhstan**

**Annotation.** This article discusses the use of Ka-band frequencies in satellite communication systems. The use of the Ka-band with orientation of the rays to Almaty and Astana is considered. 2 transponders operating in this range were laid when building the Kazakh satellite KazSat-4. Ka-band eliminates the problem of lack of satellite segment, which held back the development of satellite communications in the past few years in the Ku-band. The advent of the Ka-band satellite in combination with multi-path technology has provided this industry with an additional frequency resource, the use of which is much cheaper than using the same capacity of the Ku or C bands in traditional use. An example of this is the European market, where the use of the Ka-band provides a significantly higher data transfer rate available to the end subscriber - up to 20 Mbit / s, while the satellite capacity is quite enough to serve hundreds of thousands of subscribers in the future.

**Keywords.** Broadband access, Ka-band, geostationary orbit (GSO), satellite communication and broadcasting systems (TSSV), orbital-frequency resource (OFCH), international telecommunication union (ITU), electromagnetic compatibility (EMC).

ӘОЖ 622.462:628.1.033

**А.А. Абдыкадыров., Н.М. Әлібай., Б.Қ. Қозыбай., М.М. Мамадияров**  
*Казахский национальный исследовательский технический университет имени  
К. И. Сатпаева, Казахстан, г. Алматы*  
*baglankozybaev@gmail.com*

**ҚАПШАҒАЙ СУ ҚОЙМАСЫНДАҒЫ САРҚЫНДЫ СУДЫ ОЗОН  
ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ КӨМЕГІМЕН ТАЗАЛАУ**

**Аңдатпа.** Қазақстандағы өзен-көлдердің және су қоймаларының ластануына байланысты ауыз-су мәселесі өте өзекті болып отыр. Осы мақалада суды озон технологиясы көмегімен тазалау жолын қарастырдық. Зерттеу үшін Қапшағай су қоймасының суы алынды және суды озон технологиясы арқылы тазалап, оң нәтижеге ие болдық.

**Түйін сөздер:** Су қоймасы, ауыз-су, озон қондырғысы, микроорганизмдер

Адам баласының қоршаған ортада жасап жатқан белсенді әрекеттерінің салдарынан табиғат пен ондағы тіршілікпен қатар өзімізге қажетті асымыз бен ішіп жатқан суымызға да зиянымызды тигізіп жатқанымыз рас. Кез-келген тіршіліктің 60-70%-ы оның ішінде өсімдіктердің 90%-ы судан тұрады [1]. Осы тіршілікке адам баласы да кірмей ме?! Одан қала берді Жер жүзіміздің 2/3 бөлігі «тіршілік нәрінен» тұрады. Ғалымдардың зерттеуі бойынша планетамызда «таза» су тапшылығы болады екен және ол басталып та кетіпті [2]. Таза су деп отырғанымыз сутектің екі атомы мен оттегінің бір атомы байланысқан қарапайым химиялық құрам. Бірақ, бұл химиялық қоспа табиғатта таза күйінде кездеспейді. Ол жер асты қосылыстардың химиялық құрамы мен географиялық орналасуына байланысты. Сондай-ақ әуе арқылы суымызға әсер ететін факторлар бар.

Алматы облысында орналасқан Қапшағай су алабы облыстағы бірқатар аудандарды ауыз сумен, қала берді егін шаруашылығын жандандырып отыр. Бірақ, осындай маңызды су қоймасы ауыз судың барлық талаптарына сай ма?! Белгілі уақыт бойы біз Алматы қаласының ауасының ластануын айтып келеміз. Өндіріс ошақтарымен қатар қаланың шексіз көлігінен шығатын газдар әуе бағытымен небәрі 50км қашықтықтағы Қапшағайға әсер етпей қоймасы анық. Сонымен қатар, су алабына құятын Іле, Есік, Шілік, Түрген, Кіші Алматы, Қаскелең өзендерінің сапасының әсер ететіндігі тағы бар.

Облыстағы ауыз суды залалсыздандыруда кең таралған әдістердің бірі суды хлорлау әдісі. Бұл әдістің артықшылықтары қаржылай тиімділігінде болып отыр. Алайда адам денсаулығына зиянды микрофлораларға жол беріп отыр [3].

Патогендік бактерияларға қатысты жоғары тиімділікке, өңдеуден кейін осы бактериялардың қайта көбеймейтініне қарамастан қалдық хлордың  $1,5 \text{ мг/дм}^3$  мөлшерімен хлорлау вирустарға, қарапайым цисталарға және лямблийлерге қатысты қажетті эпидемиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етпейді. Хлоррезистентті микрофлора: *E.coli*, *Pseudomonadaceae*, *Klebsiellae*, *Proteae* хлорға тұрақты нысандардың тіршілік ететіні белгілі, олар сумен жабдықтау мен су бұрудың қалалық жүйелерінің тұрақты құрамдауыштары болып табылатын шартты түрде патогенді және патогенді микроорганизмдерге жатады. Хлорлауды қолдану судың бактериалды ластануын азайтады, бірақ вирустардың жұғу қауіпін сақтайды және оның теріс экологиялық салдары бар [3]. Хлорлаудың теріс қасиеті хлорорганикалық қосылыстар: тригалогенметандардың, хлорфенолдардың, п-нитрохлорбензолдардың, хлораминдердің, сондай-ақ диоксидтердің пайда болуы болып табылады, олар су айдындардың суындағы табиғи фенолды қосылыстардың суға жіберілетін хлормен өзара әрекеттесуі кезінде пайда болады. Көптеген зерттеулердің деректері бойынша хлорорганикалық қосылыстар адамға жоғары уыттылығымен, мутагендігімен, канцерогенділігімен әсер етеді. Олар су түбіндегі шөгінділерде, суда тіршілік ететіндердің жасушаларында жинала алады және ақырында адамның организміне түседі. Олар биологиялық ыдырауға өте төзімді болып келеді және шығару (түсіру) орнынан бастап өзенді ағыс ыңғайымен елеулі қашықтықтарға ластайды.



Осы аталған су құрамы бойынша қойылып отырылған талаптарды ескере отыра біз Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-нің оқу үрдісі жүргізілетін полигонды сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуді қолға алдық. Суды толықтай биологиялық ластағыштардан залалсыздандырдық (зерттеу жұмыстары ғылыми мақалаларда қарастырылған) [4]. Ал химиялық құрамы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін тәжі разряд арқылы жұмыс істейтін инновациялық технологияға негізделген озонатор қондырғысы жасалды (1-сурет).



1- сурет. Қондырғының жалпы бейнесі  
Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ Электротехника кафедрасында  
орнатылған

Менделеев таблицасындағы элементтердің 80%-ынан астамы металдар болып табылады. Табиғатта металдар әртүрлі қосылыстарда кездеседі. Сонымен қатар біздің қолданып жүрген суымыздың құрамында да металдар кездеседі. Оларды мысалға келтіретін болсақ, темір( $\text{Fe}^{2+}$  және  $\text{Fe}^{3+}$ ), мыс(Cu), мырыш(Zn), хром(Cr), алюминий(Al), кадми(Cd), қорғасын(Pb), марганец(Mn), кобальт(Co) және т.б металдар. Бұл элементтер су құрамында берілген шектен асып кететін болса, адамды түрлі ауруға шалдықтырады. Осындай су құрамында кездесетін металдардың концентрациясын озон арқылы тотықтырып азайта аламыз [5].







Темір(Fe). Тәжирбелік зерттеу жұмыстары кезінде судағы  $pH$  - тың көрсеткіші 8,3 болғанда, әлсіз негіздік ортада  $1\text{м}^3$  суға жіберген озонның мөлшері 120мг кезінде су құрамында темірдің мөлшері 0,45 мг/л – ден 0,10 мг/л-ге азайып тотығады.



Осылай темірдің тұнбалануынан судағы темірдің мөлшері 0,45 мг/л – ден 0,1мг/л-ге төмендеген.

Мыс(Cu), мырыш(Zn), хром(Cr), алюмин(Al), кадми(Cd), қорғасын(Pb) сияқты су құрамында кездескен металдар  $pH$  - тың көрсеткіші 8,3 болғанда әлсіз негіздік ортада  $OH^-$  ионы мен бірігіп гидроксид тұнбаларды түзеді.

Бұл металдардың ішінде хром алты валентті хромға дейін тотығуы мүмкін, бірақ бұл үрдіс күрделі ерекше жағдайды талап етеді. Ал қорғасын озонмен  $PbO_2$  - ге  $10^5$ - $10^6$  л/моль.сек жылдамдықпен әрекеттеседі.



Бұл химиялық реакциялардан озонның өте күшті тотықтырғыш екенін байқап отырмыз. Себебі 1-кестеде көріп тұрғандай жалпы темірдің мөлшері озондалғанға дейін 0,8мг/л болса, озондалғаннан кейін оны 0,03 мг/л-ге төмендете алды. Сол сияқты басқа элементтердің концентрациясын төмендетті [6].


1-кесте



Көрсеткіштер	Нормативтер артық емес (ШРК)	Бастапқы судың құрамы	Озонның мөлшері 300мг	Озонның мөлшері 400мг	Озонның мөлшері 500мг	Озонның мөлшері 600мг
<i>Тұнықтығы, мг/дм<sup>3</sup></i>	<i>2,0</i>	<i>4,58</i>	<i>3,49</i>	<i>2,35</i>	<i>2,30</i>	<i>1,81</i>
Түсі, градус	20,0	5	5	4	3	2
Сутектік көрсеткіші, рН	6,0-9,0	8,22	8,23	8,25	8,22	8,10
Аммоний тұзы, мг/дм <sup>3</sup>	2,0(по N)	2,9	0,81	0,85	0,96	1,19
<i>Мыс, мг/дм<sup>3</sup></i>	<i>1,0</i>	<i>1,3</i>	<i>0,05</i>	<i>0,04</i>	<i>0,04</i>	<i>0,04</i>
Нитраттар, мг/дм <sup>3</sup>	45,0	4,2	3,0	3,0	3,2	3,6
Нитриттер, мг/дм <sup>3</sup>	3,0	0,02	0,02	0,01	0,01	0,01
Жалпы кермектік, моль/м <sup>3</sup>	7,0	0,13	3,7	3,7	3,6	3,6
<i>Жалпы темір, мг/дм<sup>3</sup></i>	<i>0,3</i>	<i>0,8</i>	<i>0,03</i>	<i>0,03</i>	<i>0,03</i>	<i>0,03</i>
Сульфаттар, мг/дм <sup>3</sup>	500,0	48,3	46,4	44,4	40,2	38,7
Құрғақ қалдық, мг/дм <sup>3</sup>	1000,0	313,6	311,4	309,8	305,1	300,3
Фтор, мг/дм <sup>3</sup>	1,2	0,30	0,3	0,3	0,27	0,25

Қондырғының жалпы сұлбасы 2-суретте көрсетілген. Жалпы қондырғының жұмыс істеу қағидасы мынадай: SF автоматты батырмасын іске қосқаннан кейін қондырғының басқару бөлігінің оң жағындағы кернеу реттегішті(ЗАТР) ақырындап номиналды режим 120В шамасына қойып, сол жағындағы SF1 батырманы басып компрессорды(3) іске қосамыз. Осы кезде компрессор арқылы атмосфералық ауа озонаторға(1) жіберіледі де, озонатордың шығысында түзілетін озон барбатер(15) арқылы ластанған ауыз суға келеді(8). Басқару бөліміндегі SF2 – батырмасын басып бірінші сорғыны(5) іске қосамыз осы кезде бірінші резервуардағы(7) ластанған су екінші резервуарға(8) қарай бағытталады. Екінші резервуарда ластанған су мен озон араласып залалсыздандыру үрдісі басталады.

Белгілі бір уақыттан соң залалсыздандырылған су өздігінен үшінші резервуарға(9) қарай диаметрі 20мм түтік арқылы ағады. Үшінші резервуардағы(9) судың сапалық деңгейі арнайы зертханалардан тексеріледі. Егерде ауыз судың сапалық деңгейі 2874-82 мемлекеттік стандартқа сәйкес келмей жатса, онда басқару бөлігіндегі SF2 – батырмасын басып екінші сорғыны(6) іске қосып шала залалсыздандырылған суды түтік(10) арқылы бірінші резервуарға қайтарылады да, шала залалсыздандырылған суды автоматты түрде кері байланысқа келтіріледі, яғни залалсыздандыру үрдісінің уақытын ұзартуға болады. Бірінші сорғы арқылы су бірінші сүзгіден(12) ал екінші сорғы арқылы су екінші сүзгіден өтіп су бетіндегі кейбір ірі қалдықтар мен қалқыма заттар сүзіліп алдын ала механикалық тазарту жүргізіліп отырылады.



1 - озонатор, 2 – жоғарғы кернеулі генератор, 3 - компрессор, 4 - қондырғыны басқару бөлігі, 5,6 - су соратын сорғы, 7,8,9 - су жиналатын резервуар, 10,14 - су жүретін түтік, 11 - ауа қоспалы озон жүретін түтік, 12,13 - сүзгілер(фильтр), 15 – барьбатер

2-сурет - Қондырғының функционалды сұлбасы

### Қорытынды

Қорытындылай келетін болсақ, озон технологиясы арқылы қоймадағы суды тазарту жұмыстары кезінде оң нәтижеге қол жеткіздік. Озон арқылы суды тазарту тиімді екеніне көз жеткіздік. Су құрамында кездесетін микробиологиялық көрсеткіштер, оның ішінде, термотолерантты колиформды бактериялар, жалпы колиформды бактериялар мен жалпы су құрамында кездесетін микробтардың толығымен жойылып кетті. Қоймадағы су құрамында кездескен ШРК-ға сай келмейтін ауыр әрі уытты металдарды озон арқылы тотықтыру жұмыстары қарастырылып озонның күшті тотықтырғыш екені анықталды. Су құрамында кездесетін токсикологиялық көрсеткіштер, яғни бейорганикалық қосылыстар нитраттар, нитриттер, фтор және т.б улылық көрсеткіші жоғары бейорганикалық қосылыстардың азайғаны байқалды.

### Әдебиеттер:

1. <https://libtime.ru/agro/voda-v-zhizni-rastenij.html>
2. [https://tri-kolodtsa.ru/skolko\\_hvatit\\_vody\\_na\\_zemle.html](https://tri-kolodtsa.ru/skolko_hvatit_vody_na_zemle.html)
3. <http://kk.convdocs.org/docs/index-12983.html?page=3>
4. Қожаспаев Н.Қ., Абдықадыров А.А., Дағарбек Р. Табиғи су қоймаларында кездесетін микробиологиялық бактерияларды озон арқылы залалсыздандыру үрдісі. “Тіршілік қауіпсіздігі саласындағы жаңалықтар” атты он бірінші халықаралық ғылыми – техникалық конференция еңбектері. Алматы 2009. 129б.
5. Абдықадыров А.А. Қапшағай су қоймасындағы табиғи суды озон технологиясы арқылы залалсыздандыру тақырыбына жазылған диссертациялық жұмыс. Алматы 2010ж.
6. ҚР ҰЭМТҚКҚ “СЭС және МФПО” РМҚК Санитарлық-гигиеналық зертхана. Жер үсті суы нысандарының және ағынды су үлгілерін зерттеудің хаттамасы №1890/44 05.11.2014ж.

А.А. Абдықадыров., Б.К. Козыбай., Н.М. Алибай., М.М. Мамадияров

### Очистка воды Капчагайского водохранилища с помощью озонной технологии

В связи с загрязнением рек-озер и водохранилищ в Казахстане проблема питьевой воды остается актуальной. В этой статье мы рассмотрели пути очистки воды с помощью озонных технологий. Для исследования была взята вода Капчагайского водохранилища и мы получили положительные результаты по очистке воды по озонной технологии.

**Ключевые слова:** водохранилище, питьевая вода, озонная установка, микроорганизмы.

**A.A. Abdykadyrov, B.Kkozibay, N.Malibay., M.M Mamadiyrov**  
**Water purification of Kapchagay reservoir using ozone technology**

Due to the pollution of rivers, lakes and reservoirs in Kazakhstan, the problem of drinking water remains relevant. In this article we have considered the ways of water purification with the help of ozone technologies. For the study was taken water Kapchagay reservoir and we have received positive results on water purification by ozone technology.

**Key words:** reservoir, drinking water, ozone installation, microorganisms

ӘОЖ 622.462:628.1.03

**А.А. Абдыкадыров., Б.К. Кудайбергенов., Б.С. Ешанов., М.М. Мамадияров.**  
*Казахский национальный исследовательский технический университет имени*  
*К. И. Сатпаева, Казахстан, г. Алматы*  
*bauyrzhankairatuly1999@mail.ru*

**ВЯЧЕСЛАВ САРҚЫНДЫСУ ҚОЙМАСЫНДАҒЫ БИОЛОГИЯЛЫҚ**  
**ИЯНДЫЗАТТАРДЫ ОЗОН ТЕХНОЛОГИЯСЫМЕН ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУДЫҢ**  
**ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Аңдатпа. Қазақстанда көптеген су қоймаларының ластануы ауыз су тапшылығына әкеп соқтырды. Осы мақалада су қоймасындағы биологиялық зиянды заттарды озон технологиясымен тазалауды қарастырдық. Зерттеу үшін Вячеслав су қоймасының суы алынды және судың биологиялық зиянды заттарын озон технологиясы арқылы тазалап, оң нәтижеге ие болдық.*

*Түйін сөздер: Озон қондырғысы, су қоймасы, ауыз су, микроорганизмдер*

Қазіргі таңда дүние жүзіндегі негізгі мәселенің бірі ауыз су мәселесі екені белгілі және бұл аса бір айтарлықтай дәрежеге жетті. Себебі, көптеген су қоймаларының ластануы ауыз су тапшылығына әкеп соқтырды. Соның бірі – Вячеслав сарқынды су қоймасы. Елорда төріндегі жұртты сумен қамтамасыз ететін негізі объекте осы су қоймасы болмақ. Біздің мақсатымыз – озонатор құрылғысымен осы бөген суларын артық биологиялық зиянды заттардан тазартып, ауыз суға айналдыру.

Вячеслав бөгені 1968 жылы Есіл өзенінің жоғарғы ағысында, Ақмола облысының Аршалы ауданында негізі қаланған. Аумағы 61км<sup>2</sup> алатын бөгенэнергия мен ирригацияға, су армалы жайылымдар және өнеркәсіптіктерде кеңінен қолданылады. Су қоймасының жанынд ағы қоныстар: Михайловка, Арнасай, Ижевск. Солтүстік жағасы тік жарлы, су кемері түпкі жыныстарға тіреледі, оңтүстік жағасы жазық, саз балшықты. Қарашада қатып, сәуірдің ортасында мұзы ериді. Бөген Есіл, Мойылдыөзендері суымен, қар және жауын шашын суымен толығады. Деңгейінің жылдық ауытқуы – 4 м. Суы тұщы, минералдылығы – 0,22-1,02 г/л аралығында өзгереді [1].

Астанада жапондық гранттың шеңберінде суды тазарту және тазарту үшін соңғы реагенттерді қолдану арқылы тәулігіне 100 мың текше метр су тазарту үшін жаңа қондырғы салынды. Судың күнделікті су сапасы сүзгі станциясында және 60 пункт елорданың түрлі бөліктерінде орналасқан [2].

Судың тірі ағза екені барлығына мәлім. Әр түрлі ауруларға оңай жауап береді. Әр түрлі табиғи құбылыстар кезінде тыныс алады және оның сапасын өзгерте алады. Дүниежүзілік су қорларының ластануы бүкіл адамзат қауымын алаңдатып отыр. Бұл мәселе Қазақстанға да тән. Судың ластануы көп түрлі әрі ең соңында су экожүйесін бүлдірумен аяқталады. Сондықтан да Вячеслав сарқырамасындағы су құрамының негізгі бөлігі Есіл өзеніне тәуелді. Себебі, Нураға қарағанда біраз бөлігі Есілге тиісті. Су ресурстарының ластануы деп суқоймаларға сұйық, қатты және газ тәрізді заттардың түсуінен судың физикалық, химиялық және биологиялық қасиеттерінің өзгеруін айтады. Бөген суының биологиялық немесе бактер

иялық ластануы су құрамында алуан түрлі патогенді микроорганизмдердің, саңырауқұлақтардың және ұсақ балдырлардың болуын кеңінен қарастырып өтуді жөн санадық.

Вячеслав су қоймасының негізгі ластануына себепші бірнеше жағдайды қарастырсақ, біріншіден жаңбыр сулары болса, екіншіден судың ластануына бірден бір себепші ол балдырлар, ал үшіншіден патогенді микроорганизмдер мен саңырауқұлақтардың залалы:

Астана қаласының жауын шашын мөлшері орташа деңгейде болуы бөгеннің ластануына өз әсерін тигізе алады, мысалы жаңбыр құрамында көптеген қышқылдардың болуы:  $\text{HNO}_2$  (азот қышқылы),  $\text{H}_2\text{S}$  (күкіртті сутек),  $\text{HNO}_3$  (азот),  $\text{H}_2\text{CO}_3$  (көмір),  $\text{H}_2\text{SO}_4$  (күкірт қышқылы),  $\text{HCl}$  (тұз қышқылы),  $\text{H}_2\text{SO}_3$  (көп дәрежелі күкірт қышқылы). Бұл қышқылдардың су құрамын өзгертуі айғақ.

Балдырлар төменгі сатыдағы су өсімдікері болғандықтан теңіз, көл, өзендерде ағынсыз да өседі. Балдырдың жасушалық құрылымы болмайды, бір жасушалы, колониялы және көп жасушалы түрлері бар. Жасуша қабығыгемицеллюлозадан және пектинді заттардан тұрады. Ал Вячеслав бөгенінің біраз балдырлары жасыл балдырларға жатады. Олар негізінен тұщы суларды мекендейтіндейді. Жасыл балдырлар (әсіресе хлорелла) судың ластану деңгейінің көрсеткіші ретінде пайдаланылады.


Айтакететін жайтең қарапайым жасушалық ағзаларға прокариоттар жатады. Ал оларға алуан түрлі бактериялар мен көк-жасыл балдырлар кіреді.

Еңкіші бактериялардың диаметрі шамамен 0,1 мкм (100 нм), яғни, олар еңірі вирустардан кішірек, алайда үлкен пішіндегі бактериялар 6 мкм көлденең диаметрі 60 мкм дейін жетеді. Бактериялар сфералық, пішінді немесе спираль тәрізді болуы мүмкін. Бактериялар мен көгілдір жасыл балдырлар, көбінесе, хромосоманың қайталануынан (екіесе) кейін пайда болатын қарапайым жасушалық бөлу арқылы көбейтіледі. Көк-жасыл балдырларды басқаша цианобактериялар деп те атайды.

Көп түрлі патогенді микроорганизмдер мен саңырауқұлақтардан бөлініп шығатын бактериялар немесе вирустар өзен суына өз залалын тигізуі мүмкін. Айта өтсек әрине су құрамындағы Норволк вирусы, Ротавирус, домалақ кішкене вирустар. Бұлардың өмірге қауіптілігі өте жоғары.

Біздің ендігі жұмысымыз су қоймасындағы зиянды заттарды озонатор құрылғысымен тазарту. Озон - химиялық формуласы  $\text{O}_3$  болып келетін оттегінің аллотропиялық түр өзгерісі. Түсі қою көк, өткір иісті газ, ал сұйық озон күлгін көк; балқу  $t = -192,7^\circ\text{C}$ , қайнау  $t = 112^\circ\text{C}$ . Суда ерігіштігі 0,394 г/л ( $0^\circ\text{C}$ -та). Озонды 1785 жылы голландия физигі М. ван Марумашқан. Озон тұрақсыз, өздігінен жылу бөліп, оттекке айналады. Күшті тотықтырғыш, алтын

мен платинадан басқа барлық металдарды тотықтырып, кейбір органикалық және бейорганикалық қосылыстарға әсер етіп, озонидтер түзеді. Озонды иод-крахмал қағазының түсінің өзгеруі бойынша анықтайды [3]:



Мұндағы:  $\text{O}_3$  – озон газы,  $\text{H}_2\text{O}$  – су,  $\text{KI}$  – калий иоды.

“Кәдімгі оттегі  $\text{O}_2$   $\text{KI}$ -мен реакцияға түспейді. Табиғатта озон найзағай жарқылдаған кезде және кейбір органикалық заттар тотыққанда түзіледі (Озоносфера қабаты). Таза озон – күшті тотықтырғыш, микроорганизмдерді өлтіреді, сол себепті суды, ауаны дезинфекциялау да, күшті тотықтырғыш болғандықтан қағаз ағартуда, т.б. қолданылады. Озондау тек қана ауаны экологиялық тазарту әдісі ғана емес, сонымен қатар ол сүзгі және т.б. қондырғыларға қаржы үнемдеу болып табылады.

Соңғы жылдарда озонның қышқылдандырылған түрін қолдануда жаңа мүмкіндіктер ашылды. Озондалған су химиялық, фармацевтикалық және текстильдік салаларында кеңінен қолданылады. Озон ауыл шаруашылығында да қолданылады яғни қораларды дезинфекциялау да қолданылады. Озон бұл айтылған қасиеттерден басқа тұқымдарды өндіру эффектісі

қасиеттері де бар екендігін Г.А.Русских анықтаған. Озон қатты қышқылдандырғыш қасиетке ие және сонымен қатар адамға және қоршаған ортаға ешқандай кері әсері жоқ. Озонның молекуласының өмір сүру уақыты ортаның температурасына байланысты, температураның көтерілуі нәтижесінде озон кәдімгі жайауаға айналып қалады. Ауада озон молекуласы бірнеше минутқа дейін, ал сұйықтықта 1 сағатқа дейін сақталады.

Озонды алу үшін арнайы озонды генераторлар қолданылған. Г.А.Русских пен Н.М.Токмаков тәжірибе жүргізгенде озон мен суды араластыру үшін рециркуляциялық насос қолданған.

Өндірістік озонатор қазіргі уақытта таза жәнсапалы су алу үшін халық шаруашылығының көптеген облыстарында өтетанымал құрал болып табылады. Су тазалайтын озонатор құрылғыларының негізгі міндетті – су құрамындағы бірнеше зиянды микроорганизмдер мен микробтарды жәнә түрлі су құрамын өзгертетін вирустарды озон көмегімен жою. Озон газын тотықтырғыш ретінде пайдаланылып, ақаба суын мұнай өнімдерінен, фенолдан, күкіртті сутектен, цианидтерден секілді қоспалардан тазалайды. Күшті тотықтырғыш болғандықтан озонның сулы ерітінділердегі органикалық зат тектерді т.б. қоспаларды ыдырататын қабілеті өте жоғары. Сонымен бірге суды озондағанда оның жағымсыз иісі, дәмі, бояуы жойылып, залалсызданады. Хлорлау әдісімен салыстырғанда Озондау әдісінің артықшылығы көп. Біріншіден, озонды тікелей су тазалайтын жерде озонаторларды орнатып, ауадағы оттектен электр тоғымен ажырату үдерісін пайдалану арқылы алуға болады. Екіншіден, хлорлау бір қатар жағдайларда ауыз суда зиянды зат тектердің, соның ішінде мутагендер мен канцерогендердің (мысалы диоксиннің) түзілуіне апарып соғуы мүмкін, сондықтан оның орнына Озондау әдісін қолданғаны қолайлы. Озондау залалсыздандырудың жоғары деңгейі кезінде тазартылған суда уытты жәнә канцерогенді өнімдердің жоқ болуы кезінде оны ең жақсы органолептикалық көрсеткіштермен қамтамасыз етеді. Озондау судың түссізденуіне, оның құрамындағы темір мен марганецтің тотығуына, дәмді, иісті жоюға қолжеткізуге мүмкіндік береді.

Озонның бактерицидтік әсерінің механизмі микроағза жасушаларының ішіне кіру жәнә өмірлік маңызы бар биологиялық белсенді қосылыстарды (ақуыздар, ферменттер, ДНК, РНК) тотықтыру болып табылады. Су көзінің аса бактериялық ластануы кезінде немесе онда дәстүрлі хлорлаудың әсерлеріне төзімді патогенді микроағзалардың, энтеровирустардың жәнә лямблия цисталарының бар болуы кезінде озон ерекше тиімді болады. Озонатордың тағы бір айырмашылығы суға химиялық реагенттер қосылмайды, озонның қалпына келтіру өнімі оттегі болып табылады. Озонатордың жұмысына тоқтала өтсек ол озон арқылы микроағзалардың жасушалық қабырғаларының құрылымында бұзылыстарға, сол арқылы олардың өліміне алып келеді [4].

Озонның бактерицидтік әсері оның өңделетін судағы белгілі бір шекті массасы жинақталғаннан кейін басталады (0,4-0,5 мг/л). Озондаудың нәтижесі суды практикалық тұрғыдан толық залалсыздандыру болып табылады. Озон көптеген белгілі бактерияларға қарсы эффективті әсер етеді. (Озон бактериялардың жасушалық мембраналары арқылы өтіп кетіп, оларды өмірлік маңызды орталықтарын тапқандайды). Бұл озон газының биологияда қолдануына жатады.

Сонымен қорытынды ой түйсек озонның түрлі заттармен қуатты әрекеттесуін пайдаланып, сасық иісті қалдықтарды зарарсыздандырып, сыртқы ортаны ластамайтын заттарға айналдырады. Оны қолдану арқылы ауыз суы мен ағын судағы, бөлме ауасындағы бактерияларды жоятынын жоғарыда қарастырып өттік. Әлем бойынша үлкен проблемалардың біріне айналып отырған жағдайға озонатор құрылғысының әсері ерекше.

#### Әдебиеттер:

- [1] – [https://ru.wikipedia.org/wiki/Вячеславское\\_водохранилище](https://ru.wikipedia.org/wiki/Вячеславское_водохранилище)
- [2] – <https://www.kazpravda.kz/news/obshchestvo/voda-stolitsi/?print=yes>
- [3] – <https://kk.wikipedia.org/wiki/Озон>

[4] – <http://www.mtca.kz>

**А.А. Абдыкадыров, Б.К.Кудайбергенов, Б.С.Ещанов, М.М.Мамадияров.**

**Особенности дезинфекции биологически вредных веществ технологиями озона в водохранилище Вячеслав**

**Аннотация.** В Казахстане загрязнение многих водохранилищ приводит к разным заболеваниям. В этой статье мы рассмотрели очистку водохранилищ технологиями озона. Для исследования было принято отобрать воду из водохранилища Вячеслав и биологически вредных веществ в пробе мы очистили с помощью технологии озона и пришли к положительным результатам.

**Ключевые слова:** озонная установка, водохранилище, питьевая вода, микроорганизмы.

**A.A.Abdykadyrov, B.K.Kudaibergenov, B.S.Yeshanov, M.M. Mamadiyarov**

**Features of disinfection of biologically harmful substances ozone technologies in the reservoir Vyacheslav**

**Annotation.** In Kazakhstan, pollution of many reservoirs leads to various diseases. In this article we have considered the cleaning of reservoirs with ozone technologies. For the study, it was decided to select water from the reservoir Vyacheslav and biologically harmful substances in the sample, we purified using ozone technology and came to positive results.

**Keywords:** Ozone unit, reservoir, drinking water, microorganisms.

ОӘЖ 681.5:523.3:541.13 (043).

**А.А. Абдыкадыров., А.М Сафарова., М.М. Мамадияров.**

*Ғылыми жетекші - Абдыкадыров А.А. т.ғ.к., асс.профессор.*

*Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті*

*Қазақстан, Алматы қ.*

*askar058@mail.ru*


**ОЗОНАТОР ҚОНДЫРҒЫСЫНДАҒЫ ТӘЖІЛЕНУШІ ЭЛЕКТРОДТАРДЫ  
ТӘЖІРИБЕ ЖҮРГІЗУ АРҚЫЛЫ ЗЕРТТЕП ТАЛДАУ**

**Аңдатпа.** Бұл ғылыми зерттеу жұмысында озонатор қондырғысындағы тәжіленуші электродтарға арнайы тәжірибелік зерттеу жұмыстары жүргізілді. Тәжіленуші электродтардың ішінде ең жақсы тоқты өткізетін мыс пен вольфрам екені анықталды. Сонымен қатар олардың озонаторға тәжіленуші теріс полюсті электрод ретінде көлденең қимасы  $d=0.1$  мм-ге тең нихром қолданған жөн екені тәжірибе барысында анықталды.

**Түйін сөздер:** тәжі разряд, озонатор, мыс, вольфрам, темір, нихром.

Электрлі тәжі разрядқа негізделген озонатор тұрығында (корпус) бекітілген оң полюсті тат баспайтын түтікше электрод пен көлденең қимасының ауданы өте кіші ( $d = 0.1 \div 0.9$  мм) тәжіленуші теріс полюсті электродқа жоғары кернеу берген кезде олардың арасында, яғни вакуумде электр тоғы пайда болады. Термоэлектрондық эмиссия құбылысындағыдай қызған тәжіленуші теріс полюсті электродтың тұрықта бекітілген оң полюсті тат баспайтын түтік тәрізді электродтан айырмашылығы үздіксіз электрондар шығарып отырады. Осы кезде электродтың айналасында электрондық бұлт пайда болады. Озонатор ішіндегі температура артқан сайын электрондық бұлттын тығыздығы да артады. Бұл тәжірибеде қолданылған озонатордың бейнесі мен геометриялық өлшемі төмендегі суретте келтірілген (1.1-сурет).

Тәжірибелік жұмысты жүргізу барысында оң полюсті тат баспайтын түтік тәрізді электродтың көлденең қимасын тұрақты етіп алып ( $D_2=40$  мм), тәжіленуші теріс полюсті электродтың өлшемі ( $d = 0.1 \div 0.9$  мм) мен материалын (мыс, вольфрам, темір, нихром) өзгерте отырып озонатордың вольт-амперлік сипаттамасы зерттелді. Зерттеу жұмысы кезінде оң полюсті электрод пен теріс полюсті электрод арасындағы вакуумнің  $R_{\text{вакуум}} = 4 \times 10^6 \frac{\text{ОМ}}{\text{СМ}}$  меншікті кедергісі анықталды.




1.1 сурет - электрлік тәжі разрядқа негізделген озонатордың бейнесі

1.1 кесте - тәжіленуші электродтардың материалы мен көлденең қимасы бойынша вольт-амперлік сипаттама


Тәжіленуші электродтың көлденең қимасы, мм	Көлденең қимасы әр-түрлі тәжіленуші электродтардағы тоқ пен кернеудің өзгерісі									
	U, кВ	0.9	1.81	2.72	3.63	4.54	5.45	6.36	7.27	7.72
d = 0,1 (нихром)	I, мкА	0	0	25	100	200	320	480	500	650
	Озон, мг/сағ	0	0	5	20	40	64	96	100	130
	U, кВ	0.9	1.81	2.72	3.63	4.54	5.45	6.36	7.27	7.72
d = 0,3 (нихром)	I, мкА	0	0	0	20	100	200	340	440	500
	Озон, мг/сағ	0	0	0	4	20	40	68	88	100
	U, кВ	0.9	1.81	2.72	3.63	4.54	5.45	6.36	7.27	7.72
d = 0,6 (нихром)	I, мкА	0	0	0	0	20	110	220	390	480
	Озон, мг/сағ	0	0	0	0	4	22	44	78	96
	U, кВ	0.9	1.81	2.72	3.63	4.54	5.45	6.36	7.27	7.72
d = 0,9 (нихром)	I, мкА	0	0	0	0	10	50	140	290	340
	Озон, мг/сағ	0	0	0	0	2	10	28	58	68
	U, кВ	0.9	1.81	2.72	3.63	4.54	5.45	6.36	7.27	7.72

Тәжіленуші электродтың көлденең қимасы, мм	Электродтардың меншікті кедергісі ( $\frac{\text{Ом} \cdot \text{мм}^2}{\text{м}}$ ),	Көлденең қимасы өзара тең, бірақ тәжіленуші электродтардың материалы әр түрлі өткізгіштердің вольт-амперлік сипаттамасы (ВАС)			
		U, кВ	I, мкА	U, кВ	I, мкА
d = 0.3 (мыс)	0,017	4.54	150	5.45	290
		6.36	540	7.27	665
d = 0.3 (вольфрам)	0,055	4.54	145	5.45	256
		6.36	457	7.27	580
d = 0.3 (темір)	0,1	4.54	107	5.45	220
		6.36	400	7.27	520
d = 0.3 (нихром)	1,1	4.54	100	5.45	200
		6.36	340	7.27	440




а) S=0,3 мм<sup>2</sup> –ге тең әр түрлі тәжіленуші электродтардың вольт-амперлік сипаттамасы

Төмендегі суретте нихромнан жасалған тәжіленуші электродтың көлденең қимасы (мм<sup>2</sup>) әр түрлі болған кездегі вольт амперлік сипаттамасы көрсетілген.




б) S=0,1мм<sup>2</sup>(Нихром) кездегі вольт – амперлік сипаттамасы






в)  $S=0,3 \text{ мм}^2$  кездегі вольт – амперлік сипаттамасы



г)  $S=0,6 \text{ мм}^2$  кездегі вольт – амперлік сипаттамасы



д)  $S=0,9 \text{ мм}^2$  кездегі вольт – амперлік сипаттамасы

1.2 сурет - озонатордағы тәжіленуші электродтардың көлденең қимасы әр-түрлі болған кездегі вольт-амперлік сипаттамалары

Тәжіленуші электродтардың ішінде ең жақсы тоқты өткізетін мыс пен вольфрам екені анықталды (1.2-сурет және 1.1-кесте). Себебі бұл электродтардың өзінің меншікті кедергісі темірдікі мен нихромдікіне қарағанда өте аз. Мыс пен вольфрам тоқты жақсы өткізгенімен олардың негізгі кемшілігі беріктігі жағынан темір мен нихромға қарағанда өте нашар. Тораптан келіп тұрған кернеудің шамасы кей уақытта ұлғайып кетсе немесе тәжіленуші электродтар арасында электр доғасы болған жағдайда үзіліп озонатор істен шығуы мүмкін. Сол себептен озонаторға тәжіленуші теріс полюсті электрод ретінде көлденең қимасы  $d=0.1$  мм-ге тең нихром қолданған жөн екені тәжірибе барысында анықталды.

#### **Әдебиеттер:**

1. Ашмарин Г.В., Лелёвкин В.М., Токарев А.В. Влияние индуктивности разрядной цепи на характеристики линейного коронного факельного разряда / Матер. первой республ. научн. конф. студентов физиков и молодых ученых. – Каракол, 2002. – С. 49.
2. Каретникова Е.И., Рыкина Т.А., Ермаков А.И. Трансформаторы питания и дроссели фильтров для радиоэлектронной аппаратуры. – М.: Советское радио, 1973г.
3. Справочник по электротехническим матери-алам. – Т. 3. – Л.: Энергия, 1976. – С. 35–40.
4. Ш.А.Бахтаев., А.А.Боканова., Г.В.Бочкарева., Г.К.Сыдыкова. Физика и техника коронноразрядных приборов. 190 б. Алматы 2007.

**А.А. Абдыкадыров, А.М Сафарова., М.М. Мамадияров.**

#### **Исследование и анализирование коронных электродов на озонаторе с помощью проведения опыта.**

**Резюме.** В этой научно-исследовательской работе проводились экспериментальные исследования опытных электродов на озонаторной установке. Среди опытных электродов установлено, что лучшим током является медь и вольфрам. Кроме того, в ходе эксперимента установлено, что их в качестве обсадного отрицательного полюсного электрода на озонатор следует применять нихром, поперечное сечение которого  $d=0.1$  мм.

**Ключевые слова:** Коронный разряд, озонатор, медь, вольфрам, железо, нихром.

**A.A Abdikadyrov, A.M Safarova, M.M Mamadiyarov.**

#### **Research and analysis of corona electrodes on the ozonator installation with the help of the experiment.**

**Abstract.** In this research work experimental researches of experimental electrodes on the ozonator installation were carried out. Among the test electrodes found that the best current is copper and tungsten. In addition, in the course of the experiment, it was found that nichrome, whose cross section  $d = 0.1$  mm, should be used as a casing negative pole electrode on the ozonizer.

**Keywords.** Soon a new discharge, ozonizer, copper, tungsten, iron, nichrome.

ОӘҚ 577.352.42:612.014.464.

**А.А. Абдыкадыров., А.М. Сафарова., М.М. Мамадияров.**

*Ғылыми жетекші - Абдыкадыров А.А. т.ғ.к., асс.профессор.*

*Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті –*

*Satbayev University – Қазақстан, Алматық,*

*askar058@mail.ru*

## **ОЗОННЫҢ СУДАҒЫ ЕРІГІШТІГІ МЕН ӨЗІНДІК ТАРАЛУЫ**

**Аңдатпа.** Бұл ғылыми жұмыста озонның судағы ерігіштігі мен өзіндік таралуының негіз заңдылықтары қарыстырылды. Сонымен қатар ғылыми зерттеу жұмысында әлемдік ғылыми мақалалармен әртүрлі әдебиеттерге шолу жұмыстары жүргізіліп, озонның негізгі қасиеттері айқындалды.

**Түйін сөздер:** озон, озондалған су, концентрация, температура, озонның суда еруі, химиялық заттар.

Озонды суда еріткен кезде оның концентрациясы біртіндеп артып, берілген шартқа қажетті шекті мәнге жетеді. Озонның суда ерігіштігі әр түрлі шарттарға байланысты яғни

судың көлеміне ( $v_{O_3}/v_c$ ), судың температурасына ( $T, ^\circ C$ ) және  $pH$  - тың мәніне байланысты. Судағы еріген озонның (мг/л) концентрациясының көлемін Бунзен коэффициенті бойынша анықтайды. Сонымен бірге озонның судағы еру үрдісін еріген озон мен ерітіндідегі газ тәрізді озонның қысымына пропорционал болатынын Генри заңдылығымен түсіндіруге болады. Бұл заңдылық келесі түрде жазылады [1,2]:

$$C = \beta \cdot M \cdot P_{\gamma, z} / l \quad (1)$$

Мұндағы:  $C$  – озонның судағы ерігіштігі, г/л;  $\beta$  – Бунзен коэффициенті,  $M$  – озонның тығыздығы 2,14 г/л,  $P_{\gamma}$  – еріп жатқан газ ортасындағы озонның парциалды қысымы.

Озонның суда ерігіштік қасиеті атмосферадағы оттегі мен азотқа қарағанда өте жоғары. Оның судағы ерігіштік қасиеті су температурасының төмендеуіне байланысты жоғарылайды. Мұндай зерттеу жұмыстары көптеген шетел ғалымдары M.L.Horvath, B.L.Hutter, W.J. Masschelein және Б.Ф.Коганның тәжірибелік зерттеу жұмыстарында қарастырылған (1-кесте) [3,4,5].

1 кесте - озонның судағы ерігіштік қасиеті

T, °C	3 -ші тексерулер бойынша		4 -ші тексерулер бойынша		5 -ші тексерулер бойынша	
	$\beta$ (л O <sub>3</sub> / л H <sub>2</sub> O)	Ерігіштігі, г/л	$\beta$ (л O <sub>3</sub> / л H <sub>2</sub> O)	Ерігіштігі, г/л	$\beta$ (л O <sub>3</sub> / л H <sub>2</sub> O)	Ерігіштігі, г/л
0	-	1,13	0,51	1,09	0,64	1,37
5	-	-	-	-	0,50	1,07
10	0,41	0,87	0,38	0,78	0,39	0,83
15	-	-	-	-	0,31	0,66
20	0,32	0,69	0,29	0,57	0,24	0,51
25	-	-	-	-	0,19	0,41
30	0,26	0,56	0,21	0,40	0,15	0,32
35	-	-	-	-	0,12	0,25
40	0,21	0,45	0,15	0,27	-	
50	0,17	0,37	0,10	0,19	-	

Бұл жоғарыда келтірілген 1-кестеде шетел ғалымдарының тәжірибелік зерттеу жұмыстарынан мынаны байқауға болады: яғни судың температурасы ( $T, ^\circ C$ ) артқан сайын озонның судағы ерігіштік Бунзен коэффициенті ( $\beta$ ) төмендейді. Дистелденген суға қарағанда қышқыл және тұзды суларда озон нашар ериді [4,6]. Осындай зерттеу жұмыстарын ағылшын ғалымдары J.A. Roth және D.E. Sullivan-ның зерттеу жұмыстарында  $pH$  - қа байланысты Генри тұрақтысы қаралған болатын. Ал W.J.Masschelein зерттеу жұмысында әртүрлі температурада  $pH$  - қа байланысты Генри тұрақтысының өзгеруін мынадай тендеу арқылы өрнектейді [7,8]:

$$\ln H_a = 20.7 - \frac{3547}{T} (pH = 2) \quad (2)$$

$$\ln H_a = 18.1 - \frac{2876}{T} (pH = 7) \quad (3)$$

Мұндағы  $H_a$  – озонның молярлы мөлшері кезіндегі Генри коэффициенті;  $T$  – абсолютті температура (K). 300K немесе 27<sup>0</sup>C температурасы кезінде судағы озонның ерігіштік қасиеті

өте нашар екені байқалды. Яғни  $pH = 2$  кезінде  $LnH_a = 8,9$  ал  $pH = 7$  кезінде  $LnH_a = 8,5$  екені анықталды [4].

Белгілі бір мезетте озонның суда еруімен бірге өзіндік суда таралуы да көптеген ғалымдардың зерттеу жұмыстарының мәні болып табылды. Себебі озонның судағы өзіндік таралуын біріншіден – судың құрамына байланысты екенін W.J. Masschelein – нің зерттеу жұмысынан байқауға болады [5]. Бұл шетелдік ғалымның зерттеу жұмысы бойынша суда еріген озонның концентрациясының аймағында гидроксия – ионды реакциясының бар болатыны анықталды [2,5].


Озонның суда еруі кезінде суда бар химиялық заттармен реакцияға түсуі ғана емес, сонымен бірге оның өзіндік таралу үрдісі жүреді. Бұл екі үрдіс бір мезгілде жүреді және де судың температурасына,  $pH$  -тық ортаға, иондық күшпен еріген ионның түрлеріне тәуелді [9].

Жалпы озонның суда таралу жылдамдығын мына түрде жазуға болады:

$$\frac{-d[O_3]}{dt} = K_p \cdot [O_3] \quad (4)$$

Мұндағы  $K_p$  – озонның суда таралу жылдамдығының константасы.

Озонның суда еру үрдісінің сандық сипаттамасы мен маңызды ерекшелігі ағылшын ғалымы Sotelo J.L. – нің зерттеу жұмысында келесі түрде көрсетілген [6]:



Бұл жоғарыда келтірілген өрнектерден  $OH^*$  радикалы мен сутегінің тотығының пайда болуын байқауға болады.

Сегодня измерительные инструменты на основе объемных дифракционных решеток Брэгга стали более распространенными. Такие решетки представляют собой наноразмерные волоконно-оптические периодические структуры с последовательностью в сотни нанометров, расположенные непосредственно в сердцевине оптического волокна. [2] Принцип работы такого измерителя основан на зависимости резонансной длины волны  $\lambda_B$  волоконной Брэгговской решетки (ВБР) от температуры или механических давлений влияющих на чувствительный элемент. Изменение  $\lambda_B$  решеток Брэгговского волокна приводит к изменению длины волны видимого излучения. От этого изменения до спектральной величины определяется величина изменения температуры или давления.

Большое количество таких решеток, которые реагируют на конкретные длины волн, могут быть установлены на оптическом волокне. Волоконно-оптическая измерительная система на основе Брэгговских решеток не чувствительна к случайным ослаблениям оптической мощности, а также к нулевому дрейфу источника и приемника излучения. Оптимизированная измерительная система с улучшенным принципом калибровки сигнала, показанная на Рисунке 5, которая позволяет увеличить скорость работы устройства [3].

#### **Литературы:**

[1] Гавричев В.Д. Волоконно-оптические датчики магнитного поля: учебное пособие / В.Д. Гавричев, А.Л. Дмитриев. – СПб: СПбНИУ ИТМО, 2013. – 83

[2] Карасик В.Е. Измерительное устройство контроля деформации и температуры на основе наноразмерных волоконно-оптических датчиков // Научно-технический вестник Санкт-Петербургского государственного университета информационных технологий, механики и оптики. – 2008. – № 58. – С. 51-58.

[3] Гавричев В.Д. Волоконно-оптические измерители для работы в условиях сильных электромагнитных помех, ИТМО, Санкт-Петербург – 2015.

**Г.М. Байкенова., М.Г. Абдаков., Н.К. Смайлов**

#### **Көлемді Брэгг торының негізіндегі талшықты-оптикалық температура сезбегін зерттеу**

**Түйіндеме.** Талшықты-оптикалық сенсорлар температура және ылғалдылықты бақылаудың үздік нұсқасы болып табылады. Талшықты-оптикалық түрлендіргіштерді қолдану температуралық деректерді алу үшін жақсы негіз. Бұл мақалада Брэгг торының негізіндегі дифракционды сенсорды және температуралық датчикті құрастыру үлгісі талқыланады.

**Түйін сөздер:** Брэгг торлары, оптикалық талшық, сенсор, температура, дифракция, жарық кедергісі, мониторинг.

**G.M Baikenova M.G. Abdakov, N.K. Smilov**

#### **Research of a fiber-optical temperature sensor based on Bragg diffraction grating**

**Summary.** Fiber optic sensors are the best option for monitoring temperature and humidity. The use of fiber optic converters is a good basis for obtaining temperature data. The article discusses the study of a diffraction sensor based on Bragg gratings, and its model for designing a temperature sensor.

**Keywords:** Bragg gratings, optical fiber, sensor, temperature, diffraction, light interference, monitoring.

ОӘК629.78

**А. Бапышев, А.Е. Куттыбаева Д. Карамендина.**

*Казахский национальный исследовательский технический университет имени*

*К. И. Сатпаева, Казахстан, г. Алматы*

*ainur\_k\_75@mail.ru, nurigenovna.diana@gmail.com, ako-bapyshev@mail.ru*

#### **ЖЕРДІ ҚАШЫҚТЫҚТАН БАРЛАУДЫҢ СПУТНИКТІК БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада жерді қашықтықтан барлаудың спутниктік байланыс жүйесі жайында айтылған. Ақпараттық құрылғылардың жоғары хабарландырылуы, аппаратура сенімділігі бойынша талаптар қойылған. Жерді алыс қашықтық бойынша


барлаудың ғарыштық телекоммуникациялы желісіндегі жады массивтеріне жасалынған қорытынды жады массивінің негізгі көрсеткіштері сенімділік және мәліметке рұқсатты жылдамдығы болып есептелетінін айқындалды. Жаңа ұрпақ жады массивіндегі FLASH типті микросұлбаларда жартылай өткізгіш жадыны қолдану үшін белгіленген шарттағы жұмыстың сапасына әсерету, жады массивінің параметрін жақсартудың мүмкін болатындығына талдау жүргізу.

**Түйін сөздер.** Спутниктік байланыс, кең жолақ, қашықтан бақылау.

Спутникті байланыс жүйелерінің негізгі түрі Жерді алыс қашықтықтан барлауы болып табылады. Бұл байланыс түрінің ерекшеліктерін атап өтейік:

- абонентпен сұранып отырған мәліметтерді тарату;
- мәліметті тарату шынайы емес уақытта іске асырылады;
- ақпараттық құрылғылардың жоғары хабарландырылуы;
- «ғарыштық аппарат - Жер» түріндегі радиоарнаның төмен өткізгіштігі;
- аппаратура сенімділігі бойынша талаптар (тоқтамай жұмыс жасау қабілетті берілгеннен көп, мысалы 0,99).

Жерді алыс қашықтықтан барлау кезінде ғарыштық байланыс жүйесіндегі ҒА бірі болып «Ресурс-ДК» есептелінеді[1].



КПГЦ- командалық-тарататын басты цент; КИП – командалық-өлшегіш пункт; ЦУП – ұшумен басқару центі; ТМИ – телеметриялы ақпарат; ИОК – кері арнаның ақпараты; КПИ – бақылап-тексеруші ақпарат

1 Сурет – «Ресурс-ДК» ҒА жерлік комплексті басқарылуы

Жоғарыда келтірілгенге негізделіп мынаны айтуға болады, яғни жады элементтерін құру кезінде жады элементтерінің қатты магнитті дискті жинақтаулар немесе магниттік таспа түрлерін қолдану кезінде  $\lambda$  параметрі – көлемі, оған желінің өзге бөліктермен салыстырғанда келесі айнымалылар өзінің үлкен үлесін тигізеді[2]:

$$\lambda \sim p, \rho, t, g, n, \quad (1)$$

мұндағы  $p$  – қысым;  $\rho$  – ылғалдылық;  $t$  – температура;  $g$  – дырылдар (вибрация) және соққылар,  $n$  – қосылулар саны. Энергияға тәуелді болмайтын жады оптикалы элементтерінің көбі, магнитті-механикалыққа ұқсас, оптикалы жады ұяшығының орналасуына керекті механикалық элементтен құрастырылады.

Белсенді жұмыс атқару мерзімі 10 жыл және одан да көп Жерді алыс қашықтық бойынша барлаудың спутникті байланыс желісінің FLASH түріндегі микросұлбасында үлкен жылдамдықты жады массивтерін іске асу мүмкіндігінің қорытындысы үшін жады массивінің маңызды көрсеткіштерін анықтайды, жады массивін құру әдістерінің, сондай-ақ әр түрлі алгоритмдерінің пайдасын анықтау мүмкіндігін қамтамасыз ететін математикалық аппаратты алуымыз керек. Жады массивінің негізгі көрсеткіштерінің бірі сенімділік болып есептелінеді, FLASH түріндегі микросұлбаның сенімділігін анықтаймыз.

Жоғарыда айтылған сипаттамадан басқа ҒА борттық аппаратын өңдегенде басқа да түсінік қалыптасты – белсенді жұмыс жасау мерзімі –тоқтамай жұмыс жасау ықтималдығы (көбінесе 0,95...0,995) мағынасымен Жер орбитасында функциялайтын жады массивінің уақыты. Сенімділік теориясында бұл көрсеткіштің аналогы  $\gamma - t_\gamma$  бастартуға дейінгі пайыздық қызмет атқару көлемі болып есептелінеді:

$$P(t_\gamma) = \gamma/100 \quad (2)$$

Бастартудың қисық қарқындылығы 3 бөліктен тұрады:

- қосымша жұмыс жасау периоды – бастартулардың өте жоғары қарқындылығына ие;
- қалыпты жұмыс жасау периоды – бас тартудың тұрақты қарқындылықпен сипатталады;
- ескіру периоды – бастарту қарқындылығының өсуі тартатын, объектінің нашар болуына алып келетін қайтарымды емес құбылыс (механикалық, физикалық, химикалық) [8].

Тәжірибелік көзқарастан маңызды тұрақты жұмыс периоды болып есептелінеді, оның кезінде бастартудың орташа қарқындылығы нақты түрде өзгермейді, FLASH типті микросұлба өмір сүрудің осы периодын ҒА қолдану керек. Бас тарту ықтималдылығы нақты түрде өзгермейтін жердегі, ҒА бортындағы жады массивінің қалыпты жұмыс жасау кезінде жұмыс жасайтынын ескеріп төмендегілерді қабылдаймыз:

$$\lambda = \text{const} \quad (3)$$

Сенімділіктің негізгі ұғымдарын анықтаймыз:

$$P(t) = e^{-\lambda \cdot t}, \quad (4)$$

мұндағы  $P(t)$  – тоқтамай жұмыс жасау ықтималдығы;

$\lambda$  – бастартудың қарқындылығы;

$t$  – ағын уақыты.

$$T = 1/\lambda, \quad (5)$$

мұндағы  $T$  – бастартуға дейінгі жады массивінің функциондаудың орташа уақыты.

$$P(t) = e^{-t/T}, \quad (6)$$

мұндағы  $P(t)$  – тоқтамай жұмыс жасау ықтималдығы;

$T$  - бастартуға дейінгі жады массивінің функциондаудың орташа уақыты;

$t$  – ағындағы уақыт.

Барлық файлды кестені жады массивінен алыс тастау мүмкін болмайды, себебі ақпараттарды жады массивіне сақтағанда файлды кестедегі мәлімет те өзгеріске ұшырайды, ол файлды кестеде орналасқан жады блогының тоқтамай жұмыс жасау ықтималдығының нашарлай бастауына алып келеді [3].

Бұл мәселені шешу әдісі файлды кесте үшін арнайы әдістің облысының жасалуына негізделді, онда ол тұрақты жағдайда уақыт мезетінде сақталған, жады блогының мекенжайын өзгертеді.

Файлды кесте үшін мұндай мекенжайлық кеңістік көлемі әдетте файлды кестенің өзінде 16 көлемге дейін қамтып отырады.

Дыбыстық мәліметтерді жазған кезде файлды кестенің тоқтамай жұмыс жасау ықтималдығын анықтаймыз, ол дыбыстық мәліметтің файлы аз болғанымен негізделді, ал энергияға тәуелді емес жады құрылғысында олардың саны бірнеше мыңға дейін қамтылу мүмкін. Бір аудио файл бір FLASH жады блокка сыяды делік, онда файлды кестені қамтитын

FLASH жады блогының жазу санын әр бір жады блогының қайта жазудың он алтыншы жиынның бір түрде сипаттауға болады.

$$N_{\text{ФАТ}} = \frac{1}{16} \sum_{a=1}^m N_a \quad (7)$$


Басқаша, файлды кестенің жады блогындағы қайта жазу саны әрбір блокқа қайта жазу санына ғана еселі емес, сондай-ақ  $m$  – блоктар санына еселі.

Спутникті жолдың энергетикалы параметрін есептеу кезінде екі жағдайды қарастырамыз:

1)  $d_1$  – орын бұрышы  $\alpha = 90^\circ$  болатын қабылдау антеннасы мен ғарыштық аппарат арасындағы ұзақтық;

2)  $d_2$  – орын бұрышы  $\alpha = 15^\circ$  болатын қабылдау антеннасы мен ғарыштық аппарат арасындағы ұзақтық;

Ғарыштық аппараттың шолу аймағы ғарыштық аппараттан өзге жер үсті бөлігін алады. Шолу аймағының орталығы  $O_3$  спутник географиялық орны деп аталатын спутник асты нүктесі болып есептелінеді. Егер  $O_3$  нүктесі антенна орналасқан орны болып табылса, онда ғарыштық аппарат ( $\alpha = 90^\circ$ ) пен қабылдау антеннасы арасындағы ұзақтық  $d_1 = H = 800$  км.



2 Сурет – Ғарыштық құрылғы шолу аймағы

Ары қарай горизонтты ғарыштық аппарат ( $\alpha = 15^\circ$ ) пен қабылдау антеннасы ( $d_2$ ) арақашықтығын анықтаймыз.

Шолу аймағы өлшемі  $\varphi_{\text{max}}$  бұрышымен немесе  $\angle AO_3$  оның доғасымен сипатталады.

2- суретінен көрініп тұрғандай  $\varphi_{\text{max}}$   $\angle OAD$  үшбұрышынан анықталады:

$$\varphi_{\text{max}} = \arccos[ R_3 / ( R_3 + H ) ] \quad (8)$$

мұндағы  $R_3 = 6370$  км – Жер радиусы;

1.  $H = 800$  км –спутник орбитасыбиіктігі.

$$\varphi_{\text{max}} = \arccos[ 6370 / (6370 + 800) ] = 28^\circ$$

Жерді алыс қашықтық бойынша барлаудың ғарыштық телекоммуникациялы желісіндегі жады массивтеріне жасалынған қорытынды жады массивінің негізгі көрсеткіштері сенімділік және мәліметке рұқсатты жылдамдығы болып есептелетінін айқындады. Осыны есімізге сақтай отырып, төмендегілерді айтуға болады:

- 10 Гбит/с немесе одан да көп жады массивінің мәліметіне рұқсатты жылдамдықтарын көбейту мүмкіндігі (жазылуды талап ететін жылдамдық ҒА мақсатты аппаратурасынан мәліметті буферизациялауға қажет (сканер немесе/және локатор));

- 10 жылға белсенді қызмет жасау уақытын қамтамасыз ету жады массивтерінің сенімділігін көбейтетін мүмкіндігі (осы талап барлық келешегі бар ҒА аспаптарына арналады, мысалы, «ГЛОНАСС К»).

Қорытындылай келе, жаңа ұрпақ жады массивіндегі FLASH типті микросұлбаларда жартылай өткізгіш жадыны қолдану үшін (ақпараттың рұқсат етілуі 10 Гбит/с кем емес, активті қызмет жасау уақыты 10 жылдан аз емес, сондай-ақ әртүрлі сыртқы әсердің кең диапазоны уақытында пайдалану мүмкіндігі) белгіленген шарттағы жұмыстың сапасына әсерету, жады массивінің параметрін жақсартудың мүмкін болатын анализін жүргізу керек. Айтылып кеткендей, ол:– температураға әсер етуі;  $n$  – қайта жазылу санына әсер етуі;  $\alpha$  – радиацияға әсері. Қатенің пайда болу ықтималдылығын азайту үшін осы параметрлердің іске қабілеттілігіне әсерін азайту керек.

Жадының «сенімді» блоктарын статикалық түрде таңдап алу және ақпараттың динамикалық түрде өзгерудің өңделген алгоритмдері жады массивінің параметрлері мен негізгі сипаттамаларының жан-жақты анализін және массивтің реконфигурация құрылымы бөлігіндегі бірізді сәйкес әрекет етуін қамтамасыз ету арқасында жады массивінің активті қызмет ету мерзімін арттырудың жаңа әдісін өңдеуге мүмкіндік берді.

### **Әдебиеттер:**

1. Қазіргі отандық зымыран тасымалдаушылары. Зымыранды-ғарыштық техника: оқу құралы / М.Д. Евтифьев, Л. А. Ковригин, В. В. Кольга және басқ. ; Сіб. мемл. аэроғарыштық ун-ті. Красноярск, 2005.
2. Шет елдердің заманауи зымыран тасымалдаушылары. Зымыранды-ғарыштық техника: оқу құралы / М.Д. Евтифьев, Л. А. Ковригин, В. В. Кольга және басқ. ; Сіб. мемл. аэроғарыштық ун-ті. Красноярск, 2010.
3. Зымыран тасымалдаушылары. Ғарыш айлақтары: оқу құралы/ С.П. Уманский, Рестарт Басп., Мәскеу, 2001.

**А. Бапышев, А.Е. Куттыбаева Д. Карамендина.**

#### **Система спутниковой связи с навигацией земли**

**Резюме.** В этой статье приведена системы спутниковой связи с навигацией земли. Рассматриваются вопросы исследования массива памяти в спутниковых системах. Рассмотрены проблемы исследования земли через зондирования спутниковых систем.

Основным массивом конечного массива памяти для массивов памяти в космической телекоммуникационной сети дальней разведки считается скорость и надежность данных. Влияние на качество работы, которое требуется для использования полупроводниковой памяти в микросхемах FLASH в массиве памяти нового поколения, для анализа возможности улучшения настроек массива памяти.

**A. Bapyshev, A.E. Kuttybayeva D. Karamendina**

#### **Satellite communications system with land navigation Summary.**

This article provides satellite communications systems with land navigation. We consider the study of the array of memory in satellite systems. The problems of land exploration through satellite sensing are considered.

The main array of a finite memory array for memory arrays in a long-range space telecommunications network is the speed and reliability of data. Impact on the quality of work that is required to use semiconductor memory in FLASH microcircuits in a new generation memory array, to analyze the possibility of improving the memory array settings.

**А.Б.Батыргалиев., Д. Сериккажыулы., Ж.А. Джангозин**  
*Казахский национальный исследовательский технический университет  
имени К.И. Сатпаева, Казахстан, г. Алматы  
askhat.b.b@gmail.com*

## **ОЦЕНКА ПОДВЕРЖЕННОСТИ ГЕНЕРАТОРОВ ШУМА АКУСТОЭЛЕКТРИЧЕСКИМ ПРЕОБРАЗОВАНИЯМ НА ПРИМЕРЕ ПОСТАНОВЩИКА ПОМЕХ «БАРЬЕР-01»**

***Аннотация.** В работе описана оценка подверженности генераторов шума техническому каналу утечки информации за счет акустоэлектрических преобразований на примере постановщика помех «Барьер-01». Указываются функциональные возможности рассматриваемого генератора шума и причины возникновения канала утечки информации за счет низкочастотных акустоэлектрических преобразований. Приводятся результаты практических экспериментов по оценке защищенности изделия «Барьер-01» от утечки акустических (речевых) сигналов по техническим каналам за счет низкочастотных акустоэлектрических преобразований по отходящей линии электропитания и телефонной линии.*

*По итогам проведенного исследования сделаны выводы с указанием причин отсутствия в рассматриваемом генераторе пространственного зашумления «микрофонного эффекта».*

***Ключевые слова:** генератор пространственного зашумления, побочные электромагнитные излучения, акустоэлектрические преобразования, средство активной защиты, технический канал утечки информации.*

Одним из активных методов защиты информации от ее утечки по каналу побочных электромагнитных излучений является применение генераторов пространственного электромагнитного зашумления (ГЭМШ). При этом средство защиты информации само не должно быть источником утечки конфиденциальной информации. К таким сведениям может относиться человеческая речь. Например, конфиденциальные переговоры либо воспроизведение аудио или видео в помещении, непосредственно в котором установлены ГЭМШ.

В этой связи, помимо основного предназначения, ГЭМШ не должны быть подвержены акустоэлектрическим преобразованиям (АЭП) [1].

Технический канал утечки информации (ТКУИ) за счет низкочастотных АЭП может возникать вследствие преобразования акустических (речевых) сигналов в электрические («микрофонный эффект») в электрических элементах ГЭМШ (имеющих нелинейные или параметрические характеристики) [2-4].

Перехват электрических сигналов, модулированных акустическим (речевым) сигналом может осуществляться посредством гальванического подключения к соединительным линиям ГЭМШ специальных высокочувствительных низкочастотных приемных устройств с усилителем.

Для определения подверженности ГЭМШ ТКУИ за счет АЭП по линии электропитания проведены практические эксперименты с применением генератора шума (постановщика помех) «Барьер-01» (производства ТОО «Специальное конструкторско-технологическое бюро «Гранит», рисунок 1), предназначенного для маскировки ПЭМИ персональных компьютеров, рабочих станций компьютерных сетей и комплексов на объектах вычислительной техники, подавления радиозакладок малой мощности («Барьер-01»). Кроме того, постановщик помех «Барьер-01» предназначен для создания помех в телефонной и электросети [5].



Рисунок 1 - Постановщик помех «Барьер-01».

В связи с тем, что постановщик помех «Барьер-01» может иметь разные соединительные линии, выходящие за пределы контролируемой зоны, исследования на предмет подверженности низкочастотных АЭП проводились по линии электропитания (рисунок 2) и телефонной линии (рисунок 3).



Рисунок 2 - Схема проведения измерений ГЭМШ по линии электропитания.



Рисунок 3 - Схема проведения измерений ГЭМШ по телефонной линии.



Измерения проводились при уровне звукового давления 70 дБ, что соответствует громкой человеческой речи [6-8].

По результатам исследований, подверженность постановщика помех «Барьер-01» АЭП не была выявлена. Это может быть связано с:

- затуханием сигнала в кабеле (с учетом его длины);
- минимально допустимым отношением сигнал/шум на входе приёмного устройства (его чувствительностью);
- тем, что в ГЭМШ по линии электропитания и телефонной линии установлены фильтрующие устройства;
- отсутствием в составе ГЭМШ элементов, подверженных «микрофонному эффекту» и такой эффект столь незначительный, что «за пределы» ГЭМШ не «просачивается».

Первые две причины можно исключить, учитывая, что расстояние от ГЭМШ до места непосредственного подключения приемного устройства минимально.

Третью причину можно не учитывать, по причине того, что изделие «Барьер-01» предназначено и для постановки помех в линии электропитания и телефонной линии.

Таким образом, можно сделать выводы, что защищенность постановщика помех «Барьер-01» по каналам утечки информации за счет низкочастотных АЭП связана с отсутствием «микрофонного эффекта» (или его незначительностью) в элементах этого ГЭМШ.

#### **Литературы:**

1. Хорев, А.А. Способы защиты объектов информатизации от утечки информации по техническим каналам: пространственное электромагнитное зашумление// Специальная техника. – М.: 2012. – № 6 – С. 37 – 57.

2. Хорев, А.А. Техническая защита информации: учеб. Пособие для студентов вузов. В 3 т. Т. 1. Технические каналы утечки информации. – М.: НПЦ «Аналитика», 2008. – 436 с. – ISBN 978-59901488-1-9.

3. Технические средства и методы защиты информации. Учебник для вузов / А.П. Зайцев, А.А. Шелупанов, Р.В. Мещеряков. Под ред. А.П. Зайцев и А.А. Шелупанова. – 7-е изд., испр. – М.: Горячая линия – Телеком, 2017. – 442 с.: ил. – ISBN 978-5-9912-0233-6.

4. Бузов, Г.А. Защита информации ограниченного доступа от утечки по техническим каналам. – М.: Горячая линия – Телеком, 2017. – 586 с., ил. – ISBN 978-5-9912-0424-8.

5. Постановщик помех «Барьер-01». Паспорт и инструкция по эксплуатации. ДИФБ.464217.003 ПС. – Алматы, ТОО «Специальное конструкторско-технологическое бюро «Гранит». – 4 с.

6. Торокин, А.А. Инженерно-техническая защита информации: учеб. пособие для студентов, обучающихся по специальностям в обл. информ. безопасности. – М.: Гелиос АРВ, 2005. – 960 с.: ил. – ISBN 5-85438-140-0.

7. Блэзи, В. Справочник проектировщика. Строительная физика. - Москва: Техносфера, 2012. – 616 с. – ISBN 978-5-94836-308-0.

8. Чепульская, О.В., Шатунова, Г.И. Исследование производственного шума. Методические указания. – М.: МИИТ, 2006. – 37 с., ил.

#### **А.Б. Батыргалиев., Ж.А. Джангозин., Д. Серікқажыұлы «Барьер» кедергілерді қоюшылар мысалында шу генераторларының жоғары жиілікті байлау әсеріне тұрақтылығын бағалау**

**Андатпа.** Осы жұмыста «Барьер-01» кедергілерді қоюшы мысалында шу генераторларының акустоэлектрлі түрлендірулер есебінен ақпарат таралуы техникалық арнасының әсеріне тұрақтылығын бағалау қарастырылған. Қарастырылған шу генераторының функционалдық мүмкіншіліктері және төменгі жиілікті акустоэлектрлі түрлендірулер есебінен ақпараттық таралуы арнасының пайда болу себептері көрсетілген. «Барьер-01» бұйымының шығыс электр қоректендеру және телефон желілері бойынша төменгі жиілікті акустоэлектрлі түрлендірулер есебінен ақпараттық таралуы арнасынан акустикалық (сөйлеу) сигналдарының таралуынан бейімділігін анықтауға бағытталған тәжірибелік эксперименттердің нәтижелері келтірілген.

Зерттеу қорытындысы бойынша қарастырылып отырған кеңістіктік шудың генераторында «микрофон әсерінің» жоқ болуы себептерін көрсете отырып, тиісті тұжырымдар жасалды.

**Түйін сөздер:** кеңістіктік шу генераторы, жанама электромагниттік сәулелену, акустоэлектрлі түрлендірулер, белсенді қорғау құралы, ақпарат таралуының техникалық арнасы.

**A. Batyrgaliyev, Zh. Jangozin, D. Serikkazhyuly**

**Assessment of the exposure of noise generators to high-frequency imposition using the example of jammers "Barrier"**

**Abstract.** The paper describes the assessment of the susceptibility of noise generators to a technical channel of information leakage due to acoustoelectric transformations by the example of the noise generator "Barrier-01". The functionality of the considered noise generator and the causes of the leakage channel due to low-frequency acoustoelectric transformations are indicated. The results of practical experiments to assess the security of the product "Barrier-01" from leakage of acoustic (speech) signals on the technical channel due to low-frequency acoustoelectric transformations on the outgoing power supply line and telephone line are given.

According to the results of the study, conclusions were drawn indicating the reasons for the absence of a "microphone effect" in the generator of spatial noise.

**Keywords:** spatial noise generator, acoustoelectric transformations, high frequency imposition, means of active protection, technical channel of information leakage.

ОӘЖ 629.783

**А.Т. Боранбаева**

*Алматы қ., Қазақстан Республикасы*

*Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті  
anargul111@mail.ru*

**ЖЕЛІ ТОПОЛОГИЯСЫН МОДЕЛЬДЕУ НЕГІЗІНДЕ БАЙЛАНЫСТЫҢ  
СПУТНИКТИК ЖҮЙЕЛЕРІН ҚҰРУДЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫ ШЕШІМДЕРІ**


**Аңдатпа:** желі жүктемесінің өзгеруіне бейімделген маршрутизациясы бар спутниктік желінің екі имитациялық моделі ұсынылған. Имитациялық модельдер уақыт шығынынсыз желі топологиясының және жүктеменің әсерін тораптар арасындағы ақпаратты беру жолымен зерттеуге мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** ғарыш аппараты, жерсеріктік байланыс желісі, Желі түйіндерінің жүктемесі, желіде деректерді маршруттау.

Қазіргі уақытта спутниктік деректерді беру желілерін құрудың екі тұжырымдамасы бар. Ғарыш аппараттары арасындағы бірінші тұжырымдамаға сәйкес, жоларалық байланыс желілері іске асырылды. Бұл жағдайда жер үсті станциясынан-жөнелтушіден ғарыш аппараттарының біріне келіп түскен деректер жер үсті станция-алушының радиобейне тәріздес аймағында орналасқан ғарыш аппаратына дейін жерсеріктік желі бойынша (ғарыш аппараттары арасында) беріледі. Мұндай жүйелердің мысалдары қазіргі уақытта қолданылатын Iridium жүйесі, сондай-ақ, жобасы белсенді әзірленген Teledesic жүйесі болып табылады. [3] Жераралық желілердің екінші тұжырымдамасына сәйкес ештеңе жоқ және ғарыш аппараттары арасындағы байланыс жер үсті ретрансляторлары арқылы жүзеге асырылады, яғни "иінді құбыр" идеясы орнықты бола алады. Осындай жүйелердің мысалдары - Globalstar, SkyBridge. [4]

Жерсеріктік жүйелерді жобалау кезінде олардың жұмыс істеуінің әртүрлі аспектілерін талдау қажет. Сонымен қатар, желі тораптары арасында деректерді маршруттау міндеті талдануды талап етеді, олар арқылы жердегі пайдаланушылар ағымдағы уақытта желіге қатынау алады және байланысты жүзеге асырады. Мұндай талдауды спутниктік жүйенің ғарыш аппараттарының орбиталық параметрлерінің мәнін таңдау кезінде жүзеге асыру қажет (олар спутниктік желінің құрылымына және тиісінше ондағы ақпараттың жүру жолына әсер етеді). Сонымен қатар, жер бетіндегі станциядан желіге түсетін жүктеменің әр түрлі режимдерінде желінің жұмыс істеуін зерттеу қажет.


**Мәселенің тұжырымы.** Бір текті орбиталар – эксцентриситеттің  $e$  номиналды мәндері (сурет 1), үлкен жартылай осьтер  $a$ , орбитаның еңістігі  $i$  және барлық ғарыш аппараттары үшін перигея аргументі  $\omega$  бірдей, ал өрлемелі торабының  $\Omega$  бойлық мәндері және перигей өту уақыты  $\tau$  ғана ерекшеленеді [5]. Орбиталық топтың номиналды құрылымы бір орбиталық жазықтықта бірнеше ғарыш аппараттары болуы мүмкін. Ғарыш аппараттарының арасындағы байланыс, егер олардың арасындағы қашықтық радиолинияның талап етілетін сапасын қамтамасыз ету шарттарына сүйене отырып есептелетін рұқсат етілген шекаралық арақашықтықтан аспайтын болса, мүмкін болады.



Сурет 1 - Жер үсті арқылы пайдаланушылар спутниктік желісінің байланысы

Имитациялық үлгілерді бақылау- спутниктік байланыс желісіне жатқызуға болатын күрделі жүйелерді талдаумен байланысты міндеттерді шешудің тиімді тәсілі болып табылады. Бұл жағдайда екі тәсіл жасалуы мүмкін: жоғары деңгейді бөлшектеуді іске асыру немесе барлығына талдау жүргізу үшін зерттеу объектісінің бір аспектісін елеулі уақыт шығынсыз зерттеу керек. Екінші деңгейлі модельдеу, модельдері жоғары дәлдіктегі модельдеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін симуляциялық модельдерге пайдалы қосымша болып табылады. Олардың практикалық қолданылуы өте қысқа мерзімде жобалық шешімдер нұсқаларының едәуір санына талдау жүргізу қажет болған кезде күрделі жүйелерді жобалаудың бастапқы кезеңдерінде әсіресе тиімді. Мұндай екі дәлдік деңгейіндегі имитациялық модельдер және оларға негізделген спутниктік желіде маршруттауды талдау әдістері осы мақалада берілген.

Желілік маршруттау желілік түйіндердегі өзгерістерді жүктеуге бейімделгенін ескереді. Желідегі жүктемені өзгерту жүктеменің желіге түсуіне және оның желіден шығуына, осы жүктемені адресациялауға, сондай-ақ оның маршрутизациясы салдарынан жүктемені бейімдеуге байланысты процестерге байланысты. Деректерді бағыттау ең қысқа жолдарды таңдаудың алгоритміне негізделген (ең аз шығындық жолдар). Жолдың құны, оның ақпарат көзі алушыға дейін ағып жатқан іргелес тораптар арасындағы жолдың сегменттерінің құнын білдіреді. Байланыс желілері қабылдауға және беруге қарамастан іске асырылады. Желі тораптары арасындағы байланыс-толық дуплексті.  $x$  және  $y$  екі түйін үшін,  $x$ -дан  $y$ -мен  $y$ -дан  $x$ -ге дейінгі байланыс желілерінің құны дербес тағайындалады. (сурет 1,2)



Сурет 2 - Желідегі жүктеме

### Жерсеріктік желіні имитациялық модельдеу, ең қысқа жолдарды талдау әдістері.

Спутниктік байланыс желісінің имитациялық моделінде екі құрамдас компонентті бөліп көрсетуге болады. Біріншісі-желі топологиясын модельдеу (тораптар арасындағы байланыстар), екіншісі – желідегі процестерді модельдеу, соның ішінде тораптардағы жүктеменің өзгеруін модельдеу, ақпараттың жүру маршруттарын таңдау және т.б. Бұл жұмыста желіде деректерді маршруттауды талдаудың екі әдісі ұсынылған. Бұл әдістер желідегі жүктемені өзгерту үдерістерін үлгілеудің дәлдік дәрежесімен және желідегі жүктемені маршруттауға әсерін талдау тәсілімен ерекшеленеді.

Желі топологиясын модельдеу негізінде-ғарыш аппараттарының қозғалысын модельдеу. Спутниктік желідегі деректерді бағыттаудың екі ұсынылған әдісі үшін (жоғары дәлдік дәрежесімен үлгілеу талап етілмейтінін ескере отырып) ғарыш аппаратын қозғалысының математикалық моделі жеткілікті, Кеплерден ерекшеленетін болсақ [5], Жердің сфералық емес салдарынан орбиталық ұшақтардың түзетілмейтін прецессиясы ескеріледі.

Ғарыш аппараттарының қозғалысы геоцентрикалық экваторлық жүйенің координаттарында модельденеді, одан гринвикалық жүйенің координаттарына көшу жүзеге асырылады. Бұдан әрі жер бетіндегі станцияның топоцентрикалық жүйесі пункттерінің координаттарына өту жүзеге асырылады, ол үшін уақыттың әрбір ағымдағы сәтінде осы станцияның қол жетімді тораптарындағы тамыры бар ең қысқа жолдардың ағаштары салынып жатыр(немесе олардың арасында ақпарат беру жолдары есептелетін координаттарда). Геоцентрлік экваториальды жүйенің координаттарын қолдану арқылы желілік топология құрылды - іске қосу үшін түйіндер арасындағы (бұл байланыстар ғарыш аппараттары арасындағы қашықтыққа және антенналық қондырғылар санына байланысты анықталады) ықтимал байланыстардан ең жақсы қосылыстар таңдалады. Ғарыш аппараттары үшін топоцентрикалық жүйе пункттерінің координаттары арқылы орын бұрышының мәні есептеледі және осы мәндерді пайдалана отырып, жер бетіндегі станцияның радиобейнелік аймағында ағымдағы сәтте тұрған ғарыш аппараттары айқындалады.

Ең қысқа жолдардың құны бірлікке тең деген сөйлемде желінің әрбір жұп тораптарының арасындағы ең қысқа жолдары анықталады. Бұл нәтижелер желі топологиясының маршруттауға әсерін талдау үшін пайдаланылуы мүмкін.

**Қорытынды.** Желідегі процестерді модельдеу және модельдеуші объектінің қасиеттерінің спектрін зерттеу мүмкіндігі тұрғысынан, ұсынылған имитациялық модельдер жеткілікті "тар бағыттағы оңайлатылған модельдерге жатады». Дегенмен, олар маңызды уақыттық инвестицияларсыз тораптардағы жүктемені бейімдеу, маршруттау кезінде тораптар арасындағы ең қысқа жолдардағы желі топологиясы мен желілік жүктеменің әсерін зерттеуге мүмкіндік береді. Ұсынылған Имитациялық модельдер спутниктік желілерді жобалаудың

бастапқы кезеңдерінде, сондай-ақ жаңа спутниктік желілердің әртүрлі тұжырымдамалық нұсқаларын зерттеуде пайдалы болуы мүмкін.

#### **Әдебиеттер:**

- 1.Шварц М. Сети связи: протоколы, моделирование анализ: пер.с англ/ М.Шварц.- М.:Главн.редакция физ-мат.лит., 1992.-416 с.
2. Labutkina T.V. A Simulation Model of a Satellite Data Transmission Network./ T.V.Labutkina, V.O.Larin, V.V.Belikov, S.Y.Kondous, Y.V.Bezruchko//55<sup>th</sup> International Astronautical Congress, Vancouver, October 2003; Article IAC-04-U.3.b.04.
3. www.iridium.com
4. www.globalstar.com
5. Hannu Karttunen, Pekka Kröger, Heikki Oja, Markku Poutanen, Karl Johan Donner. 6. Celestial Mechanics // Fundamental Astronomy. — 5-изд. — Springer Science & Business Media, 2007. — С. 117—118.

**А.Т.Боранбаева**

#### **Концептуальные решения создания спутниковых систем связи на основе моделирование топологии сети**

**Аннотация:** предложены две имитационные модели спутниковой сети с маршрутизацией, адаптивной к изменению нагрузки сети. Имитационные модели позволяют без существенных затрат времени исследовать влияние топологии сети и нагрузки из пути передачи информации между узлами.

**Ключевое слово:** космический аппарат, спутниковая сеть связи, нагрузка узлов сети, маршрутизация данных в сети.

**A.T.Boranbayeva**

#### **Conceptual solutions for creating satellite communication systems based on network topology modeling**

**Summary :** two simulation models of a satellite network with routing adaptive to network load change are proposed. The simulation models allow you to investigate the impact of network topology and load from the path of information transfer between nodes without significant time consuming.

**Keywords :** spacecraft, satellite communication network, load network nodes, routing data in the network.

ОӘЖ 621.9.06

**Ж.Т. Гафаров., Н.К. Смаилов**

*Ғылыми жетекші: Н.К. Смаилов, PhD., сениор-лектор*

*Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Қазақстан,  
Алматы қ.  
gafarovz@list.ru*

#### **ҒАРЫШ АППАРАТЫНЫҢ ТОПТАМАСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ РАДИОСӘУЛЕ КӨЗІНІҢ КООРДИНАТАСЫН АЙЫРМАЛЫҚ-ҚАШЫҚТЫҚ ӘДІСІМЕН АНЫҚТАУ**

**Аңдатпа.** Мақалада төмен орбитадағы ғарыш аппараттарының топтамасын қолдану арқылы радиосәуле көзінің координаталарын айырмалық-қашықтық әдісімен бағалаудың итерациялық алгоритмі ұсынылды. Координатаны бағалау алгоритмін модельдеу жүргізілді. Кіші ғарыш аппараттар топтамасындағы жерсеріктер арасындағы қашықтық пен орбитасының биіктігіне арналған талаптар тұжырымдалды. Координатаны бағалаудың талап етілетін дәлдігіне жетуі үшін қажет сигнал кірісінің сәтін анықтау дәлдігі бағаланды.

**Түйінді сөздер:** ғарыш аппараты, радиосәуле көзі, айырмалық-қашықтық әдіс, база, координатаны анықтау қателігі, сигнал кірісінің сәтін анықтау қателігі.

Радиомониторинг жүйелерінде радиосәуле көзі бойынша (радиолокатор, жерсеріктік телефон және т.б.) оның координатасын анықтау мәселесі жиі көтеріледі. Мұндай мәселелер, мысалы, жерсеріктік байланыс жүйелерінде ретранслятор жерсерігін рұқсатсыз қолданатын таратқышты анықтау мақсатында, өзін-өзі бағытталатын зымыранды басқару үшін, апатқа тап болған кемелің (бұл жағдайда кемеде арнайы радиошамшырақ қосылады) координатасын анықтау кезінде және көптеген жағдайларда шешіледі.

Қазіргі таңда координатаны анықтау мәселесін шешу үшін көпнысаналы бәсең радиолокациялық станциялар (КНБРС) кең өріс алды. КНБРС-ын [1] нысан жайлы алынатын ақпараттарды бірлесіп өңделетін, кеңістікте алшақтатылған бірнеше қабылдау позициялары қосылған радиолокациялық жүйе ретінде қарастырамыз. КНБРС-ның негізгі артықшылықтары әр нысанның кеңістікте алшақтатылған нүктелерден алынатын ақпаратты бірлесіп өңдеу арқасында іске асырылады.

КНБРС тіркеу құрылғысының орналасу жері ретінде ғарыш аппаратының (ҒА) бортын алуға болады. КНБРС анықтамасы бойынша, жүйе бірнеше алшақтатылған позициядан құрылу керек болғандықтан, бірнеше ҒА топтамасын қолдану қажетті.

Нысанның координатасын анықтау үшін тәжірибеде үш негізгі әдіс қолданылады: торуылдық (пеленгация)[2], айырмалық-қашықтық[1, 3] және доплерлік әдіс[4]. Келтірілген әдістердің қайсысы да кейбір талаптар орындалған жағдайда радиосәуле көзінің (РСК) координатасын анықтау мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

Торуылдық әдіс үшін калибрлеуді, түзетуді қажет ететін күрделі антенна керек. Бұл үшін антеннаны бұрып, оның пішінін өзгертетін қозғалтқыш қолданылады, бұл өз кезегінде жерсеріктің борттық құрылғысының күрделенуі мен өлшемін арттыруға әкеледі. Егер торуылдаудың фазалық жүйесі болса, онда торуылдаудың дәлдігін арттыру және бірмағыналық еместікті жою үшін әр нүктеде көп арналық антенналық жүйелерді құру қажет болады. Қабылдау арналарының санын арттыру жүйенің күрделенуі мен массасының өсуіне әкеліп соғады. Келтірілген талаптар ғарыштық жүйелерде торуылдық әдістің қолданылуын шектейді.

Айырмалық-қашықтық әдістің (АҚӨ) торуылдық әдістен айырмашылығы, ол радиосәуле көзінің сигналын бірден жүйенің бірнеше нүктесінен тіркелуін керек етеді. Мұндай жүйенің шешетін мәселесіне орай сигналды тіркеуі тиісті жерсеріктің саны үш-төрттен кем болмауы керек. Берілген талап кең бағытталған диаграммалы антеннаның қолданылуына себепкер болады. АҚӨ іске асыру жүйенің әрбір нүктесінде бірыңғай уақыт шкаласын және олардың координаталарының байланысын қажет етеді.

Доплерлік әдістер радиомониторинг жүйелері үшін орындалуы мүмкін емес радиосәуле жиілігін анық білуді талап етеді. Айырмалық-қашықтық әдісінен сигналдардың уақыт бойынша кешігуі емес, жиіліктердің айырмашылығы болып табылатын ақпараттық параметрімен ерекшеленетін айырмашылық-доплерлік әдістер де бар. Бұл әдістердің артықшылықтары мен кемшіліктері де айырмалық-қашықтықтық жүйелердікіндей.


Нәтижесінде, ғарыштық орналасу КНБРС-н жүзеге асыру үшін айырмалық-қашықтық әдіс неғұрлым жарамды деп санауға болады, себебі уақыт шкаласы мен ҒА координаттарын дәл байланыстыру ГЛОНАСС жүйесімен қамтамасыз етуге болады. Кең бағытталған диаграммалы антеннаның қолданылуы бұл жүйенің артықшылығы болып саналады, өйткені ол антенналар қарапайым болғандықтан құрылғының өлшемдерін азайтуға мүмкіндік береді. Төмен бағытталған антенналарды пайдалану есебінен сигнал деңгейін азайтуды жүйенің ҒА-н төменгі орбитада орналастыру есебінен өтеуге болады. Ғарыш жүйелеріне тән үлкен базалар (ҒА арасындағы қашықтық) осындай жүйелердің жоғары дәлдігіне себеп болады, өйткені АҚӨ дәлдігі базаның ұлғаюымен өседі[1]. Одан басқа, егер жағдай сызықтары 90 градусқа жақын бұрыштармен қиылысса, айырмалық-қашықтық әдіс координаттарды бағалаудың ең жоғары дәлдігін қамтамасыз ететіні белгілі[1].

$$\sigma_x^2 = \frac{\sum_{i=1}^N (\sigma_i)^{-2}}{\sum_{i=1}^{N-1} \sum_{k=i+1}^N \frac{\sin^2(\theta_i - \theta_k)}{\sigma_i^2 \cdot \sigma_k^2}},$$

мұндағы  $\sigma$  – координатты бағалау қателігі;  $\theta_i$  –  $i$  жағдай сызығына жанаманы сипаттайтын бұрыш;  $\sigma_i$  – өлшенетін параметрге сәйкес жағдай сызығының орташа квадраттық ауытқуы (жағдай сызығын анықтаудың орташа квадраттық қателігі);  $N$  – жүйедегі базалар саны.

Орналасу сызықтарының қиылысу бұрыштары 90 градусқа ең жақын болатын жағдай төмен орбиталық ғарыш аппараттарының топтамасына тән.

Айырмалық-қашықтық әдісті іске асыру үшін борттық құрылғының, көп арналы қабылдағыштардың, күрделі антенна жүйелерінің көп саны талап етілмегендіктен, оны төмен орбитада орналастыру қажет (ҒА өмір сүру уақыты салыстырмалы аз), онда жерсеріктік топтама кіші ғарыш аппараттарынан (КҒА) тұруы тиіс. Мұндай аппараттардың артықшылығы олардың төмен құны, конвейерлік өндіріс мүмкіндігі, орбитаға шығару үшін, калибрлеуге, түзетуге кететін шығындардың аздығы болып табылады.



1-сурет. Айырмалық-қашықтық жүйесінің геометриясы

Уақыттық кідірістерді өлшеу үшін, қабылданған сигналдарды өзара корреляциялық өңдеу алгоритмін пайдалануға болады, бұл ретте нысанаға дейінгі қашықтықты тікелей шағылысқан сигнал бойынша анықтау талап етілмейді. Радиосәуле көзінің координаттарын анықтау жерсеріктердің әрқайсысына сигналдардың кірісінің айырмасы бойынша жүзеге асырылады, ал кіріс айырмасының өзі сигналдың өзара-корреляциялық функциясының максимум жағдайынан анықталады[5].

1-суретте жазықтықта айырмалық қашықтықтық жүйені нүктелерінің өзара орналасу мысалы көрсетілген. Суретте 0,1,2 цифрларымен бақылау нүктелері (БН); PCK- радиосәуле көзі;  $d_1$  мен  $d_2$  – БН арақашықтығы;  $\psi$  – сигнал көзінің орналасу нүктесінде қашықтықтың тұрақты айырмасы сызықтары қиылысатын бұрыш.

Сигнал көзінің координаттарын, қабылдау пунктерінің координаттарын және қашықтық айырмасын байланыстыратын өрнекті мынадай түрге келтіруге болады

$$\Delta R_{ij}(\alpha, \beta_i, \beta_j) = c \cdot \Delta \tau_{ij}(\alpha, \beta_i, \beta_j), \quad i, j = 1 \dots L, \quad (1)$$

мұндағы  $\Delta R_{ij}(\alpha, \beta_i, \beta_j)$  – PCK-нен  $i$ -нші және  $j$ -нші БН-не дейінгі қашықтық айырмасы;  $\alpha$  – декарттық координаттар жүйесіндегі PCK-нің координат векторы;  $\beta_i, \beta_j$  – нен  $i$ -нші және  $j$ -

нші БН координата векторы;  $L$  – БН саны;  $\Delta\tau_{ij}(\alpha, \beta_i, \beta_j)$  – РСК-нен  $i$ -нші және  $j$ -нші БН-не сигнал кіріс сәтінің айырмасы;  $c$  – жарық жылдамдығы.

Радиосәуле көзі мен бақылау нүктелерінің координата векторларын  $\alpha(x_T, y_T, z_T), \beta_i(x_i, y_i, z_i)$  және  $\beta_j(x_j, y_j, z_j)$  түрінде көрсетсек, (1) теңдеуі мына түрде жазылады

$$\Delta R_{ij} = R_i - R_j = \sqrt{[(x_i - x_T)^2 + (y_i - y_T)^2 + (z_i - z_T)^2]} + \Delta R_i - \sqrt{[(x_j - x_T)^2 + (y_j - y_T)^2 + (z_j - z_T)^2]} - \Delta R_j = c \cdot \Delta\tau_{ij}. \quad (2)$$

Өлшенген сигнал кірісінің уақытының айырмасы жиынында тек  $(L - 1)$  кіріс сәтінің айырмасы статистикалық тәуелсіз болады. Сол себепті кіріс сәттерінің айырмасы әдетте орталық деп аталатын бір бақылау нүктесіне қатысты есептеледі. Жазбаны оңайлату үшін, тірек пунктіннің индексін нөлге теңеп, қашықтық айырмаларының жиынын  $\Delta R_i, i, j = 1 \dots L$  түрінде көрсетіп, жазу кезінде есепке алмаймыз.

$\Delta R_i$  ақпараттық параметрінің бір мәніне сәйкес келетін нүктелердің геометриялық орны жағдай сызығы деп аталады (1-суретте пунктирлі сызықпен белгіленген). Екі жағдай сызығының қиылысуы нысанның орынын көрсетеді. Осылайша, сигнал көзінің жазықтықтағы орнын бағалау үшін айырмалық-қашықтық жүйесі кемі үш БН-нен тұруы керек, ал сигнал көзінің кеңістіктегі орнын бағалау үшін айырмалық-қашықтық жүйесі кемі төрт БН-нен тұруы керек. Қабылдаушы пункттердің ең аз кезінде және қашықтық айырмасын бір рет өлшеген кезде сигнал көзінің орнын  $\alpha$  сигнал көзі,  $\beta_i, \beta_j$  бақылау нүктелері координаттары мен  $\Delta\tau_i$  өлшенген кіріс сәттерінің айырмасын байланыстыратын (2) түріндегі сызықтық емес теңдеулер жүйесін шешу арқылы табуға болады.

Төрт БН мен бірлік өлшемде теңдеулер жүйесі үш (2) түріндегі теңдеуден құралады. Бұл жүйені айқын түрде шешу мүмкін емес, себебі оған төрт белгісіз кіреді – сигнал көзінің үш координатасы  $\alpha(x_T, y_T, z_T)$  және әр жер серігінде синхронизацияланбаған уақыт шкаласының қолданылуына байланысты қалдық шама  $\Delta R_{\text{қал}} = R_i - R_j$

Сигнал көзінің координатын анықтау (2) түріндегі сызықтық емес теңдеулер жүйесін шешу үшін бағалаудың статистикалық әдістері қолданылады. Тәжірибеде сигналдың кіріс сәттерінің бірлік өлшемі бойынша сигнал көзінің координаттарын бағалауға мүмкіндік беретін ең кіші квадраттардың итерациялық әдісі қарапайым [1]. Координаттарды айырмалық-қашықтық өлшеу әдісімен анықтау алгоритмін сипаттайтын әрекеттер тізбегі төменде көрсетілген:

1. КФА берілген координатасы  $x_i, y_i, z_i$  және РСК координатаның бастапқы бағалануы  $x_{T(0)}, y_{T(0)}, z_{T(0)}$  бойынша РСК мен  $i$ -нші КФА арасындағы қашықтықты есептейміз [1]:

$$R_i = \sqrt{[(x_i - x_{T(0)})^2 + (y_i - y_{T(0)})^2 + (z_i - z_{T(0)})^2]}, \quad i = 1, \dots, L,$$

2.  $S$ -нші итерация кезіндегі  $C$  үйлеспеушілік векторы есептеледі [1]:

$$C_{i(S)} = R_{i(S-1)} - R_{S-1} - (T_i - T)c, \quad i = 1, \dots, L,$$

мұндағы  $R_{i(S-1)}, R_{S-1}$  –  $i$ -нші және  $0$ -нші КФА-нан  $S - 1$  итерацияда есептелген  $(x_{T(S-1)}, y_{T(S-1)}, z_{T(S-1)})$  координаталы нүктеге дейінгі қашықтық;  $(T_i - T)$  – корреляциялық өңдеу алгоритмі арқылы алынған  $i$ -нші және  $0$ -нші КФА-дағы сигнал кіріс сәттерінің айырмасы;  $c$ -радиотолқынның таралу жылдамдығы.

3. Алдыңғы қадамда өлшенген  $(x_{T(S-1)}, y_{T(S-1)}, z_{T(S-1)})$  координата арқылы  $A_S$  жеке туындылар матрицасы есептелінеді [1]:

$$A_{i1(x)} = \frac{d\Delta R_i(x_S, y_S, z_S)}{dx_S}, \quad A_{i2(x)} = \frac{d\Delta R_i(x_S, y_S, z_S)}{dy_S}, \quad A_{i3(x)} = \frac{d\Delta R_i(x_S, y_S, z_S)}{dz_S}.$$

4.  $S-1$  қадамдағы есептер нәтижесі бойынша  $s$  қадамдағы  $\xi_S$  түзетулер есептелінеді:

$$\xi_S = ((A_{S-1})^T R A_{S-1})^{-1} (A_{S-1})^T R C.$$

5. Сигнал көзінің координаттарының нақтыланған мәндері есептеледі:



$$a_s = [x_{T(s)}, y_{T(s)}, z_{T(s)}] = [x_{T(s-1)}, y_{T(s-1)}, z_{T(s-1)}] + \xi_s, s = 1, 2, \dots, K.$$

6.  $\xi_s$  векторындағы ең үлкен мәні берілген межелік деңгеймен салыстырылады. Егер түзету межеден төмен болса, координата есептеу циклінен шығарылып,  $a_s$  қорытынды координата бағалауы болып қабылданады. Болмаса,  $S$  итерация санауышы бір қадамға жылжып, 1 пунктке қайта оралады.

Модельдеудің бірінші кезегінде бастапқы деректерді беру қажет, олар – КҒА орбитасының биіктігі, база өлшемдері, КҒА координаттарын анықтау қателігі, сигнал кірісі сәтін анықтау қателігі, өлшеулер саны. Орбита биіктігі Жердің радиациялық белдеулерімен шектеледі. КҒА құрылғысына радиацияның әсерін азайту үшін элементарлық бөлшектердің ең аз шоғырланған орбитаны таңдау керек. Ондай орбиталар 750-ден 2000 км-ге дейінгі биіктікте орналасқан. Базаның өлшемдері орбитадағы жер серіктері санына және олардың жер бетін қамту еселігіне тәуелді. РСК координаттарын анықтау үшін төрт есе қамтылу қажет, яғни берілген аймақта бір уақытта төрт жерсерікпен шолу жүзеге асырылуы тиіс. Базаның ең үлкен өлшемі 3000 км, ал ең кіші өлшемі 200 км. Сигнал кіріс сәтін анықтау қателіктерінің шекарасы қабылдау құрылғысымен анықталады. Қазіргі қабылдағыштар кіріс сәтін анықтау қателігін 25-тен 100 нс аралығында қамтамасыз етеді. Координаттарды бағалаудың орташа квадраттық қателігінің базаның өлшемдерінен және КҒА орбитасының биіктігінен тәуелділігі сигнал кіріс сәтін анықтау қателігінің үш мәні – 25, 50 және 100 нс кезінде алынды.

Жұмыс нәтижесінде келесідей қорытынды келтіруге болады:

1. Төмен орбиталы жер серіктері топтамаларын қолдану жоғары орбиталыдан тиімдірек, себебі координаттарды бағалау дәлдігі жағдай сызықтарының қиылысу бұрышы үлкенірек болғандықтан жоғары.

2. Радиация белдеуінің әсерінен орбита биіктігін 750-2000 км аралығында таңдау керек, және айырмалық-қашықтық әдісін іске асыру үшін жер бетін төрт есе қамту керек және жерсеріктің қызмет мерзімі оның орбита биіктігіне тура пропорционалды екенін есепке алу керек.

3. Жүйе базасын үлкейту дәлдіктің артуына әкеледі, бірақ 2000 км-ден кейін бір деңгейде сақталады. Радиациялық белдеу мен жерсеріктің орбитадағы қызмет мерзімін еске ала отырып, КҒА топтамасы үшін келесі параметрлер алынды: КҒА орбита биіктігі 1500 км, база 2000 км.

4. Осындай параметрлерде РСК координатын 100 м дәлдікпен анықтау үшін сигнал кірісі сәтін анықтау дәлдігін 25-30 нс және жерсеріктердің координатты бағалау дәлдігін 30 м шамасында қамтамасыз ету керек.

5. РСК координатасын бағалау дәлдігін арттырудың тағы бір жолы жер бетін қамту еселігін арттыру, яғни орбитада КҒА санын арттыру болып табылады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Черняк В.С. Многопозиционная радиолокация. – М.: Радио и связь, 1993. – 416 с.
2. Денисов В.П. Фазовые радиопеленгаторы / В.П. Денисов, Д.В. Дубинин. – Томск: Том. гос. ун-т систем упр. и радиоэлектроники, 2001. – 251 с.
3. Денисов В.П. Радиотехнические системы / В.П. Денисов, Б.П. Дудко. – Томск: Томск. гос. ун-т систем упр. и радиоэлектроники, 2006. – 253 с.
4. Сколник М.И. Справочник по радиолокации. Основы радиолокации: справочное издание / М.И. Сколник, К.Н. Трофимов, Я.С. Ицхок. – М.: Сов. радио, 1976. – 456 с.
5. Вознюк В.В. Космическая система радиотехнического мониторинга на основе группировки низкоорбитальных малогабаритных космических аппаратов / В.В. Вознюк, С.А. Зайцев // Изв. вузов. Приборостроение. – 2005. – Т. 48, № 6. – С. 26–31.

Gafarov Z.T.

**Determination of coordinates of radio sources of difference-distance measuring method using a constellation of spacecraft**

**Summary.** The use of low-orbit satellite groupings is preferable to high-orbit ones, since the accuracy of the coordinates estimation is higher due to the fact that the position lines intersect at less acute angles. The height for the grouping of small spacecraft should be chosen in the range from 750 to 1500 km due to the presence of radiation belts. An increase in the base of the system leads to an increase in accuracy and is advisable to a value of about 2000 km, a further increase in the base will lead to a slight increase in accuracy. One of the reserves for improving the accuracy of the estimation of the coordinates of the source of radio emission is an increase in the multiplicity of the earth's surface coverage, i.e. an increase in the number of small spacecraft in orbit.

**Keywords:** the source of radio emission, the difference-range method, the base, the error in determining the coordinates, the error in determining the moment of arrival of the signal.

Гафаров Ж.Т.

**Определение координат источников радиоизлучения разностно-дальномерным методом с использованием группировки космических аппаратов**

**Резюме.** Применение низкоорбитальных группировок спутников предпочтительно по сравнению с высокоорбитальными, поскольку точность оценки координат выше за счет того, что линии положения пересекаются под менее острыми углами. Высоту для группировки МКА нужно выбирать в пределах от 750 до 1500 км из-за наличия радиационных поясов. Увеличение базы системы приводит к повышению точности и целесообразно до величины порядка 2000 км, дальнейшее увеличение базы приведет к незначительному повышению точности. Одним из резервов повышения точности оценки координат ИРИ является увеличение кратности покрытия земной поверхности, т.е. увеличение количества МКА на орбите.

**Ключевые слова:** источник радиоизлучения, разностно-дальномерный метод, база, погрешность определения координат, погрешность определения момента прихода сигнала.

ОӘЖ 336.338.24

**Б.Р. Ганибай**

*Ғылыми жетекші – Байматаева Ш.М.,*

*Казахский национальный исследовательский технический университет имени*

*К. И. Сатпаева, Казахстан, г. Алматы*

*ganibaybanu@mail.ru*

**ШАРУАШЫЛЫҚ СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН БОЛЖАУ  
ӘДІСТЕРІН ЗЕРТТЕУ**

**Аннотация.** Бұл мақалада шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылық жағдайын болжау мәселелері қарастырылады. Қаржылық интеллект ұйымды нарықтық экономикада дамытудың ықтимал жолдарын зерттеу және жобалау үшін қажет. Кәсіпкерлік субъектілерінің қаржылық жағдайын болжау әдістеріне шолу. Осы мақсаттар үшін Альтман моделін пайдалану ұсынылады.

**Түйінді сөздер.** Қаржылық талдау, қаржылық болжау, қаржы көрсеткіштерін болжау, банкроттық.

Қазіргі жағдайда қаржылық талдау шаруашылықтарды басқарудың ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Ұйымның тиімді жұмыс істеуі үшін сыртқы және ішкі ортадағы мүмкін өзгерістерді ескере отырып, шаруашылық субъектісінің болашақ жағдайын бағалауға болады. Қаржылық болжау - бұл қаржылық тұрақтылықты және әртүрлі тәуекелдер жағдайында шаруашылық жүргізуші субъектінің қаржы және бизнес қызметін тиімді ұйымдастыруға, қаржы жоспарларын әзірлеуге және сыртқы және ішкі ортаға теріс әсерін болдырмауға немесе азайтуға мүмкіндік беретін қаржылық болжамдар жүйесін жасау үдерісі. Осылайша, компанияның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында оның қызметіне болжам жасау зерттеудің маңызды тақырыбы және оның болашақ дамуының маңызды компоненті болып табылады.

2. It is shown that the number of microorganisms in the soil reaches its maximum in the spring, which is due to sufficient warming of the soil and sufficient humidity during this period. In summer, there is a decrease in the number of microorganisms on the soil surface, at the same time, the difference between the values at the surface and in the depth decreases.

## Literatures:

1. Gibson, G. R., and R. Fuller. Aspects of in vitro and in vivo research approaches directed toward identifying probiotics and prebiotics for human use. *J. Nutr.* 130, 2000, pp. 391–395.
2. Saarela M., Mogensen G., Fonden R., Matto J. and Matilla S. T. Probiotic bacteria: Safety, functional and technological properties // *Journal of Biotechnology.* -2000. -№ 84. -P.197-215.
3. Диаров М.Д., Гилязов Е.Г., Димеева Л.А., Большов А.А., Жмыхов А.А., Ергалиев Т.Ж., Диарова М.А. Экология и нефтегазовый комплекс: в 7 т. / под ред. М.Д.Диарова. – Алматы: Галым, 2003. – Т. 2. Почвенно-растительный покров. Природно-заповедные зоны. – 234 с.



4. Тимергазина И.Ф., Переходова Л.С. К проблеме биологического окисления нефти и нефтепродуктов углеводородоокисляющими микроорганизмами // Нефтегазовая геология. Теория и практика. – 2012. – Т. 7, № 1. – [http://www.ngtp.ru/rub/7/16\\_2012.pdf](http://www.ngtp.ru/rub/7/16_2012.pdf)

5. Ветрова А.А., Иванова А.А., Филонова А. Е. и др. Биодеструкция нефти отдельными штаммами и принципы составления микробных консорциумов для очистки окружающей среды от углеводородов нефти // Известия Тульского государственного университета. Серия Естественные науки. – 2013. – В. 2., Ч.1. – С. 241–257.

6. Мокеева А. В., Алексеев А. Ю., Емельянова Е. К. и др. Ассоциация штаммов бактерий - нефтедеструкторов для ремедиации нефтезагрязненных территорий // Вестник НГУ. Серия Биология, клиническая медицина. – 2011. – Т. 9, № 3. – С. 27-34.

7. Sánchez O., Ferrera I., Vigués N. et al. Presence of opportunistic oil-degrading microorganisms operating at the initial steps of oil extraction and handling // J. International Microbiology. – 2006. – № 9. – P. 119-124.

8. Zhang Z., Gai L., Hou Z. et al. Characterization and biotechnological potential of petroleum-degrading bacteria isolated from oil-contaminated soils // Bioresour. Technol. – 2010. – Vol. 101. – P. 8452–8456.

**Сакиева З.Ж., Жолмырзаева Р.Н., Сапарбекова А.А., Мамаева Л.А., Нусенова А.Д.**

**Микробиологические исследования нефтезагрязненных почв в качестве основной характеристики самоочищающихся процессов в почве**

**Аннотация.** Загрязнение почвы нефтью и нефтепродуктами в настоящее время является острой проблемой. Хроническое загрязнение нефтью представляет серьезную угрозу для окружающей среды и здоровья человека. Исследования проводились в стационарных местах, расположенных в разных частях города Шымкент: территории проспекта Тауке Хан; площадь парка Абая; территория вблизи Шымкентского нефтеперерабатывающего завода; на территории региона «Нурсат». Количество микроорганизмов в почве достигает максимума весной, что обусловлено достаточным потеплением почвы и достаточной влажностью в течение этого периода.

**Ключевые слова:** нефть, загрязненная почва, микроорганизмы, окружающая среда, гумус, влажность.

**Сакиева З.Ж., Жолмырзаева Р.Н., Сапарбекова А.А., Мамаева Л.А., Нусенова А.Д.**

**Топырақтағы өздігінен тазаланатын процестердің негізгі сипаттамасы ретінде мұнаймен ластанған топырақты микробиологиялық зерттеу**

**Аңдатпа.** Қазіргі уақытта топырақтың мұнаймен және мұнай өнімдерімен ластануы өткір проблема болып табылады.

Мұнайдың созылмалы ластануы адам денсаулығы мен қоршаған ортаға елеулі қауіп төндіреді. Зерттеулер Шымкент қаласының әртүрлі бөліктерінде орналасқан стационарлық орындарда жүргізілді: Тәуке Хан даңғылы аумағы; Абай паркінің алаңы; Шымкент мұнай өңдеу зауытының жанындағы аумағы; "Нурсат" аймағының аумағында.

Топырақтағы микроорганизмдердің саны көктемде максимумға жетеді, бұл топырақтың жеткілікті жылынуымен және осы кезең ішінде жеткілікті ылғалдылықпен байланысты.

**Кілт сөздер:** мұнай, ластанған топырақ, микроорганизмдер, қоршаған орта, гумус, ылғалдылық.

## СЕКЦИЯ «АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ БИОЛОГИИ И БИОТЕХНОЛОГИИ»

УДК 573.6.086.83.001.26

**А.С. Ағыбаева**

*Ғылыми жетекші-Р. Адырбайқызы, ассоцирленген профессор, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты*

*Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Қазақстан, Алматы қ*

*agibaevaajdana@gmail.com*

### **БИОПРИНТИНГ- АДАМ ӨМІРІН САҚТАУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ТЕХНОЛОГИЯ**

**Аннотация.** Әлемде күніне донорлық мүшелердің жетіспеуінен 20 дан астам адам көз жұмуда, әр 10 минут сайын трансплантацияға мұқтаж адамдар тізіміне жаңа есімдер тіркелуде. Тек АҚШ та ғана донорлық мүшелерді ауыстыру үшін 114 мыңнан астам адам кезекте тұр, солардың көпшілігі бүйрек трансплантациясына мұқтаж жандар. Онымен қоса операцияны күту 10-15 жылға созылғандықтан адамдар өз кезегіне жетпестен көз жұмуда. 3D-биопринтер технологияларын дамытып, қолданысқа енгізу- бұл мәселелерді шешудің негізгі жолы болып табылады.

**Түйін сөздер:** биопринтинг, ағзалар трансплантациясы, діңгек жасушалары, тіндік сферойдтар, 3D-принтер.

Медицинадағы үлкен мәселелердің бірі- донорлардың жетіспеушілігі мен донорлық ағзаларға тәуелді пациенттер санының көбеюі. Адамзаттың ауру немесе жұмыс жасауын тоқтатқан дене мүшелерін ауыстыру мүмкіншілігі туралы арманы тек алдыңғы ғасырдың ортасында ғана шындыққа айналды. Бүгінгі күнде адам ағзасын ауыстыру технологиясы жақсы дамығанымен, трансплантацияға арналған ағзалардың жетіспеушілігі маңызды мәселеге айналууда. Бұл мәселені толыққанды шешуде адам ағзасын үш құрылымда басып шығаратын технология- биопринтинг қолданылады. Биопринтинг- нысандарды компьютерлік модель негізінде металдардан немесе полимерлерден қабаттап құю технологиясына ұқсас, тек құрылыс материалдарының орнына биореакторда өсірілген пациенттің өзіндік тірі жасушалары қолданылады. 3D принтинг нақты оталарды жасауда болашақ хирургтардың дағдыларын қалыптастырып дамыту үшін оқу құралдары ретінде пайдаланылады. Қазірдің өзінде университеттік зертханалар мен жеке компаниялар органдардың кішкентай фрагменттерін жасау үшін 3D-басып шығару технологиясын пайдалана отырып, алғашқы қадамдар жасады. Регенеративті медицина пациенттерге зертханалық жағдайда өсірілген теріні, кеңірдектерді және қан тамырларын импланттады. 3D биопринтинг технологиясы тері, дененің бөліктерін және жүрек, бауыр және бүйрек сияқты ағзаларды басып шығаруда жылдамдығы мен компьютерлік дәлдігімен артықшыланады және медицинадағы үлкен серпіліс болып табылады.

#### **Ашылу тарихы**

Биопринтинг идеясы тіндердің өзіндік бірігу процестерінің *in vitro*, яғни тірі ағзадан тыс жүретіндігінен туындады. XIX ғ. соңында бұл феноменнің алғашқы ашушысы неміс анатомия профессоры Г. Борн болды. Борн бақашабакты препаратиялау жұмыстарын кешкі асқа байланысты тоқтатып, жұмысына келесі күні келгенде бақашабактың фрагменттерінің біріккенін көріп таңқалған болатын.[1] Ал 1907 жылы американдық теңіз биологы Г. В. Вильсон теңіз губкаларының ұлпаларының өздігінен қосылуын анықтады. Осылайша, бұл анықтамалар биопринтингтің идеялық негізін қалыптастырды.[2]

2000 жылы биоинженер Томас Боланд, күрделі есептеулер мен модификациялар арқылы ДНҚ фрагменттерін басып шығаруға арналған Lexmark және HP үстелдік принтерлерінің

баптаулары мен сипаттамаларын өзгерттіп, адам жасушаларының параметрлері әдеттегі принтерде сия тамшылары өлшемімен салыстыру нәтижесінде олардың көлемдерінің бірдейлігін, 10 микронға тең екендігін анықтады. Зерттеулер барысында 3D-биопринтинг процесінде жасушалардың 90 % өздерінің функциялары мен өміршеңдігін сақтайтыны анықталды. [3]2003 жылы Т. Боланд клеткалық биопринтинг технологиясын патенттеді. Сол сәттен бастап 3D принтерде органдарды басып шығару мүмкіндігі фантастикалық нәрсе болудан қалды. Зертханалық жағдайларда бірнеше онжылдықтар ішінде құлақ раковиналарын, жүрек қақпақшаларын басып шығаруға, сондай-ақ тері мен сүйек тіндерін ауыстырып қоюға қабілетті, тез дамып келе жатқан индустрияға айналды.[4] 2007 жылдан бастап биопринтинг коммерциялық кескіндерді ала бастады.

### **Зерттеу нәтижелері мен жетістіктері**


3D-биопринтинг арқылы органдарды құру бойынша алғашқы сәтті эксперимент 2006 жылы өтті. АҚШ-та "Уэйк Форест" жеке зерттеу университетінің ғалымдары бірнеше пациенттер үшін қуық жасап, басып шығарды. Осы жасанды органды жасау үшін дәрігерлер дiңгек жасушаларын қолданды. 3D принтеріндегі ағзалар басылымымен бірнеше ірі компания айналысады. Осы салада ең үлкен жетістіктерге америкалық "Organovo" компаниясының инженерлері жетті, олар бауыр тiнiн басып шығара алды. 2014 жылдың қараша айында әлемді "Organovo" компаниясының мамандары бауырды 3D-принтерде басып шығарғаны туралы жаңалық дүр сілкіндірді. Бұл жолы американдық ғалымдар 5 апта бойы өзінің биологиялық функциялары мен өміршеңдігін жүзеге асыра алатын адам тiнiн басып шығарды. Өндірілген ағза дәрі-дәрмектерді тестілеу үшін арналған, алайда өнертапқыштар алдағы уақытта донорлық ағзаларды шығаруды мақсатқа алды. Өзірге фармацевтикалық компаниялар "Organovo" зертханасынан алынған ағзаларды тәжірибелік фармацевтикалық үлгілерді сынақтан өткізу үшін пайдаланады. Мұндай тест жүргізу жүйесі дәрі өндірушілерге улы антибиотиктерді эзірлеуге мүмкіндік береді.[5] Биоинженерлер 3D-принтерде екі апта бойы өздерінің биологиялық функциялары мен өміршеңдігін сақтайтын өмірге қабілетті бүйректерді басып шығара алды. Өз кезегінде, "CyFuse" жапон компаниясы микроскопиялық сфероидтардың көмегімен клеткалық қосылыстарды модельдеуде еңбек етуде. ТМД елдерінің ғалымдары басқа шет елдік әріптестерінен қалыс қалмайды. Ресейде "3D Биопринтинг Солюшенс" компаниясы жүргізген биологиялық зерттеулер сәтті аяқталды. Биоинженерлер қалқанша безінің 3D-үлгісін басып шығара алды. Эксперимент барысында ғалымдар "3DBio" жоғары технологиялы 3D-принтерін қолданды.[6] Сарапшылардың болжамына қарағанда Биопринтинг әлдеқайда жоғары қарқынмен дамып келеді. Инженерлер жоғары дәлдікті модельдерді жасауды және адамның сүйек қаңқасының түрлі элементтерін — саусақтардың фалангаларын, жамбас-сан буындарын, кеуде қуысының бөлшектерін жасауды үйренді.

### **Процесс барысы**


Биопринтинг технологиясы белгілі жасушалық құрылымның өзіндік жинақталу құбылысына негізделген. Ол 3D-принтердің базалық әдістемесіне ұқсас, металдан, керамика немесе полимерлерден жасалған әртүрлі үшөлшемді объектілерді қабаттап қалыптастырудың жақсы өңделген технологиясы, тек қана метал орнына биологиялық объектілер қолданылады.[7]

3D принтерде органдарды басып шығару үшін гель, арнайы сұйықтық немесе ұнтақ толтырғыш қолданылады. Қолданылатын құрылғыға байланысты жұмыс материалы диспенсерден тұрақты ағыс түрінде немесе мөлшерленген тамшылар түрінде беріледі. [8] Тіндік құрылысты жасауда қолданылатын тірі "кірпіш" сфероид деп аталады. Бұл сфероид кішкентай (200-300 мкм диаметрі) шар тәрізді тірі жасушалардың жиынтығы. Құрылымының сұйық болуы өте маңызды, өйткені тығыз қатты сфероидтар баяу бірігіп жетіледі. Сұйықтық тамшылары сияқты олар бір-бірімен қосылады және болашақ орган құру кезінде олар түрлі типтегі қатаң белгіленген тәртіппен арнайы гидрогельді төсеніш биоқағазға қабаттала

басылады (1-сурет). Олардың қосылыстарынан қан тамырлары, бүйрек түйнектері сияқты дайын ағза бөлшектері жасалады(2-сурет).



Сурет 1 - Сфероидтардың гидрогельге реттілікпен қабатталып басылуы



Сурет 2 - Сфероидтардың бірігіп ағза құрауы

Тіндік сфероидтарды пациенттің жасушалық суспензиясынан инкубация жолымен алуға болады. Шикізат ретінде вакуумды липосакция процедурасы көмегімен бірден көп мөлшерде алуға болатын пациенттің май тіндеріндегі дінгек жасушалары тиімді болып табылады. Алынған жасушалар тіршілігіне қажетті барлық заттармен қамтамасыз ететін биореакторларда көбейтіледі.[9]

Тірі ағзаларды жасанды жасау өндірісінде бірнеше автоматтандырылған құрылғылар-пациент жасушасын жинаушы, тіндік сфероид биофабрикаты, биопринтер және биореактор қажет. [10]Толығымен басылып шыққан ағза инкубаторда сақталады.

### **Қорытынды**

Биопринтинг- адам өмірі үшін маңызды , дамушы технологиялардың бірі. Қазіргі осы технология көмегімен басылып шығарылған биофабрикаттарға қарамастан, әзірге адам ағзасы функцияларын толығымен атқара алатын құрылым жасалынбады. Дегенмен донорлық ағзаларға сұраныстың артуы комерциялық бәсекелестікті арттырып, көптеген зерттеуледі қаржыландыру нәтижесінде қолданысқа жарамды ағзалар жасалатын күн алыс емес. Ғалымдар 2030 жылы табиғи фунцияларды толық атқаратын бүйрек басылып шығарылып, қолданысқа енгізілетінін айтуда. Осылайша жақын болашақта донорлар тапшылығы мәселесі шешілмек.

### **Әдебиеттер:**

1. Martin I., Wendt D., Heberer M. The role of bioreactors in tissue engineering. Trends Biotechnol. 2004 Feb; 22(2):80–6.
2. Mehesz, Brown J., Hajdu Z. et al. Scalable robotic biofabrication of tissue spheroids // Biofabrication. 2011 Jun; 3(2):025002. doi: 10.1088/1758–5082/3/2/025002. Epub 2011 May 12.

3. Song J. J., Guyette J. P., Gilpin S. E et al. Regeneration and experimental orthotopic transplantation of a bioengineered kidney // Nat Med. 2013 May; 19(5):646–51. doi: 10.1038/nm.3154. Epub 2013 Apr 14.

4. Климушева Н.Ф. Трансплантация солидных органов: пути оптимизации и повышения эффективности: дис. ... докт. мед. наук. – М., 2016. – 248 с.

5. Готье С.В., Мойсюк Я.Г., Хомяков С.М., Ибрагимова О.С. Развитие органного донорства и трансплантации в российской федерации в 2006–2010 годах. Т. 13, № 2. – С. 6–20.

6. Готье С.В., Хомяков С.М. Оценка потребности населения в трансплантации органов, донорского ресурса и планирование эффективной сети медицинских организаций (центров трансплантации) // Вестник трансплантологии и искусственных органов. – 2013. – Т. XV, № 3. – С. 11–24.

7. Готье С.В. Современное состояние трансплантологии в России // Трансплантология. – 2012. – № 4 – С. 14–19.

8. Доклад общественного совета председателя военнопромышленной комиссии при правительстве РФ. – М., 2013. – 106 с.

9. Schwabe P., Haas N.P., Schaser K.D. Fractures of the extremities with severe open soft tissue damage. Initial management and reconstructive treatment strategies // Unfallchirurg. – 2010. – Aug; Vol. 113(8). – P. 647–70.

10. Лихтерман Л.Б. Черепно-мозговая травма. Диагностика и лечение / Л.Б. Лихтерман. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2014. – 488 с.

#### **А.С. Ағыбаева, Р. Адырбайқызы**

##### **Биопринтинг-важная технология сохранения жизни человека**

**Аннотация.** Каждый день почти два десятка человек умирает из-за нехватки донорских органов, каждые десять минут в лист ожидания на трансплантацию добавляется новое имя. Только в США более 114 тыс. человек ожидают донорские органы для пересадки, и большая часть из них – пациенты с почечной недостаточностью. К этому можно добавить, что период ожидания такой операции может достигать 10–15 лет, поэтому неудивительно, что почти четверть ожидающих очереди на трансплантацию умирают, ее не дождавшись. Развитие и внедрение технологий 3D-биопринтера является основным путем решения этих проблем.

**Ключевые слова:** биопринтинг, трансплантация органов, стволовые клетки, тканевые сфероиды, 3D-принтер

#### **A.Agibaeva, R. Adyrbaikyzy**

##### **Bioprinting - an important technology for saving human's life.**

**Annotation.** Every day, almost two dozen people die due to a shortage of donor organs, every ten minutes, a new name is added to the waiting list for transplantation. In the USA alone, more than 114 thousand people are waiting for donor organs for transplantation, and most of them are patients with renal insufficiency who need a new kidney. To this we can add that the waiting period for such an operation can reach 10-15 years, so it is not surprising that almost a quarter of those waiting in line for transplantation die without waiting for it. The development and implementation of 3D bioprinter technologies is the main way to solve these problems.

**Key words:** bioprinting, organ transplantation, stem cells, tissue spheroids, 3D printer

**Б.Б. Анапияев<sup>1</sup>, Е.Б. Бейсенбек<sup>2</sup>, А.Б. Ахметова<sup>2</sup>**

*Научный руководитель - Искакова К.М.<sup>2</sup> ассоциированный профессор, кандидат биологических наук*

*<sup>1</sup>Казахский национальный исследовательский технический университет имени К.И.Сатпаева, Казакстан, г. Алматы,*

*<sup>2</sup>Казахский национальный аграрный университет, г. Алматы, Казакстан  
bak\_anapiyayev@mail.ru*

## **ИЗУЧЕНИЕ УСТОЙЧИВОСТИ ДИГАПЛОИДНЫХ ЛИНИЙ ПШЕНИЦЫ К БИОТИЧЕСКИМ СТРЕССОВЫМ ФАКТОРАМ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ**

**Аннотация.** Были изучены устойчивость дигаплоидных линий мягкой яровой пшеницы *Triticum aestivum* L. к ржавчинным болезням в условиях Юго-Востока Казахстана. В результате проведенных исследований удалось выделить несколько номеров дигаплоидных линий пшеницы, которые показали высокую устойчивость к ржавчинным болезням: WABB-3, WABB-6 и WABB-12.

**Ключевые слова:** пшеница, гаплоидная биотехнология, культура изолированных микроспор *in vitro*, ржавчинные болезни

В последнее время наблюдается тенденция увеличения объемов применения биотехнологических методов в растениеводстве, практической селекции и генетике, а также в промышленности, включая пищевую, энергетическую, фармакологию, и других важных отраслях народного хозяйства и области научных дисциплин. В связи с этим, все большее значение приобретает одно из новых направлений растениеводства – биотехнология, где в качестве приоритетных звеньев выделяют разработку и освоение эффективных методов культуры клеток, тканей и органов растений, основанных на достижении фундаментальных исследований в области физиологии, генетики, ботаники, молекулярной биологии и других наук. Среди них особое внимание и практическую ценность для зерновых злаков представляет экспериментальная гаплоидия. Явление гаплоидии имеет важное теоретическое и практическое значение, поскольку доказывает, что генетическая информация, представленная только одним геномным набором хромосом, полностью обеспечивает реализацию программ онтогенеза.

В настоящее время разработаны несколько методических подходов по созданию дигаплоидов, среди которых более перспективным является культура изолированных пыльников и микроспор *in vitro*.

С использованием гаплоидной биотехнологии создано множество ценных форм и сортов зерновых культур, в том числе пшеницы. Однако, несмотря на некоторые методические успехи, гаплоидная биотехнология нуждается в совершенствовании, особенно в звеньях отбора ценных изогенных линий на ранних этапах селекционного процесса.

В связи с этим, целью данного исследования было использование метода гаплоидной биотехнологии на основе культуры изилированных микроспор *in vitro* для создания дигаплоидных линий устойчивых к ржавчинным болезням.

### **Материалы и методы исследования**

Объектом исследования служили андроклинные дигаплоидные линии мягкой пшеницы *Triticum aestivum* L.: WABB-1, WABB-2, WABB-3, WABB-4, WABB-5, WABB-6, WABB-7, WABB-8, WABB-9, WABB-10, WABB-11 и WABB-12.

В качестве контроля использовали стандартный сорт Казахстанская раннеспелая. Изолирование пыльников и их культивирование осуществляли на стадии вакуолизированной микроспоры по ранее описанному методу [4]. Для культивирования пыльников использовали

модифицированную питательную среду Блейдза, содержащую 0,5 мг/л 2,4-Д; 100 мг/л мезоинозита; 110 г/л сахарозы; 6 г/л агара [5]. Для культуры изолированных микроспор использовали модифицированную жидкую питательную среду на основе № 6 с 1 мг/л 2,4-Д; 100 мг/л мезоинозита; 90 г/л сахарозы [6-8].

Для исследования устойчивости АДГ линии к ржавчинным болезням их выращивали на инфекционном питомнике Казахского института земледелия (Алматинская обл.). В качестве инициатора использовали расы *Puccinia graminis*, *Puccinia stiiiformis*, *Puccinia recondita* и *Septoria nodorum* *Septoria tritici*. Опыты и статистический анализ полученных результатов проводили по общепринятой методике.

#### **Результаты исследований и их обсуждение**

В настоящее время, в связи с глобальным загрязнением окружающей среды, требуется ограничить применение химической защиты сельскохозяйственных растений. Поэтому одной из актуальных задач современной селекции является создание сортов и форм растений, устойчивых к болезням и вредителям. В Казахстане распространенными заболеваниями, встречающимися почти во всех регионах, возделывающих пшеницу, являются бурая, желтая, стеблевая ржавчина и септориоз, которые вызывают снижение урожая в годы эпифитотии до 30 % и более (Турапин, Мостовой, 1995). Из-за изменчивости патогена появляются новые расы, приводящие к активизации других генов вирулентности, поэтому перспективные сорта через некоторое время теряют свою устойчивость (Сейтхожаев и др., 1998).

В настоящее время для создания новых сортов и линий пшеницы в среднем требуется 10-12 лет. Для сокращения селекционного процесса и увеличения эффективности селекции в последнее время активно применяются биотехнологические методы, среди которых особое место занимает гаплоидная технология. Гаплоиды позволяют всего за 1-2 года создать из перспективных гибридов стабильные гомозиготные линии. Поэтому гаплоиды нашли широкое применение в практической селекции пшеницы. Нами, в результате проведения фундаментальных исследований процессов морфогенеза и регенерации растений в культуре изолированных микроспор пшеницы *in vitro*, была создана воспроизводимая модельная система. В результате применения разработанной нами гаплоидной биотехнологии в практической селекции пшеницы были созданы ценные андроклинные дигаплоидные линии (АДГ) из перспективных гибридов пшеницы Казахстанской селекции (Анапияев и др., 2017).

В настоящей работе приведены результаты исследования принципиальной возможности создания устойчивых линий и форм к биотическим стрессам с применением разработанной нами гаплоидной биотехнологии, а также селекции АДГ линий и контрольных сортов на устойчивость к наиболее распространенным заболеваниям - ржавчине (бурая, желтая и стеблевая).

В первой серии экспериментальных работ была изучена устойчивость созданных на основе гаплоидной биотехнологии дигаплоидных линий к ржавчинным болезням в условиях инфекционного питомника. В качестве инициатора использовали расы *Puccinia graminis*, *Puccinia stiiiformis*, *Puccinia recondita* и *Septoria nodorum* *Septoria tritici*. Изученные нами дигаплоидные линии пшеницы WABB-1, WABB-2, WABB-3, WABB-4, WABB-5, WABB-6, WABB-7, WABB-8, WABB-9, WABB-10, WABB-11 и WABB-12 показали различный уровень устойчивости к вышеуказанным вирулентным штаммам возбудителей ржавчинных болезней в условиях богары Юго-Востока Казахстана.

В результате проведенных исследований были отобраны дигаплоидные линии яровой мягкой пшеницы *Triticum aestivum* L., которые показали высокую устойчивость к ржавчинным болезням (Таблица 1).

Таблица 1 - Иммунологическая характеристика яровых форм дигамплоидных линий пшеницы *Triticum aestivum* L.

№	Генотип	<i>Yr</i>	<i>Lr</i>	<i>Sr</i>
1	WABB-1	20MS	80MS	80S
2	WABB-2	<b>0R</b>	<b>5R</b>	<b>0R</b>
3	WABB-3	<b>0R</b>	<b>0R</b>	<b>0R</b>
4	WABB-4	10MS	70S	50S
5	WABB-5	20S	90S	60S
6	WABB-6	<b>0R</b>	<b>0R</b>	<b>0R</b>
7	WABB-7	10MS	70S	50MS
8	WABB-8	20S	90S	60S
9	WABB-9	10S	70S	80S
10	WABB-10	<b>0R</b>	60S	80S
11	WABB-11	20S	100S	40S
12	WABB-12	<b>0R</b>	<b>0R</b>	<b>0R</b>
13	WABB-13	<b>0R</b>	10MS	80S
14	WABB-14	10MS	70S	60S
15	WABB-15	<b>5MR</b>	60S	60S
16	WABB-16	<b>0R</b>	80S	70S
17	стандарт	20S	100S	80S

**Примечание:** *Yr* (yellow rust) - желтая ржавчина; *Lr* (Leaf rust) - листовая ржавчина; *Sr* (stem rust) - стеблевая ржавчина пшеницы; R - устойчивый, MR - умеренно устойчивый, MS - умеренно восприимчивый, S - восприимчивый

Дигамплоидные линии пшеницы WABB-3, WABB-6 и WABB-12 показали высокую устойчивость к исследованным трем видам ржавчинных болезней и не поражались иницирующими агентами расы *Puccinia graminis*, *Puccinia striiformis*, *Puccinia recondita* и *Septoria nodorum* *Septoria tritici*. Дигамплоидная линия мягкой яровой пшеницы WABB-2 была устойчивой к желтой и стеблевой ржавчине. Дигамплоидные линии WABB-10, WABB-13 и WABB-16 показали высокую устойчивость к желтой ржавчине.

Таким образом, в результате проведенных исследований нами были отобраны перспективные номера дигамплоидных линий мягкой яровой пшеницы WABB-10, WABB-13 и WABB-16, которые могут быть использованы как исходный материал для создания нового сорта пшеницы несущие гены устойчивости к ржавчинным болезням для условий Юго-Востока Казахстана.

#### Литературы:

1. Snape J.W. Golden calves or white elephants? Biotechnologies for wheat improvement // In. Wheat: Prospects for Global Improvement, H.J. Braun et.al., Eds. Kluwer Acad. Press. Netherlands, - 1998, - P. 273-283.
2. Ayed S.O., De Buyser J., Picard E. et. al., Effect of pre-treatment on isolated microspores culture ability in durum wheat (*Triticum turgidum* subsp. *durum* Desf). J. of Plant Breeding and Crop Science, 2010, - 2(2), - P. 030-038.



3. Anapiyayev B.B., Iskakova K.M., Beisenbek E.B. Ways of development of wheat microspores in vitro and processes of spontaneous formation of doubled haploid regenerant-plants // Proc. V Inter. Confer. Embryology, Genetics and Biotechnology, Saint Petersburg, 2016, - P. 57.

4. Anapiyayev B.B., Iskakova K.M., Beisenbek E.B., Sarbayev A.T., Dweikat I.M., Baenziger P.S. Molecular markers and haploid biotechnology in rapid selection to rust diseases resistance of *Triticum aestivum* L. // Proc. Intern. Confer/ PlantGen, - 2017

5. Blaydes D.F. Interaction of kinetin and various inhibitory in the growth of souebean issue. // Physiol. Plant. - 1966. - 19. - P. 748-753.

6. Chu C.C. The N6 medium and it's application to anther culture of cereal crops // Proc. Symp. Plant tissue culture. Beijing: Science press. – 1978, - P. 43-50.

7. Zheng M.Y. Microspore culture in wheat (*Triticum aestivum* L.) – doubled haploid production via induced embryogenesis. Plant Cell, Tissue and Organ Culture, - 2003, - 73: 213 – 230.

8. Grauda D., Lepse N., Strazdina V. et. al., Obtaining of of doubled haploid lines by anther culture method for the Latvian wheat breeding. Agronomy Research, - 2010, - 8, - P. 545-552.

9. Койшбаев М. Болезни зерновых культур.- Алматы: Бастау, 2002. - 367с

10. Сарбаев А.Т., Кыдыров А. Основные направления иммунологических исследований на современном этапе // Биологические основы селекции генофонда растений. Алматы, 2005, -С. 215-218.

11. Синих Р.П., Уэрта–эспино. Дж., Виллям М. Генетика и селекция пшеницы на продолжительную устойчивость к бурой и желтой ржавчине // 1-ая Центрально Азиатская конф. по пшенице. – Алматы, 2003. – С.133-139.

12. Яхьяуи А., Осман. А., Мусса М. Идентификация эффективной и длительной устойчивости к желтой ржавчине у яровой и факультативной озимой пшеницы. Агромеридиан. 2006, №3 –С. 5-9.

**Б.Б. Анапияев, Е.Б. Бейсенбек, А.Б. Ахметова**

**Бидайдың дигаплоидтық линияларының қоршаған ортаның биотикалық стресс факторларына төзімділігін зерттеу**

**Түйіндеме.** Оңтүстік-Шығыс Қазақстан жағдайында жаздық жұмсақ бидайдың *Triticum aestivum* L. тат ауруларына тұрақтылығы зерттелді. Жүргізілген зерттеулер барысында тат ауруларына төзімді дигаплоидтық линиялар WABB-3, WABB-6 и WABB-12. іріктеліп алынды.

**Түйін сөздер:** бидай, гаплоидтық биотехнология, in vitro окшауланған микроспора культурасы, тат ауруы

**Anapiyayev B.B., Iskakova K.M., Beisenbek E.B., Ahmetova A.B.**

**Study the stability of doubled haploid lines of wheat to biotic environmental stress factors**

**Summary.** The resistance of doubled haploid lines of spring wheat *Triticum aestivum* L. to rust diseases in the conditions of the South-East of Kazakhstan was studied. As a result of the research, it was identify several numbers of doubled haploid lines of wheat, which showed high resistance to rust diseases: WABB-3, WABB-6 and WABB-12.

**Keywords:** wheat, haploid biotechnology, culture of isolated microspores in vitro, rust diseases

**Ә. Байдуллаева**

*Ғылыми жетекші – Р. Адырбайқызы, ассоциирленген профессор, ауылшаруашылығы ғылымының кандидаты*

*Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Қазақстан, Алматы қ*  
*Aselbaidullaeva@mail.ru*

**ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ӨСІМДІК БИОТЕХНОЛОГИЯСЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ**

**Аңдатпа:** *Өсімдік биотехнологиясын болашақта дамыту, яғни өсімдіктің жаңа өнімдерін алу, гибридті өнімді алу, ГМО өнімдерін алу, биоэтанол алу және тағы басқа. Тек биотехнологияның жаңа әдістері биотехнологияның, соның ішінде ауылшаруашылық биотехнологиясың Қазақстанда өркендеуіне жол ашу.*

**Түйін сөздер:** *Өсімдіктер биотехнологиясы, гибридизация, гендік модификацияланған өнім, биоэтанол*

Қазіргі заманғы биотехнология соңғы кезеңде өз дамуын алды. Ауылшаруашылық биотехнологиясының екі бағыты бар. Бірі жануарлар биотехнологиясы, ал екіншісі өсімдік шаруашылығының биотехнологиясы. Биотехнологияның маңызды бөлімдерінің бірі пробиркада (in vitro) өсірілетін мүшелерді, тіндерді, жасушалар мен оқшауланған протопласттарды пайдалануға негізделген өсімдіктер биотехнологиясы болып табылады. Қазіргі заманауи өсімдік биотехнологиясын алуда ғылымның және тәжірибенің маңызы зор.

Өсімдіктердің өсірілген дақылдары бірқатар факторлардың арам шөптердің, кеміргіштердің, зиянкестермен жәндіктердің, нематодтардың, фитопатогенді саңырауқұлақтардың, бактериялардың, вирустардың, қолайсыз ауарайы мен климаттық жағдайлардың теріс әсеріне ұшырайды. Аталған факторлардың әсері өңделетін дақылдардың өнімділігін айтарлықтай төмендетуге, ал әлеуетті пайданы азайтуға мүмкіндік береді. Мысалы, тек бір колорад қоңызы және фитопфтор (Phytophthora) – фитопфторозды шіріктің қоздырғышы, картоптың өнімділігін 40-50% төмендетуге қабілетті. Өсімдіктер вирусты инфекциялармен аурушаңдық санының өсуі байқалады, олар тек өнімді құртып қана қоймай, генофондтың қалыптасуына ықпал етеді. Заманауи биотехнология бірқатар мәселелерді шешуді жеңілдетуге қабілетті, бірқатар шешімдерді ұсынады:

1. Зиянкестерге және ортаның қолайсыз факторларына төзімді өсімдік сорттарын шығару.

2. Зиянкестермен күресудің биологиялық құралдарын әзірлеу, олардың табиғи жауларымен паразиттерін, сондай-ақ тірі ағзалар түзетін уытты өнімдерді пайдалану. Өсімдіктердің паразиттік нематодтары (фитопаразиттік немесе фитопатогенді деп аталатын) бүкіл әлемде ауылшаруашылығы дақылдарының аса қауіпті және экономикалық маңызы бар патогендерінің қатарына жатады. Бұл нематодтардың өсімдіктер арасында – көптеген маңызды азық-түлік және жемдік дақылдар, соның ішінде дәнді дақылдар, көкөніс және бұршақ, сондай-ақ сәндік және гүлді өсімдіктерді жоятыны белгілі. Сонымен қатар, бұл нематодтың бір бөлігі зең, бактериялық және вирустық аурулардың тасымалдаушылары болып табылады, олар зарарланған өсімдіктерге теріс әсерін күшейтеді. Яғни зиянкестермен күресу үшін өсімдіктерге трансгенді енгізу керек. Сонда өсімдіктер паразиттік нематодтарға қарсы тұра алады. Сондықтан, анықталған гендердің көп санына қарамастан, зиянкестерге төзімді трансгендік өсімдіктерді модификациялау және алу үшін зиянкестер үшін уытты ақуыздар синтезін кодтайтын *Bacillus thuringiensis* гендері кеңінен таралған.

3. Ауылшаруашылығы дақылдарының өнімділігін және олардың тағамдық (жемдік) құндылығын арттыру.

4. Жаңа сорттарды шығару – гибридизациялау. Бұл құрастырылған және индукцияланған мутациялар негізіндегі селекция. Ауылшаруашылық практикасында табиғатта қолданылатын гүлді өсімдіктердің бір пайызынан сәл артығы пайдаланылады. Жабайы флоралардың арасында қашық будандастыру үшін асыл тұқымды бастапқы материал ретінде қолдануға болатын көптеген бағалы нысандар бар. Қашықтағы гибридтерді алу қиындықтары жеке түрлердің мүмкін еместігінде жатыр. Ол тарихта алғаш рет аралық түрдегі кресттерді қолданумен жеміс, жидек және сәндік өсімдіктердің жүздеген түрлерін жасады. Қазіргі заман ғығылым әлде қайда әріқарай қадам басты және қажетті қасиеттерді алу үшін өсімдіктің генетикалық кодын құрастыруға мүмкіндік береді, орта факторларына және зиянкестерге тұрақтылық, қандай да бір компоненттер жинақталады. Бүгінде атмосфералық азоты тіркеуге қабілетті, гербицидтермен бірқатар зиянкестердің әсеріне төзімді сорттар шығарылды.

5. Гендік модификацияланған өнімдерді алу. Біздің дастарханымыздағы кез келген тағам гендік модификацияланған болуы әбден мүмкін. Алайда оған қарамастан Еуроодаққа енген кейбір елдер ғана модификацияланған өнімдерді өз елдерінде өсіруге немесе импорттауға рұқсат берген. Соңғы уақытта тамаққа генетикалық түрлендірілген өнімдерді пайдалану тақырыбы өте өзекті болып табылады. Гендік модификацияланған өнімдерді – бұл адамның генетикалық түрлендірілген организмдерден алынған табиғи немесе өңделген түрінде пайдаланатын тамақ өнімдері. Генетикалық түрлендірілген организм - ағза немесе бірнеше организмдер, гендік инженерия әдістерін қолдана отырып алынған, табиғи организмдерден ерекшеленетін тұқым қуалайтын генетикалық материалды ұдайы өндіруге немесе беруге қабілетті кез келген жасушалық емес, біржасушалық немесе көпжасушалық түзілімдер - гендік-инженерлік материал, оның ішінде гендер, олардың фрагменттері немесе гендер комбинациясы бар белгілі бір қасиеттер беру мақсатында кез келген басқа ағзадан ДНҚ фрагментін өсімдіктер, жануар немесе микроорганизмдер геніне енгізуге мүмкіндік беретін ғылым. Мысалы, қызанақ арктикалық камбаладан аязға төзімділіктің генін алды, картоп колорад қоңызы үшін уланған бактерия генін алды, күріш ашытқышты қоректік ететін әйел сүтінің құрамына жауап беретін адамның генін алды. Адамның асқазан жолдарындағы кейбір микроағзалар бөтен гендерді ұстап алып, оларды өз ДНҚ-сына енгізуі мүмкін. Осылайша жаңадан қоныстанған гендер өз қызметтерін жүзеге асыра бастайды. Бұндай гендер түрлі ісіктерді туындатуы мүмкін. Модификацияланған картоп, соя, бұршақ өнімдері ішкі секреция бездерінің қызметін бұзып, аллергиялық ауруларды пайда болдыратыны экспериментальді түрде дәлелденді. Гендік модификацияланған өнімдердің құрамында адам денсаулығына қауіпті улы заттар болуы мүмкін.

ГМО-ны алудың тағы бір шарты қоршаған орта үшін пайдаланылатын әдістердің қауіпсіздігі болып табылады, өйткені пайдаланылатын әдістемелермен ГМО өзі табиғат үшін бөтен материал бола отырып, күтпеген салдарларды тудыруы мүмкін. Бұл мәселе табиғи жағдайларға тап бола отырып, ГМО генетикалық материалды тасымалдау векторлары болып табылатын вирустармен кездеседі, бұл жаңа, болжанбаған және өте қауіпті генетикалық мутациялардың пайда болуына әкелуі мүмкін. Осылайша, ГМО-ны пайдалану - алыс болашақтың ісі.

Трансгенді өнімдерді алу. Гендік өзгерген өнімдерді алу қазіргі кезде гендік инженерлер үшін ешқандай қиындық тудырмайды. Өсімдік геномына бөтен генді енгізудің бірнеше әдістері бар. Табиғатта өз ДНҚ-сының бөлігін өсімдікке енгізе алатын *Agrobacterium tumefaciens* бактериялары кездеседі. Бұл бактериялар енгенсоң өсімдіктің зақымдалған жасушалары тез бөліне бастайды да одан ісік пайда болады. Осы өсімдікпен адам немесе жануарлар қоректенсе ауруға ұшырауы мүмкін. Алдымен ғалымдар бұл бактерияның ісік тудырмайтын, бірақ өз ДНҚ-сын басқа жасушаға енгізу қабілетінен айрылмаған штаммдарын алды. Одан кейін қажетті генді алдымен клондап алып, осы бактерияны өсімдікке жұқтырды. Зақымдалған өсімдік жасушасы қажетті қасиеттерге ие болды.

6. Биоэтанол өндіру. Қазақстанда биотехнология бағытын дамыту перспективалы болып табылады, себебі біздің елде бидай және басқа дақылдар көп өсіріледі. Бұл біздің

энергетикалық қауіпсіздігіміздің ұстанымын күшейтуге және қайта қалпына келмейтін энергия қорын үнемдірек пайдалануға мүмкіндік береді. Қоршаған ортаны сауықтыруда қазақстандық биоэтанол саласын құру үлкен пайда келтіреді. Оның дамуы алға басқан ірі жобалардың бірі болуы әбден ықтимал. Биоэтанолды өндіруде қайта өңделген өсімдік массасы қолданылады. Құрамында биоэтанол бар жанармайды жаққанда, таза бензинді қолданудан өзгешелігі, ауаға таралатын зиянды қалдықтар мөлшері төмендейді. Балама жанармайды қолдану қоршаған ортаға және де ауылшаруашылық аймақтарының экономикалық дамуына оң әсерін тигізеді. Яғни, биоэтанолды қант қамысының негізінде өндіреді. Мұнда барлық автокөліктер биоэтанолды жанармай немесе оның қосындысы ретінде тұтынады. Біздің елімізде биоэтанол өндіруді дамытудың алғашқы кезеңінде әлде қашан дайын технологиялардың трансферті есебінен жүзеге асыруға болады. Бұл үдерістегі отандық биотехнологияның рөлі алынған дайын технологиялық циклдегі микробиологиялық кезеңдерінің жергілікті шикізат базасына бейімделуіне байланысты.

Қорыта келгенде, өсімдіктер биотехнологиясы саласындағы өнімнің шығымдылығын және оның қоректік құндылығының арттыруға, қолайсыз табиғи жағдайларға және әртүрлі фитопатогенді микроорганизмдермен зиянкестердің әсеріне төзімділігін жоғарылатуға, сонымен қатар, мәдени өсімдіктердің әртүрлілігін және генетикалық ресурстарын сақтау мәселелеріне бағытталған. Мәдени өсімдіктердің түрлерін және сорттарын көбейтудегі жаңа жетістіктер, өсімдік жасушаларын дақылдау әдістерін жетілдіру мен байланысты болып келеді. Өсімдік объектісіне бейімделген, рекомбинантты ДНҚ технологиясы тұраралық шағылыстыруда кездесетін кедергілерге қарсы тұруға және ауруға шалдыққан өсімдік ұлпаларындағы вирустарды анықтауға мүмкіндік беріп, нәтижесінде, сауекпе материалды пайдалану арқылы, сапалы құнды өнім алуға болады. Мысалы, қызанақ арктикалық камбаладан аязға төзімділіктің генін алды, картоп колорад қоңызы үшін уланған бактерия генін алды, күріш ашытқышты қоректік ететін әйел сүтінің құрамына жауап беретін адамның генін алды. Адамның асқазан жолдарындағы кейбір микроағзалар бөтен гендерді ұстап алып, оларды өз ДНҚ-сына енгізуі мүмкін. Осылайша жаңадан қоныстанған гендер өз қызметтерін жүзеге асыра бастайды. Бұндай гендер түрлі ісіктерді туындатуы мүмкін. Модификацияланған картоп, соя, бұршақ өнімдері ішкі секреция бездерінің қызметін бұзып, аллергиялық ауруларды пайда болдыратыны экспериментальді түрде дәлелденді. Гендік модификацияланған өнімдер қалай жасалынады деген сұраққа осылай жауап бере едім. Табиғатта *Agrobacterium tumefaciens* агробийінің түрі бар. Бұл түрдің бактериялары өсімдіктер тініне еніп, Т-ДНҚ т-плазмидтер деп аталатын фрагментті олардың жасушаларына шығара алады (плазмида - бұл бактериялық жасушалардың ішінде өмір сүретін және көбейетін ДНҚ-ның шағын айналма молекуласы). Т-ДНҚ өсімдік хромосомасына қосылады және оған өсімдік жасушаларын белсенді бөлісіп, қоректік заттарды бөліп шығаруға мәжбүр ететін ісік гендері қосылады, бұл агробийдің өміріне қолайлы жағдай жасайды. Ғалымдар Т-ДНҚ-дан ісік гендерін қиып алуды үйренді, ал олардың орнына пайдалы ақуыздарды кодтайтын гендерді салуды үйренді. Т-плазмидпен өзгертілген агробактериялар өсімдіктердің қасиеттерін өзгертіп, оларға пайдалы гендерді кірістіреді.

#### **Әдебиеттер:**

- 1 С.С. Кистаубаева. Өндірістік биотехнология негіздері: Оқу құралы. – Алматы, 2013 – 164 б.
- 2 Аубакиров Х.Ә. Биотехнология: Оқулық. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. – 368 б.
- 3 [www.google.kz](http://www.google.kz)
- 4 Әрінов Қ.М., Мұсынов А.Қ., Алушев, Н.А. Серекпаев, Н.А. Шестакова, С.С. Арыстанғұлов «Өсімдік шаруашылығы», Алматы - 2011
- 5 М.М. Жанзақов. Өсімдік шаруашылығы. Алматы, 2007 жыл

**А.Байдуллаева, Р. Адырбайқызы**

**Достижения современной биотехнологии растений**

**Аннотация.** Перспективное развитие биотехнологии растений - получение новых продуктов растительного происхождения, получение гибридной продукции, получение продуктов ГМО, получение биоэтанола и др. Только новые методы биотехнологии способствуют развитию биотехнологии, в том числе сельскохозяйственной биотехнологии в Казахстане.

**Ключевые слова.** Биотехнология растений, гибридизация, генетически модифицированная продукция, биоэтанол

**A. Baidullaeva, R. Adyrbaykyzy**

**Achievements of modern plant biotechnology**

**Summary:** Future development of plant biotechnology - production of new products of plant origin, obtaining the hybrid products, obtaining products of GMO (genetically modified organism), the production of bioethanol, etc. Only the new methods of biotechnology creation of conditions for the prosperity of biotechnology, including agricultural biotechnology in Kazakh.

**Keywords:** plant biotechnology, hybridization, genetically modified product, bioethanol

ӘОЖ:575.1/2:612

**Ә.Ж.Бөрбаева**

*Ғылыми жетекші - Г.В.Курбанова ассоциирленген профессор, биология ғылымдарының докторы*

*Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Қазақстан, Алматы қ*

*boribaeva@inbox.ru*

**АУРУЛАРҒА БЕЙІМДІЛІК ГЕНДЕРІН ЖӘНЕ КСЕНОБИОТИКТЕРДІҢ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ**

**Аңдатпа.** *Адам баласы әрқашанда сыртқы орта факторларына тәуелді. Мысалы: радиациялық сәулеленумен әсері, медициналық мекемелерде радиация сәулелерін қолдану (рентген, радиотерапия), дәрі-дәрмектерді қолдану және химиялық мутагендері бар тамақтарды қолдану және т.б. адамдағы мутантты гендермен біріге отырып денсаулыққа негативті әсер етеді. Сондықтанда радиобиология және генетика салаларының алдында үлкен белес бар, ол табиғаты әртүрлі мутагенді факторларға клеткалардың төзімділігі, сонымен қатар әр адамның аталған факторларға жеке жауабын түсіну мақсатында олардағы сыртқы орта факторларының негативті әсерлеріне жауапты гендердің полиморфизмдерін зерттеу жатады. Бұл әдебиетке шолуда тұқым қуалауға бейім аурулар және радиосезімталдық гендері туралы қарастырылған. Адам организміндегі табиғаты әртүрлі ксенобиотиктердің детоксикациясы процесіне қатысатын гендердің полиморфты жағдайын қарастыру. ПТР әдісін қолдану арқылы анықтау.*

**Түйін сөздер:** *Ген, Тұқым қуалауға бейім гендер, GSTM1(ген), Полимеразды тізбекті реакция.*

Кейінгі жылдары адам баласының көптеген аурулармен ауыруы және олардың арты өлімге алып келуі, ғалымдарды ойландырмай қоймады. Бұл аурулардың дамуына, пайда болуына тек қана орта факторлары ғана емес, сонымен қатар генетикалық факторлар да әсер етеді. Мұндай ауруларды *тұқым қуалауға бейім аурулар* деп атайды. Беріліп отырған аурулардың этиологиясы және патогенезі күрделі, анық емес болып келеді.

Тұқым қуалауға бейім аурулардың дамуы гетерогенділікпен сипатталады:

- басты геннің негізгі әсерімен және басқа геннің қосымша әсеріне байланысты;
- геннің жинақталу әсеріне байланысты болуы мүмкін.

Тұқым қуалауға бейім аурулардың моногенді және полигенді факторлары болуы мүмкін.

Моногенді факторлары – жеке гендердің мутациясы. Яғни бір геннің патологиялық мутациясымен байланысты. Бұл мутацияның патологиялық көрінісін көру үшін ортаның сыртқы факторлары әсер етуі қажет. Бейімділік негізінен аутсомды–рецессивті немесе Х–ілімекті рецессивті тип бойынша беріледі. Бірақ тұқымдардың таралуы мендельдік тұқым қуалау типіне сәйкес келмейді, себебі тасымалдаушы әсер етуші фактормен өмір бойы қатынасып тұруы керек.

Полигенді факторлары (мультифакториалды) – бірнеше гендердің аллельдерінің бірігуімен анықталады. Яғни, әрбір аллельді жеке қалыпты десек, ал олардың комбинациясы ауруға бейімдейді. Полигенді факторды зерттеу барысында 3 әдіс қолданылады:

- клинико-генеалогиялық;
- егіздік;
- популяциянды-статистикалық.


Ядролық қаруларға сынақ жүргізу кезінде қоршаған ортада радиоактивті тұнбалардың болуы адам организміне әсерін тигізбей қоймайды. Радиация әсерінен туындаған генетикалық қауіп кезінде ғалымдардың көңілі радиосезімталдыққа аударылды. Радиоактивті заттар әр түрлі радионуклеидтерден тұрады. Радиосезімталдық ұрпақтан ұрпаққа берілетін дара белгі болып келеді. Ол көбінесе ДНҚ молекуласын репарациялаушы гендердің полиморфизмімен және ксенобиотиктердің детоксикациясына қатысатын гендермен сипатталады [1].

Ағзаға түскен токсинді заттарды (ксенобиотиктер) детоксикацияға ұшырататын детоксикация гендері “қоршаған орта гендері немесе "геном предрасположенности" деп аталады. Ксенобиотиктердің ферменттік жүйесінің биотрансформациясы ағза мен қоршаған орта арасындағы байланысты тудыра отырып, біріншілік (цитохром P450- тәуелді реакция), екіншілік (қышқылданған өнімдердің конъюгация реакциясы), үшіншілік фазаларды (детоксикация өнімдерін ағзадан шығару) қосады. II фазадағы ферменттердің функциясының бұзылуымен ағзада ксенобиотиктерге қарағанда өте зиянды токсинді метаболиттердің жиналуы патологиялық аурулардың дамуына әкелуде.

Сонымен қатар организмдегі сыртқы ортаның әртүрлі факторларынан түсетін улы ксенобиотиктердің сол организмдегі метаболизмге қатысатын гендердің полиморфизмін қарастыру және популяцияда таралу жиілігін анықтауға байланысты зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Мысалы, П.Н. Донов және оның әріптестері сәулеленуге ұшыраған топтағы ксенобиотиктер детоксикациясының бірінші және екінші фазасында негізгі ролді атқаратын цитохром P450 (CYP1A1) және глутатион S-трансфераза генінің пи формасының (GSTP1) полиморфизмдерін қарастырған. Зерттеуге 1924-1956 жылдары туылған 83 адам іріктеліп алынған. Нәтижесінде ксенобиотиктер детоксикациясына қатысатын гендердің полиморфизмі әртүрлі онкологиялық аурулардың дамуымен және белсенді радикалдардың түзілуімен тікелей байланысы болатындығы анықталған.


Бұл жұмыстағы негізгі міндет ксенобиотиктердің детоксикациясы процесінің екінші фазасында негізгі ролді атқаратын глутатион S-трансфераза генінің M1, T1 және P1 формаларының зерттеуге алған популяцияларда таралу жиілігін анықтау және аталған гендердің радиосезімталдылықпен байланысын анықтау болып табылады [2].

GST – (Глутатион -S- трансфераза) глутатионның бөлшектенуімен әр түрлі ксенобиотиктердің (тірі организмдерге жат химиялық заттектер) конъюгациясын катализдейтін ферменттердің бір тобына жатады. Яғни ксенобиотиктегі электрофильді C, N, S, O атомдарымен сульфгидрилді SH<sub>2</sub> тобының конъюгациясына жауапты фермент. Глутатион -S- трансферазаның GSTA, GSTM, GSTT, GSTP, GSTZ, GSTO, GSTK сияқты түрлері бар [3].



1-сурет. Адам мүшелеріндегі GST түрлерінің таралуы

Еуропа популяцияларына жүргізілген зерттеулерде *GSTM1* генінің делецияға ұшыраған типінің таралу жиілігі шамамен 50 пайызды құрайды. Ал, *GSTT1* геніндегі мутация шамамен 15-20 пайызға тең. Төмендегі суретте GST генінің M1 және T1 типтеріне жүргізілген ПТР нәтижелері берілген.



2-сурет. *GSTM1* және *GSTT1* гендерінің амплификацияланған аллельдерінің электрофореграммасы

Жүргізілген зерттеулер көрсеткендей *GSTT1* және *GSTM1* гендерінің делецияға ұшыраған жағдайы организмнің радиосезімталдылығымен байланысты, ал осы геннің организмде функционалды аллелінің болуы радиотұрақтылықпен байланысты деуге болады[4].

Сонымен, организмде радиосезімталдық пен радиотөзімділік қасиетіне жауапты жоғарыдағы гендердің полиморфизмін зерттеу және популяциядағы жиілігін анықтау биологиялық ғылымда өзекті мәселеге жатады. Ағзаның жеке радиосезімталдығы мен радиотөзімділіктің механизмдерін тек сол қасиеттерді төменде аталғандар арқылы анықтауға болады:

- темекі шегу;
- радиациялық өндірісте жұмыс жасау;
- генотоксикалық факторлардың әсері және т.б.

Тәжірибеге сәйкес популяцияларға кешенді талдаулар жүргізу нәтижесінде *GSTM1* генінің (-/-) генотипі және *GSTP1* генінің (*Val105Val*) полиморфты аллелі радиосезімталдылықпен байланысы болатыны анықталды.

#### **Әдебиеттер:**

1. Бочаров В.С., Зеленцов С.А., Михайлов В.Н. Характеристики 96 подземных ядерных взрывов на Семипалатинском испытательном полигоне. — Атомная энергия, 1989, т. 67, вып. 3, сс. 210-214
2. Шапиро Н.И. Радиационная генетика // Основы радиационной биологии - М: Наука. - 1964. - С.131- 185.
3. Cajas-Salazar, N., Salama, S.A., et al. Combined effect of MPO, *GSTM1*, and *GSTT1* polymorphisms on chromosome aberrations and lung cancer risk // Int. J. Hyg. Environ. Health. - 2003. - Vol.206. - P. 473– 483.
4. Баранов В.С., и др. «Гены предрасположенности» и генетический паспорт // Журн. «Природа». 1999. - № 3. – С. 17-27.

#### **Ә.Ж. Борбаева, Г.В. Курбанова**

##### **Исследование генов предрасположенности к заболеваниям и действию ксенобиотиков**

**Аннотация:** В обзоре рассмотрены исследования, посвященные изучению наследственных заболеваний, которые можно выявить с использованием новых методов молекулярной биологии, а именно метода ПЦР. Этот метод позволил также определить полиморфное состояние генов, участвующих в процессе детоксикации ксенобиотиков различной природы в организме человека. Человек всегда зависит от факторов внешней среды. Например: действие с радиационным облучением, применение радиационных излучений в медицинских учреждениях (рентген, радиотерапия), применение лекарственных препаратов и применение продуктов с химическими мутагенами и т.д. Поэтому перед учеными в области радиобиологии и генетики стоит задача определить ген, который является устойчивым к мутагенным факторам различной природы. Вместе с тем, к данным факторам относятся исследования по выявлению генов полиморфизма, ответственных за негативное воздействие факторов внешней среды.

**Ключевые слова:** Ген, восприимчивые к наследству гены, *GSTM1* (ген), полимеразная цепная реакция.

#### **A.J. Borbaeva, G.V. Kurbanova**

##### **Research of genes of predisposition diseases and action of xenobiotics**

**Annotation:** A person always depends on environmental factors. For example: the action of radiation exposure, the use of radiation in medical institutions (x-rays, radiotherapy), the use of drugs and the use of products with chemical mutagens, etc. b. along with the mutant genes in humans has a negative impact on health. Therefore, before the branch of radiobiology and genetics, there is a big milestone, which is resistant to mutagenic factors of different nature. at the same time, these factors include the study of polymorphisms of genes responsible for the negative impact of environmental factors in them in order to understand the individual response of each person to these factors. In reviewing this literature deals with hereditary diseases and radiochemie genes. The study of polymorphic status of the genes, involved in the process of detoxification of xenobiotics of different nature in the human body. Determination using PCR.

**Key words:** Gene, genes susceptible to inheritance, *GSTM1* (gene), polymerase chain reaction.



**Ж.Ә. Жақсыбай, З.А Аскарова, А.Қ. Үсіпәлиева, Г.Т.Сраилова**

Стиливые возможности желтого цвета в художественном языке очень широкие. В языке многих народов широко распространена связь желтого цвета с религией. В начале XX столетия в журнале «Фуюзат», опубликованном в Азербайджане, употреблено выражение «желтая опасность». История этой синтаксической единицы очень древняя. Так, известно, что гунны, тюрки, монголы и уйгуры когда – то захватили всю Азию и большую часть Европы. Эти народы шли со статуями Будды, что попало в историю под названием «желтая опасность». В начале XX столетия объединение Японии и Османского государства, расширение пропаганды исламской религии считалась новой «желтой опасностью» для некоторых стран, что с целью стили входило в активную лексику языка печати.

Действительно, художественный язык нельзя считать без красок. Краски в языке очень интересны как с точки зрения создания эстетического вкуса, так и в раскрытии символических мыслей. Значения, выраженные их многочисленными тонами и оттенками, обосновывает обогащение художественного языка с семантической точки зрения. Интересно, что названия цветов участвуют и в словообразовании. Так, глаголы, образованные от них, способствуют обогащению языка с лексико – грамматической точки зрения. Например, зеленый – зеленеть, черный – чернеть, белый – белеть, серый – сереть, синий – синеть и т.п. Эти факты подтверждают значение цветов с лингвистической точки зрения.

#### **Литературы:**

1. Гасанова С. Журнал «Фуюзат» и языковые проблемы. Баку, Наука, 2006, 298 с.
2. Гусейнзаде. А. Зеленый свет в красной темноте / Гусейнзаде. А. Избранное. Баку, Восток – Запад, 2007, 480 с., с. 181 – 190.



3. Мадатоглы А. Цвета и понятие цветов у тюрков / Газета «Туркустан», 24 февраль – 02 март 2013 г., с. 14.

4. Низами Гянджеви. Семь красавиц. Баку, Лидер, 2004, 336 с.

**П.Я.Абдуллабекова**

**Көркем тілдегі түстің стильдік мүмкіндіктері**

**Түйіндеме.** Мақалада, шын мәнінде, көркем тілді түстерсіз қарастыруға болмайды деп айтылады. Тілдегі бояулар эстетикалық дәмді қалыптастыру және символдық ойларды ашуда өте қызықты. Көркем тілді мағыналық тұрғыданбайытуда көптеген түрлі түстер мен көленкелергенегізделеді.

**Түйін сөздер:** түс, стиль, тіл, сөз, мағынасы, ой.

**P.Y.Abdullabayova**

**Style possibilities of colors in artistic language**

**Summary**The article states that, indeed, artistic language cannot be considered without colors. Paints in the language are very interesting both in terms of creating aesthetic taste, and in the disclosure of symbolic thoughts. The meanings expressed by their numerous tones and shades justify the enrichment of the artistic language from a semantic point of view.

**Keywords:** color, style, language, word, meaning, thought.

ӘӨЖ 809. 434. 2:33 (038)

**Ұ.Абитаева**

*Ғылыми жетекші - Үдербаев А.Ж., қазақ және орыс тілдері кафедрасының меңгерушісі,  
ф.ғ.к., асс.профессор*

*Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу университеті, Қазақстан,  
Алматы қ.  
uderbay.a@gmail.com*

**ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ГЕОЛОГИЯ ТЕРМИНДЕРІНІҢ МЕТАФОРАЛЫҚ ЖОЛМЕН  
ЖАСАЛУЫ**

**Аңдатпа.** Ұсынып отырған мақалада қазақ тілінің геология саласы терминдерінің метафоралық жолмен жасалу мәселесі сөз болады. Қазақ тілінің техникалық терминдерінің жасалымы әр түрлі тәсілмен жүзеге асады. Соңғы кезде жалпы қолданыстағы сөздің терминденуі мәселесі, салалық жаңа термин түзуде метафоралану тәсілінің қолданылуы жан-жақты зерттелуде. Геологиялық сала терминдерінің сөздердің метафоралануы арқылы жасалуы сөздердің мағыналық жағынан ұқсастығына қарай, заттың сыртқы түрінің ұқсастығына немесе атқаратын қызметінің, нақтылы белгілерінің ұқсастығына қарай жалпылама қолданылып жүрген сөздердің терминденуінегізінде жүзеге асады. Қазіргі кезде жалпы салалық, соның ішінде геология саласы терминдерінің метафоралану жолымен жасалуы терминжасамда өнімді тәсілдердің бірі болып табылады. Мақалада қазақ тілінің геология саласы терминдерін жасау тәсілдерінің бірі ретінде метафоралану жолы қарастырыла келе, геология ғылымдары терминдерін нақтылау, біріздендіру қажеттігі айтылады.

**Түйін сөздер:** геология ұғымдары, терминдену, термин түзу, метафоралық тәсіл, жаңа сөздер, жалпы қолданыстағы сөздер.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» деген жолдардың астарында үлкен танымдық-тәрбиелік мағына жатыр[1]. Ұлттық рухы, руханияты жоғары, мәдениеті озық елболу үшін ұлттық бірегейлікті сақтай келе, ұлттық сананы жаңғырту қажет. Елбасының «Мәңгілік Ел»

идеясы – жаңа бағыттағы білімнің басты тірегі. «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру белгілі бір құндылықтар жүйесіне негізделетіні белгілі. Сол құндылықтар ішіндегі бастысы - қазақ тілін мемлекеттік ретінде нығайту, оның әр түрлі сала тілі, соның ішінде техникалық сала тілі ретіндегі қызметін одан әрі дамытып, жетілдіру. Мемлекеттік тіл - «Мәңгілік Ел» идеясының негізгі өзегі.

Қазақстан Республикасының экономикалық және техникалық бағыттағы халықаралық қатынастарының кеңеюі, әртүрлі ұлттық мемлекеттердің экономикасына кіріккен бірлескен өндіріс орындарын тәжірибеге енгізді, көптеген мамандардың алдына кәсіби әрекеті мен кәсіби қатынастың құралы ретінде мамандық тілін кемінде үш тілде меңгеру міндетін қойып отыр. Қазіргі уақытта, бірнеше тілді еркін меңгеру олардың кәсіби білімінің маңызды көрсеткіші, сонымен қатар кәсіби және әлеуметтік мансабының маңызды факторларының бірі болып табылады. Олай болса, әр түрлі тілде сөйлейтін мамандар арасында ақпарат алмасу күннен күнге ұлғая бастауына байланысты терминография тілдік қатынастың теориясы мен тәжірибесін, аударма сөздіктерді құрастырудың құралы ретінде ерекше рөл атқарады.

Ғылыми коммуникация, білім беру және әлемде ғылыми білімді одан әрі дамыту бағытында кәсіби терминдер арқылы студенттердің қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін терминологиялық көптілді сөздіктерді құрастыру теориясы мен практикасын жетілдіру үлкен маңызға ие.

Техникалық салада мемлекеттік тілде ақпарат алмасудың күннен күнге ұлғаюы бұрын қалыптасқан және жаңадан қолданысқа енген ұғымдар мен терминдері даму үстіндегі білім саласы ретінде геология терминдерін жүйелі зерттеу қажеттігін тудырып отыр.

Геология терминдерінің қалыптасу тарихы инженерлік геология, геоэкология, геофизика, геохимия, гидротехниканың, геодезия және басқа ғылымдардың өзара ықпалдаса дамуымен тығыз байланысты. Десек те, қазіргі уақытта геология терминдері біраз қалыптасқан, бір қалыпқа келген, бірақ әлі даму үстіндегі жүйе болып табылады.

Геология саласындағы ғылыми терминология грек және латын терминдік элементтерін кеңінен пайдалану арқылы қолданысқа енгені белгілі. Ол барлық ғылым салаларына тән құбылыс. Мысалы, *геосфера, геверсум, геодезия, геофизика, геология, геокриология, геология, экология* ұғымдары және т.б., аспаптар, тетіктердің аттары : *газ генераторы, т.б.*

Барлық ғылым саласында ғылыми ұғым қалыптастыруда жалпы қолданыстағы сөздерді пайдалану оңтайлы тәсілдің бірі. Жалпы қолданыстағы сөздің семантикасы жаңа термин түзуде қолданылған кезде метафоралану жолы жүзеге асады. Тәжірибе көрсеткендей, техника саласы тілінде метафоралану жолымен жасалған терминдер көптеп кездеседі. Мұнда жалпы қолданыстағы сөздің ғылыми салаға өтуі сөздің бастапқы мағынасының өзгеруімен тікелей байланысты болып отыр. Ғалым В.Н. Телия айтқандай: «Сөз заттар мен құбылыстарды тілдік тұрғыдан белгілеу құралы бола отырып ұғымдар арасындағы логикалық-заттық байланыстардың немесе қарым-қатынастардың негізінде көне және жаңа ұғымдар арасында бір-біріне ауыса алу қабілетіне ие» Автордың айтуынша, жаңа ұғымды белгілеу үшін бұрыннан қалыптасқан аталымның қолданылуына назар аудару қажет, «аталымдық құрал, негізінен өзге тілден енген сөздер немесе екінші аталымдық ұғымдар арқылы, тілімізде қолданылып жүрген ұғымдарды жаңа ұғым атауы ретінде қолдану арқылы толығады» [2, 336].

Жалпы қолданыстағы сөздің терминденуі оның мағынасын қайта қарау, басқаша қолдану барысында жүзеге асырылады. Атап айтқанда, заттардың немесе құбылыстардың ұқсастығының, кеңістіктегі не уақыттағы шектестігінің, жақындығының немесе олардың қызметтерінің ұқсастығының негізінде жасалады. Соңғы жылдары жаңа ғылыми-техникалық терминдердің жалпы қолданыстағы сөздердің метафоралануы жолымен жасалу тәсілі соңғы жылдары қарқынды дамуда. Салалық техникалық терминдердің, соның ішінде геологиялық терминдердің жалпы қолданыстағы сөздердің метафоралануы арқылы жасалу тәсілі бірнеше жолмен, яғни сөздердің мағыналық жағынан ұқсастығына қарай, заттың сыртқы түрінің ұқсастығына немесе атқаратын қызметінің ұқсастығына қарай жалпылама қолданылып жүрген сөздер терминденуіне негізінде жүзеге асады. Қазіргі күні техника саласындағы, соның

ішінде геология саласы терминдерінің метафоралану жолымен жасалуы терминжасамда өнімді тәсілдердің бірі болып табылады.

Ұсынылып отырған мақалада қазақ тіліндегі геология терминдерінің метафоралық жолмен, оның ішінде мәнмәтіннің мазмұндық қырынан «геология әлемі-адам» моделі бойынша топтастырылған терминдердің тілдік-құрылымдық қырынан жіктелуіне тоқталмақпыз. Салалық геологиялық мәтіндерді зерделеу барысында байқағанымыз, мәнмәтінде геологиялық антропоморфтық метафоралардың өзегі ретінде, көбінесе, адамның анатомиялық құрылымы алынған. Геология саласы терминдерінің метафоралану жолымен түзілісі заттар мен құбылыстардың сыртқы ұқсастықтарына, сонымен қатар олардың қызметінің ұқсастықтарына негізделеді. Жоғарыда атап өткендей, аталмыш модель бойынша метафоралану жолымен жасалып, қолданысқа енген терминдердің баламасы адамның айналасына, оның өзіне және отбасына, өзара қарым-қатынасына ұқсатып алынған. Мысалы, геологиялық ғылыми мәнмәтіндегі геологиялық объектілердің (*аспан денелері, жер бедерінің құрылымдық нысандары, минералдар, кристалдар, әртүрлі текті жыныстар, кендер және т. б.*) атауларында адамның болмысына ұқсату жолымен түзілген терминдерді төмендегідей топтастыруға болады:

біріншіден, белгілі бір жай күйі, өмір кезеңдері, даму және дүниеден өту сияқты құбылыстар тән (*жұлдыздар жасы, Жердің жасы, тау бедерінің балалық шағы, тау бедерінің жастық шағы, тау бедерінің қарттық кезеңі, «өлі» мұнай, «өлі» су, көлдің жоғалу (өлу, жойылу сатысы)*) адам бейнесі ретінде;

екіншіден, адамның сыртқы келбеті, бітімі, дене мүшесі (*бедер жасы, қат табаны, бойлық еңіс жолбарыс көз, қоймаңдай тастар, минералдардың шап тәрізді кристалдары, шөлдің күйі, жер беті, бұйра жартастар, қабаттың басы, қолтық, таудың басы, ендік тізесі*);

үшіншіден, адамның ішкі құрылысы (*бедер қаңқасы, жердің миы, жердің өзегі, жартасты қабырғалар, жанартау көмейі, өңеші, жер қойнауы*);

төртіншіден, адам ағзасының қалыпты қызмет етуінен ауытқуы, аурулар және оларды емдеу (*көтерілген өркештер, грунттың ісінуі, жұқпа су, кендік ойықтар, бөртпе жер, мұздық тыртығы, тектоникалық бұзылыстарды емдеу*);

бесіншіден, физикалық және физиологиялық әсерлері (*еңкіш жатыс, әнші құм, заттардың әрекеті (тәртібі), судың жемірлігі, жанартауды сіңіретін лава, ұйқыдағы жанартау*);

алтыншыдан, адамның социумдағы қызметі (*тасымалдау агенттері, химиялық желдену агенттері, сейсможазушы, жерсілкіну хабаршылары*);

жетіншіден, адамның басқа адамға қатынасы (*Жер серігі, кен серіктері, элемент-серіктер*);

сегізіншіден, отбасылық және туыстық байланыстар (*еншілес жыныс, аналық тау жынысы, аналық интрузия, әкелік табалдырықтар, минералдар ұрпақтары, қан туыстығы*) және т. б. түрінде түсіндіріледі.

Мұнда метафоралық тәсіл, алдымен, нақтылы бір белгілерге, сыртқы түріне, жағдайына, іс-әрекетке, сондай-ақ сапасына және т. б. адамның өз ортасында белгілі құбылыстар мен заттарды білдіретін лексикаларға негізделген. Сөйтіп, сөздің семантикасы толығымен жаңадан жасалған терминге ауысып, жалпы қолданыстағы сөзден терминдер туып отыр.

Енді осы метафоралық жолмен жасалған терминдерді тілдік-құрылымдық қырынан жіктесек, олар бір немесе бірнеше компонентті болып келеді. Терминдердің бірнеше компонентті болып келуі техникалық салаларға тән құбылыс. Мысалы, а) бір компонентті: *тұма, өзек, желі*; б) екі компонентті: *газ телпек, құймақ мұз, көзді бітім*; в) үш компонентті: *жер қыртысының жасы, мору қыртысының кескіні*. Үш компонентті терминологиялық сөз тіркесі көбірек ұшырайды: *байырғы тау жыныстары, кендердің құймақ тәрізді құрылымы, қатпаның қисық қанаты* немесе *сазды шөгінділердің шатыры, шөгінді жыныстардың актасы*. г) төрт компонентті: *мұнай және газ шоғырларының жасы*. Метафораның ең аз тобы

төрт компонентті құрылым: *шөгінді жыныстардың қырлы құрылымы, сынған тәрелкенің тектоникалық құрылымы, шөгінді жыныстардың паркет тәрізді құрылымы.*

Метафоралық жолмен жасалған терминдерді тілдік-құрылымдық қырынан жіктеген жағдайда зат есім жекеше де, көпше түрде де қолданылады. Мысалы, «сын есім және зат есім» құрылымында метафораланған сын есім (*таспалы кварц, бұршақты кен, аналық тау жынысы, өлі мұз*), сондай-ақ зат есім (*кен қалтасы, тұз күмбезі, құрылымдық мұрын, мұздық сызаттар*) ұшырауы мүмкін. «есімше және зат есім» құрылымында метафоралық мағыналы есімше (*көбіктеніп тұрған тас, сайрап тұрған құм*). Келесі топқа (сын есім және зат есім) генетивті метафоралар (*тұз тістері, Жер мантиясы, жыныстың қаңқасы, мұздықтың тілі, беткейлердің табаны, алтын серіктері, вулкандардың тізбегі, тау тамырлары*) жатады.

Қорыта айтқанда, қазіргі уақытта тілімізде лексикалық жаңа қолданыстардың пайда болуына әртүрлі факторлар, яғни ішкі және сыртқысебептер ықпал етеді. Сөздің семантикалықмағынасының метафоралануы арқылы жалпы қолданыстағы сөздердің мағынасының басқа мағынаға өзгеруінің нәтижесінде жаңа қолданыстардың туындауы ішкі себептерге жатады. Сөздердің «геология әлемі-адам» моделі бойынша метафоралық жолмен басқа мағынаға өзгеруі айналадағы адамды қоршаған шынайы объектілер мен құбылыстардың ұқсастығына негізделеді. Сонымен қатар, геологиялық терминдердің сөздердің метафоралануы арқылы жасалуы оның өзін қоршаған әлемдегі құбылыстармен, объектілермен, жалпы тіршілікпен тығыз байланыста тағы басқа *түрлі модельдер* арқылы, сөздердің мағыналық жағынан ұқсастығына қарай, заттың сыртқы түрінің ұқсастығына немесе оның қызметінің ұқсастығына қарай жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуінегізінде жүзеге асады және келесі бір мақалаға арқау болуы сөзсіз.

#### **Әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» - Астана, 2018
2. Телия В.Н. Номинация // Лингвистический энциклопедический словарь / гл. ред. В.Н. Ярцева. 2-е изд., доп. М. : Большая Российская энциклопедия, 2002.
3. Құрманбайұлы Ш. Терминкор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. Алматы: Ғылым, 2005. – 208 б
4. Қазақ сөздігі. Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013.
5. Салалық терминдердің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2014.1-31 том.

#### **У. Абибаева**

##### **Метафорический способ образования геологических терминов казахского языка**

**Резюме.** В данной статье рассматриваются вопросы метафорического способа образования геологических терминов казахского языка. Термины отрасли геологии на казахском языке в основном образуются с помощью общезыковых словообразующих аффиксов и терминообразующих моделей. Одним из продуктивных способов терминообразования в области геологии является метафорический способ.

**Ключевые слова:** геологические понятия, термин, терминообразование, метафорический способ, новые слова, общеупотребительные слова.

#### **U.Abitaewa**

##### **Methods for forming the geological terms of the Kazakh language**

**Resume.** This article discusses the metaphorical way of forming geological terms of the Kazakh language. The terms of the branch of geology in the Kazakh language are mainly formed with the help of common language word-forming affixes and term-forming models. One of the productive ways of terminology in the field of geology is the metaphorical method.

**Keywords:** geological concepts, term, formation of terms, metaphorical way, new words, common words.

**Р.Ш. Абдисулейменова**

*Қазақстан инженерлік технологиялық университеті, п.ғ.к., доцент*

*Қазақстан, Алматы қаласы,*

*raisa\_rh@mail.ru*

## **ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ТІЛДІ ТИІМДІ МЕНҒЕРТУДІҢ БАСТЫ ҚҰРАЛЫ**

***Аңдатпа.** Мақалада қазақ тілін меңгертуде заманауи инновациялық технологиялардың тиімділігі жөнінде сөз қозғалады. Техникалық мамандықта оқитын білім алушыға жаңашылдық тұрғыдан тілді үйрету үшін, оқытушының инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеру қажеттілігі туындайды. Осыған орай, әр студенттің тілді білу деңгейін, қабілетін ескере отырып, дамыған елдердің идеяларын қолдану арқылы қазіргі білім беру технологиялары бойынша тіл үйренушілерді арттыру жолдары көзделеді. Жоғары оқу орнының оқытушысы озық технологияны мейлінше меңгермейінше оқу-тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыра білмейді. Сол себептен де әр оқытушының педагогикалық инновациялық технологияларды іс жүзінде тиімді қолдана білуі тиіс екендігі айтылады.*

***Кілт сөздер.** Жаңа технология, жаңа бағыт, инновациялық іс-әрекет, жүйе жасалу, интеграциялық үдерістер.*

Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауының жетінші «Адами капитал – жаңғыру негізінде» білім беруде цифрлы технологияны қолдану, ақпараттық технологиялар бойынша білім алушыларды арттыру, кәсіптік-техникалық тегін білім беру жобасын жалғастыруды міндеттегені белгілі. Заманауи білім беруде дамыған елдер инновациялық идеяларымен дүние жүзін жаулап келеді.

Ал Қазақстан әлемдегі айтарлықтай тұрақты және үдемелі дамыған елдердің бірі болып отырғандықтан, білім беру жүйесінің алдында бірқатар шешуші міндеттер орын алады. Олар: әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялану; педагогикалық қызметтердің мәртебесін көтеру; сапалы білімге қол жетімділік кепілін күшейту; басқару жүйесі мен білімді қаржыландыруды одан әрі жетілдіру.

Инновациялық технологиялар арқылы тілді тиімді меңгертудің басты сипаттарының бірі – оның жаһандылығы. Әлемдегі болып жатқан интеграциялық үдерістер мемлекеттер арасындағы өзара әрекеттестіктің қарқындылығына байланысты қоғамның түрлі саласына өзгерістер әкеледі. Осыған орай, егемен елімізде білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Қоғам талабына сай болашақ техникалық мамандықта оқитын студенттерге тілді меңгертуде оқытушының инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Инновация бұрын болмаған жаңалық, қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандырудың жаңа әдісі деген түсініктеменің жиынтығы. Жаңашылдық тұрғыдан білім алушыға тілді үйретуде жаңа міндеттерді сәтті орындаудың негізгі шарттарының бірі болып саналады.

Осыған орай, тілді меңгертудің озық технологиясын меңгермейінше сапалы білім беруге қол жеткізу қиын. Жаңа технологияны меңгеру дегеніміз жоғары оқу орнының оқытушысы сауатты, жан-жақты маман бола отырып, интеллектуалды, адамгершілікті, рухани азаматтық қасиеті басым, үнемі өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыра білетін маман болуы қажет. Әрбір оқытушы өз зерттеулерінде педагогикалық инновациялық технологияларды іс жүзінде қолданып, енгізуге мүмкіндігі бар.

Бүгінгі күні өмірімізге дендеп еніп, қолданысы кеңейе бастаған «инновация» термині қоғамдық қарым-қатынаста кеңінен қанат жайып келеді. «Инновация» ағылшын тілінен

аударғанда «жаңалық енгізу», «жаңашылдық» деген ұғымды білдіреді. Басты мәні бұрын болмаған жаңалық, қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандырудың жаңа әдісі деген түсініктеменің жиынтығы (1,24)

«Инновация» термині ғылымға XIX ғасырда енді. XX ғасырдың екінші жартысында инновация әлеуметтік өзгерістердің жалпы үрдістерінің сатысы ретінде қаралып, оның негізгі элементтері атап көрсетілді: «жаңашылдық», «жаңашыл», «бағалаушылар». Үрдістің сындарлы, өзгермелі мерзімін қандай да бір жаңа енгізілмелерге сәйкес «бағалаушылардың» іс-әрекетіндегі өзгерістер айқындайды. Жаңашылдық – нағыз құрал, ал инновация осы құралды меңгеру үрдісі. Сауатты түрде таңдап алынған жаңашылдық барынша мүмкін дәрежеде жаңа енгізілімнің табысқа жетуіне кепілдеме беруі тиіс. Инновациялық үрдіс деп жаңалықты жасау, меңгеру, пайдалану және тарату бойынша жүргізілетін кешенді іс-әрекетті айтады. Қазіргі уақытта жаңа ғылыми, тәжірибелік білімді жасау және оларды меңгеру мен іске асыруды инновациялық түрғыдан қарастыруға болады.

Бүгінгі жағдайда көкейтесті болып отырған педагогикалық технологиялар мен белсенді оқыту әдістерінің алар орны ерекше. Қазіргі заман талабына сай білім беру жүйесінің басты көрсеткішінің бірі студенттің жаңа технологияны қолданып, өздігінен білім алуға деген ұмтылысын қалыптастыру.

Ал инновациялық технологияның тілді тиімді меңгертуде жылдам дамып келе жатқан қоғамда адамдардың қарым-қатынасына ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданылып, қалыптасуы шартты нәрсе.

Қазақстан мемлекеттік бағдарламасында цифрлы жүйеге көшу жоғары оқу орындарында тілді үйретуде студенттердің білім меңгеру қабілеттерін дамыту, жаңа технологиялар арқылы үнемі ізденіске бейім мамандарды даярлау міндеттерін жүктеді. Болашақ инженер мамандардың цифрлы технологияны игеруімен қатар кәсіби негізде тілді еркін меңгеру қажеттілігі туындайды. Осыған орай, тілді еркін меңгертуде жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасауда тигізер пайдасы мол. Қоғамдық өзгерістердің қарқындылығы жаңа сипаттағы мамандарды қажет етіп отырғандықтан, оқытушылар ұдайы өзгеріп отыратын әлеуметтік-экономикалық үрдістерді талдай білуге, нарықтық бәсеке жағдайына сай шешімдер қабылдап, жүзеге асыра білуге, өндіріс пен жеке адам арасындағы ықпалдастықтың ізгілікке бағытын стереотиптендіруден арылта білуге тиіс. Осы жағдайларға байланысты жоғары оқу орындарында өзге тілді ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретуде оқытушылардың кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыру үшін жаңаша білім беру қажеттілігі орын алады. Жаңашылдық тіл үйренушінің тілге деген сүйіспеншілігін дамытып, рухани адамгершілігін қалыптастырып, жеке тұлғалық қасиеттерінің ашылуына көмектеседі. Ол оқытушының жаңа оқыту технологияларының білім беру жүйесіне озық үлгілерін еркін енгізе білуіне тікелей байланысты. Нәтижесінде болашақ инженер мамандар жаңаша жаңғыру үрдісінде жаңа инновациялық оқыту жүйелерін тиімді пайдаланып, тілдік қатынастардың барлық түрлерін меңгерген мәдениетті, жоғары білімді болуды үйренеді.

Мемлекеттік тілді меңгертуде қалыптасқан әдістерді пайдалануда бірқатар мәселелерге кез боламыз. Мысалы: *студенттің қарым-қатынасқа еркін түсе алмауы, оқу материалын тез меңгере алмауы, есте сақтау қабілетінің нашарлығы, тілді үйренуге деген қызығушылығының артпауы* т.б. Осындай мәселелерді жою үшін жаңа идея, жаңа бағыт, жаңа технологиялар, зерттеулер қажет. Тілді тиімді меңгерту педагогикалық үрдістің сапасын үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді.

Жаңа педагогикалық технологияны қолдана отырып оқытуда төмендегідей басты ұстанымдарды ескеру қажет.

1. Жаңа педагогикалық технологияны пайдалану арқылы оқу материалдарын оқытуды бір жүйелілікпен үздіксіз жүргізу;
2. Оқу-тәрбие үрдісінде оқытуда пәнаралық байланыстардың болуы;
3. Оқытуда туындаған экологиялық, экономикалық, әлеуметтік проблемаларды т.б. анықтап, оны түсіндіруде өзара байланыстылығын ашу.

Жаңа инновациялық технологияны тиімді қолдану студенттің жан-жақты күзiреттiлiгiн дамытып, болашағына жарқын жол ашу мүмкiндiгiн бередi. Жаңа технологиялар болашақ маманды бiлiмге, бiлiмқұмарлыққа баулиды. Бiлiм беру үрдiсiндегi алға қойылған мақсат студенттiң бiлiм алу мазмұнын толықтырып, жаңаша көзқараста, жаңа технология бағытында жұмыс жүргiзiп, студенттiң өмiрiн жаңаша ортада, жаңа бағытпен ұйымдастыру болғандықтан бүгiнгi таңда жаңа инновация талабына сай жұмыстар жүргiзiлуi тиiс.

Ұлы даланың ұлы есiмдерiнiң бiрi, ойшыл ғұлама әл-Фараби «Адам бойындағы ең үлкен қасиет – қабiлет өмiрдi түсiну, қанағаттұту, ұстанымдылық және өзгеге ұқсамайтын даралық» деген. Ғұламаның осы өмiрлiк ұстанымы бүгiнгi бiлiмнiң басты үйлесiмдiлiгiнде екенiне көз жеткiзуге болады.

Сонымен инновациялық технология дегенiмiз – педагогтың бiлiмi, бiлiгi, интеллектуалдық, кәсiби әдiс-тәсiлдер жүйесiн қолданудағы шығармашылық қабiлет жиынтығы, мұндағы қажеттiлiк, қабiлет, мүмкiндiктен туындайтын нәтиже даму мен ұмтылысарқылы жүзеге асады. Бiлiм берудi оның iшiнде тiлдi үйретудi дамыту үрдiсiнiң әлемдiк үрдiске кiрiгуi дамыған елдердiң стандартына деген ұмтылыс қоғам дамуындағы қажеттiлiктердi туындатып отыр.

Ал инновациялық бiлiм, жаңа заман талабына сай технологияларды қолдану арқылы студенттiң шығармашылық iзденiсiн қалыптастыру, жаңашылдықты шынайы қабылдауға дайындау, заман талабына сай болуы оқытушыға жүктелетiн негiзгi мiндеттердiң бiрi.

Заманауи қоғамның негiзгi талабы – тiл үйренушiлерге инновациялық технология негiзiнде бiлiм беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабiлеттерiн дамыту, инновациялық технологияны дамыту мен iске асыру құралы ретiнде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, жаңашылдық бiлiм беру саласына бейiмдеу. Демек, инженерлiк бiлiм беру жүйесiнде тiлдердi оқытуда инновациялық технологиялар студенттердiң шығармашылық қабiлеттерi мен құндылық бағдарларын дамытуды көздейтiн, адамдардың қарым-қатынасының интеллектуалды дамуын қалыптастырудың бiр жолы. Мемлекеттiк тiлдi еркiн меңгерген әрбiр азамат елiмiздiң кез-келген өнеркәсiп саласында адамдармен қатынасқа түсiп, өз мамандығының кеңiстiгiнде еркiн жүзе алады.

Қорыта келгенде, жаңа инновациялық технологиялық педагогиканың басты мiндеттерi мынадай:

- әрбiр бiлiм алушының бiлiм алу, даму басқа да iс-әрекеттерiн дамыта бiлу;
- бiлiм мен бiлiктiлiгiне сай келетiн бағдар таңдап алатындәрежеде тәрбиелеу;
- өз бетiнше жұмыс iстеу дағдыларын қалыптастыруға дайындау;
- аналитикалық ойлау қабiлетiн дамыту.

#### **Әдебиеттер:**

1. Бейсенова Г. Жаңа ақпараттық технологиялардың тиiмдiлiгi . Қазақстан мектебi.- 2006.№ 6 23-266
2. Байдрахманов Д.Х. Шетел тiлiн оқытуда компьютерлiк технологияны пайдалану арқылы студенттердiң танымдық белсендiлiгiн қалыптастырудың педагогикалық шарттары. п.ғ.к. Астана, 2010.-130б
3. Көшiмбетова С. Инновациялық технологияны бiлiм сапасын көтеруде пайдалану мүмкiндiктерi. А: Бiлiм. 2008
4. Жүнiсбек Ө. Жаңа техногoгия негiзi- сапалы бiлiм. Қазақстан мектебi №4.2008ж.

#### **Р.Ш. Абдисулейменова**

**Инновационные технологии являются основным инструментом для эффективного изучения языка**

**Аннотация.** В статье рассматривается эффективность современных инновационных технологий в обучении казахскому языку. Необходимо овладеть научно-педагогическими основами инновационной деятельности преподавателя, чтобы научить студентов технических специальностей новому подходу. В связи с этим предусматривается, что каждый студент сможет улучшить языковые навыки современных образовательных технологий, применяя идеи развитых стран с учетом уровня знаний языка. Преподаватель не может эффективно

организовать образовательную модель, пока не овладеет передовыми технологиями. Именно поэтому каждый преподаватель должен уметь эффективно использовать педагогические инновационные технологии.

**Ключевые слова:** новые технологии, новые тренды, инновации, создание систем, интеграционные процессы.

**R.Sh.Abdisuleymenova**

### **Innovative technologies are the main tool for effective language learning**

**Annotation.** The article discusses the effectiveness of modern innovative technologies in teaching the Kazakh language. It is necessary to master the scientific and pedagogical foundations of the teacher's innovative activities in order to teach technical students a new approach. In this regard, it is envisaged that each student will be able to improve the language skills of modern educational technologies, applying the ideas of developed countries, taking into account the level of language skills. A teacher cannot effectively organize an educational model until he masters advanced technologies. That is why every teacher should be able to effectively use pedagogical innovative technologies.

**Key words:** new technologies, new trends, innovations, creation of systems, integration processes.

УДК 007.811.13

**Қ.Ә. Аязбекова**

*лектор, п.ғ.м. Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу университеті, Қазақстан, Алматы қ.*  
*k.ayazbekova@mail.ru*

## **АУДАРМАНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада аударма мәселесі жөнінде айтылған. Зерттеушілердің пікірлері, қағидалары берілген. Қандай қажеттіліктен аударма пайда болды, қашаннан бері аударма ісі жүзеге асып келеді? Осы сұрақтар аясында қысқаша мәлімет алуға болады.

**Түйін сөздер.** Аударма, қатынас, түпнұсқа, адам, мәтін.

Аударма – бұл сөзсіз адам қызметінің ежелгі түрі болып саналады. Адам тарихында топтардың пайда болуымен бірге, әртүрлі тілдер де пайда бола бастады. Осыған орай «әртүрлі» топтармен қатынас жасау мақсатында «билингвтер» пайда болды. Жазудың пайда болуымен бұлардың қатарына ресми, діни және іскерлік сипаттағы әртүрлі мәтіндерді аударатын жазбаша аудармашылар пайда болды. Әуел бастан-ақ аударма адамдардың тілдік қатынас жасауына мүмкіндік бере отырып, маңызды әлеуметтік қызмет атқарды. Жазбаша аударманың кең етек алуы адамдардың басқа халықтардың мәдениетімен, әдебиетімен танысуына жол ашты. Қандай да бір шет тілін білу сол тілде жазылған әдебиеттің түпнұсқасын оқуға мүмкіндік береді, әйтседе, әрбір адамға шет тілін үйренудің сәті түсе бермейді.

Аударманың алғашқы теоретиктері өздерінің жеке тәжірибелерін жинақтауға ұмтылған аудармашылардың өздері болды. Әр кезеңнің «өз ұстанымын» алға тартқан көрнекті аудармашылары болғаны түсінікті, әйтседе олардың пікірлері ғылымның заманауи талаптарына сай келмеді. Сондай-ақ ерте кезеңдегі аудармашылар аударманың түпнұсқаға жақындығы жөніндегі мәселені кең талқыға салды. Ертедегі аудармаларда түпнұсқаны көп жағдайда (діни әдебиеттер) сол күйінде көшіріп алуда түсінбестік туғызды. Осыған байланысты кейінірек кейбір аудармашылар түпнұсқаға қатысты үлкен бостандыққа жол ашатын аудармашы құқығын теориялық тұрғыдан негіздеуге тырысты.

Аударма – бұл көп қырлы құбылыс, жеке қырлары әртүрлі ғылымдардың зерттеу пәні болуы мүмкін. Аударма жүргізудің аясында аудармалық қызметтің психологиялық, әдебиеттанушылық, этнографиялық және басқа да жақтары, сонымен қатар аударма қызметінің тарихы да зерттеледі.

Араға уақыт салып аудармашылар «жақсы» аударма немесе жақсы «аудармашы» талаптарына жауап беретін аударманың «нормативтік теориясын» жасауға күш салды.



Француздық ақын, әрі аудармашы Этьен Доле (1509-1546) аудармашы ұстану керек деген аударманың негізгі бес қағидасын ұсынды:

1. Аударылып отырған мәтіннің мазмұнын жетік түсіну керек;
2. Аударып отырған тіл мен аударылып отырған тілді жетік меңгеруі керек;
3. Сөзбе сөз аударудан аулақ болу;
4. Аудармада көпшілік қолданатын сөзді пайдалану;
5. Сөздерді дұрыс таңдап және орналдастыра отырып, түпнұсқаның мазмұнына сай келетін жағын қарастыру.

1979 жылы ағылшындық А.Тайтлердің «Аударма қағидалары» кітабында аудармаға қойылатын негізгі талаптар төмендегідей:

- аударма түпнұсқаның ойын дәл жеткізуі тиіс;
- аударманың стилі мен мазмұндау мәнері түпнұсқамен бірдей болуы тиіс;
- түпнұсқадағыдай аударма жеңіл оқылуы тиіс.

Аударманың ғылыми теориясының негізі жиырмасыншы ғасырдың ортасында ғана жасалына бастады. Осы кезде ғана аударма мәселесі тіл мамандарының назарын аударды. Бұған дейін лингвистикалық ғылымды оқытатын шеңбер аясында аудармаға орын болмап еді.

Аударманың жалпы теориясы – тілдердің нақты жұптарының ерекшеліктерін қарамай, аударманың лингвистикалық заңдылықтарын оқытатынаударма теориясының бөлігі. Аударманың жалпы теориясының ережесі аударманың кез келген түрін қамтиды.

Аударма теориясы өзінің алдына мынадай негізгі мақсаттарды қояды:

- аударманың жалпы лингвистикалық негіздерін ашу және сипаттау;
- аударманы лингвистикалық зерттеудің нысаны ретінде анықтау, оның тілдік делдалдардың басқа түрлерінен айырмашылықтарын көрсету;
- аударма баламасының мәнін түпнұсқа мәтінінің қатысымдық барабарлы негізі ретінде ашу;
- тілдердің әртүрлі комбинациялары үшін аударманың жеке және арнайы теориясын құрудың қағидалары мен ерекшеліктерін әзірлеу;
- түпнұсқа мәтінін аударма мәтініне қайта жасау бойынша аудармашының әрекеті ретінде аударма процесінің ғылыми сипаттамасының жалпы қағидаларын әзірлеу;
- аударма процесіне прагматикалық және социолингвистикалық факторлардың әсерін ашу;
- «аударма нормасының» түсінігін анықтау және аударма саласын бағалаудың қағидаларын жасау.

Лингвоаудармашылық зерттеулердің негізінде жасалынған нормативтік ұсыныстар аударма тәжірибесінде де болашақ аудармашыларды дайындауда да қолданылауы мүмкін. Мұндай ұсыныстарды аударылатын мәтіннің сипатына байланысты қолдана білу, аудармашылық шеберліктің маңызды бөлігін құрайды. Қандай жағдайда болмасын аударма өз алдына шығармашылық ойлау қызметін қояды, яғни аудармашыдан тұтастай білімді, білікті және дағдыны, лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың барлық жиынтығын есепке ала отырып, дұрыс таңдау жасай алу қабілеттілігін талап етеді. Мұндай факторларды есепке алу көп жағдайда интуитивтік түрде, шығармашылық акт нәтижесінде өтеді, ал жеке аудармашылар аударма процесін сәтті іске асыруда әртүрлі дәрежеде меңгереді. Мұндай біліктіліктің жоғары дәрежесі аударма өнері деп аталады.

Аударма – бұл әртүрлі тілде сөйлейтін адамдар арасындағы қатынас (қатысым) мүмкіндігін қамтамасыз ететін тәсіл деуге болады. Сондықтанда аударма теориясы үшін тілдік қатынас процесінің ерекшеліктері жөніндегі қатысымдық лингвистиканың мәліметтері ерекше маңызға ие. Аударма лингвистикасындағы зерттеудің маңызды әдісі аударманың салыстырмалы талдауы, яғни аударма мәтінінің мазмұнын формамен және түпнұсқа мәтінімен салыстыру қызметі болады. Аударма процесінде әртүрлі тілдегі (түпнұсқа мәтіні мен аударма мәтіні) екі мәтін арасында нақты бір байланыс орнатылады. Мұндай мәтіндерді салыстыра отырып, аударманың ішкі механизмін ашуға, эквивалентті бірліктерді табуға, сондай-ақ

формалары мен мазмұнындағы өзгерістерді байқауға болады. Сонымен қатар бір түпнұсқаның екі немесе бірнеше аудармаларын салыстыруға болады. Аударманың салыстырмалы талдауы әр тілдің ерекшелігімен байланысты аударманың типтік қиындықтарын қалай жеңуге болатынын, сондай-ақ түпнұсқаның қандай элементтері аудармада берілмейтінін анықтауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде шынайы процестің бейнесін беретін «аудармашылық дәйек» сипаттамасы шығады.

Аударманың лингвистикалық теориясын жасау барысында «аударылмайтын теорияның» жаңсақтығы (қате) жария болды. Тіл білімі тұрғысынан аударманы қарастыру түпнұсқамен аударманы толықтай теңестіру мүмкін еместігі анықталды. Әрбір мәтіннің ерекшелігі, оның белгілі бір тілдік ұжымға бағытталуы басқа тілде «сол күйінде жасалуы» мүмкін емес. Сол себепті де аударма мәтінін тепе-теңдігін құруды болжамайды және тепе-теңдіктің болмауы аударманың мүмкін еместігін білдірмейді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Ж.-П. Вине, Ж. Дарбельне *Технические способы перевода*, (Вопросы теории перевода в зарубежной лингвистике. М., 1978. с.157-167)

2. Ж. Мунэн *Теоретические проблемы перевода. Перевод как языковой контакт* (Вопросы теории перевода в зарубежной лингвистике. – М., 1978. – с.36-41)

**К. А. Аязбекова**

#### **Теоретические проблемы перевода**

**Аннотация.** В статье рассматривается теория перевода. Говорится мнения и принципы исследователей, о возможности общения (коммуникации) между людьми, говорящими на разных языках.

**Ключевые слова:** перевод, общение, оригинал, личность, текст.

**К.А. Ayazbekova**

#### **Theoretical translation problems**

**Summary.** In article theory of translation is considered. It is spoken opinions and the principles of researchers, about possibility of communication between the people speaking different languages.

**Keywords:** translation, communication, original, person, text.

УДК 811.161.1'06

**К.К. Демеубекова**

*кандидат филологических наук, сениор-лектор кафедры казахского и русского языков*

*<sup>1</sup>Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу университеті, Қазақстан,*

*Алматы қ.*

*karlik\_1971@mail.ru*

## **ЦЕЛОСТНАЯ КАРТИНА ПОНЯТИЯ ДИСКУРСА**

**Аннотация.** В статье даются различные трактовки понятия "дискурс" и того, что дискурсом также можно считать единицу языка большую чем предложение. Автор отмечает работы казахстанских ученых, внесших вклад в отечественную лингвистику, выделяет наиболее часто встречающиеся виды дискурсов.

**Ключевые слова:** дефиниции, семантика, общение, речь, коммуниканты, социум, исследования, дискурс, коммуникативные ситуации, интерпретация.

Различные трактовки термина «дискурс» говорят нам о том, что в лингвистике существует несколько инвариантов этого понятия, которые дополняют друг друга, создавая целостную универсальную картину этой проблемы. Мы попытались отразить наиболее обоснованные теории дискурса. Какие же дефиниции отражают наиболее точное толкование данного

понятия в отечественной и зарубежной лингвистике? Н.Н. Миронова отмечает, что «старое» значение «discours» означает диалогическую речь. В словаре немецкого языка Якоба и Вильгельма Гримма «Deutsches Wörterbuch» 1860 г. даются такие параметры термина «дискурс», как: 1) диалог, беседа; 2) речь, лекция [1, с.4-9]. Однако теория дискурса берет свое начало в концепции Э. Бенвениста. «Цель всей процедуры анализа заключается в том, чтобы выделить элементы на основе связующих их отношений. Эта процедура состоит из двух взаимообусловленных операций: 1) сегментация и 2) субституция» [2, с.129]. Бенвенист подчеркнул и то, что предложение, как и другие единицы языка, одновременно имеет и смысл (смысловая информация, которую оно несет) и референцию (соотнесенность с соответствующей ситуацией). У Бенвениста "дискурсом" называется речь, присваиваемая говорящим, в противоположность "повествованию", которое разворачивается без эксплицитного вмешательства субъекта высказывания. Часть информации в высказывании выражается эксплицитно, т.е. с помощью языковых средств, специально предназначенных для ее непосредственного выражения. Информация, закодированная в высказывании с помощью языковых средств, неоднородна по степени легкости и осознанности ее декодирования. Именно на этой части содержания высказывания, по замыслу его автора, должно сосредоточиваться сознание адресата. Эксплицитная информация осознается адресатом как та мысль, ради выражения которой и было употреблено данное высказывание [3, с.118].

С точки зрения таких лингвистов как Ромметвейт, Мак-Коули, Филлмор и Уертча, процесс понимания начинается с поисков общей мысли высказывания и уже на первых этапах восприятия сообщения возникают гипотезы или предположения (прессуппозиции) о смысле сообщения [4, с.86-87].

Определение понятия «дискурс» В.В. Петрова и Ю.Н. Караулова положено в основу многих лингвистических исследований текста современного периода: «Дискурс – это сложное коммуникативное явление, включающее кроме текста, еще и экстралингвистические факторы (знания о мире, мнения, установки, цели адресата), необходимые для понимания текста [5, с.8].

Н. Н. Миронова дает следующую трактовку дискурса: «Дискурс – это речевой поток, язык в его постоянном движении, вбирающий в себя все многообразие исторической эпохи, индивидуальных и социальных особенностей как коммуниканта, так и коммуникативной ситуации, в которой происходит общение. В дискурсе отражается менталитет и культура как национальная, так и индивидуальная, частная» [1, с.13]. Ван Дейк утверждает, дискурс служит «самопредставлению» говорящего (ameansofselfpresentanion). В качестве основного типа репрезентации знаний ван Дейк выделяет «модель ситуаций». Учение о дискурсе Т.А. Ван Дейка значительно расширило семантический объем термина.

В.З. Демьянков углубляет предыдущие дефиниции: «Discours – дискурс, произвольный фрагмент текста, состоящий более чем из одного предложения или независимой части предложения. Элементы дискурса: излагаемые события, их участники, перформативная информация и «не-события», т. е. а) обстоятельства, сопровождающие события; б) фон, поясняющий события; в) оценка участников события; г) информация, соотносящая дискурс с событиями» [6, с.7]. Из приведенных выше дефиниций представляется возможным сформулировать определение о том, что: дискурс – это оппозиция «предложение / использование в речи». Если единица языка больше, чем предложение и используется в речи, то ее можно считать дискурсом. Знание прецедентного текста при выражениях, который играет роль фоновых знаний поясняющего события, производит эффект в речи и при этом может являться дискурсом. Знания предполагает прецедентность текста так называемого, к примеру: *А Германа всё нет* кто-то скажет в ситуации: *А Галочки всё нет* – дискурс высказывания, так как существует прецедентный текст из «Пиковой дамы» – *А Германа всё нет*. Данная перифраза не будет иметь ожидаемого эффекта в речи, если человек не знает «Пиковой дамы». «Подобный дискурс является возможным только в том случае, если оба коммуниканта обладают общим фоном знаний, в противном случае произошло бы непонимание» [7, с.162]. .

Уникальным вкладом в теорию дискурса считаются работы А. А. Потебни, М. М. Бахтина, В. В. Виноградова, Г. О. Винокура, В. А. Волошинова. Ю. С. Степанов дает следующее определение: «...дискурс – это «язык в языке», но представленный в виде особой социальной данности. Он существует в текстах, но в таких, за которыми встает особая грамматика, особый лексикон, особые правила словоупотребления и синтаксиса, особая семантика, – в конечном счете, особый мир. В мире всякого дискурса действуют свои правила синонимичных замен, свои правила истинности, свой этикет. Это – "возможный (альтернативный) мир" в полном смысле этого логико-философского термина. Каждый дискурс – это один из "возможных миров". Само явление дискурса, его возможность, и есть доказательство тезиса "Язык – дом духа" и, в известной мере, тезиса "Язык – дом бытия"» [8,с.44].

В лингвистике такжераширилась понятийная сфера дискурса: можно встретить термины диалогический дискурс и монологический дискурс, политический дискурс, юридический дискурс и др. В настоящее время выделяют наиболее часто встречающиеся виды дискурсов. Педагогический дискурс с позиции социолингвистики – это общение людей, рассматриваемое с учётом их статусно-ролевых характеристик (учитель – ученик). Целью является социализация нового члена общества.

Политический дискурс, чтобы быть эффективным, должен строиться в соответствии с определенными требованиями военных действий. Для этики дискурса договор может быть понят как постоянная процедура достижения частичного консенсуса между людьми по поводу всех волнующих их вопросов общественного развития.

Юридический дискурс рассматривается не только как процедура профессионального осмысления действительности, но и как комплекс техник практического толкования юридических документов (договоров, актов, законов и пр.).

Ценности научного дискурса сконцентрированы в его ключевых концептах (истина, знание, исследование) и сводятся к признанию познаваемости мира, необходимости умножать знания и доказывать их объективность, к уважению к фактам и беспристрастности в поисках истины, к высокой оценке точности формулировок и ясности мышления.

С точки зрения стилистической характеристики все военные материалы отличаются насыщенностью специальной военной лексикой, широким использованием военной и научно-технической терминологии, обилием военной номенклатуры и специальных сокращений и условных обозначений, использующихся только в военных материалах.

Немецкий учёный Ю. Хабермас, используя в своих работах термин дискурс, понимал под ним вид речевой деятельности, обусловленный критическим рассмотрением ценностей и норм социальной жизни, откуда и возникли термины «критическая лингвистика» и «критический анализ дискурса» в работе «Комментарии к этике дискурса». По утверждению философа дискурс – вид речевой коммуникации, обусловленный критическим рассмотрением ценностей и норм социальной жизни. Отсюда и возникновение терминов «критическая лингвистика» и «критический анализ дискурса». В немецком языке Diskurs употребляется в значении «социальная практика», т. к. в социолингвистических исследованиях, проводимых в Германии, изучают семантику различных сфер общения. Именно в этом значении термин «дискурс» был использован немецким лингвистом Д. Вундерлихом в 1976 году. «Критический» понимается как способ осуществления. В центре критического анализа лежат проблемы дискриминации, доминирования, власти и контроля в языке. Критический анализ дискурса широко используется в гендерных исследованиях. В гендерных исследованиях в ходе критического анализа устанавливаются отношения доминирования маскулинности в языке и дискриминация женского пола через языковые структуры. Здесь рассматриваются как устные формы языка, так и письменные, так как и те и другие способны отражать механизмы подавления дискриминации. Немалый вклад в гендерную лингвистику вложен также и казахстанскими учёными. К примеру, О.Л. Сохацкой в работе «Индоевропейские и праславянские реликты в древнерусской оппозиции «мужское– женское» в 2002 году произведена попытка сравнительно-исторического описания языковых реликтов в оппозиции

«мужское – женское» на основе древнерусской письменности, унаследованных древнерусским языком от индоевропейского и общеславянского праязыка. На материале текстов художественных произведений писателей на казахском языке «Казахско-русского толкового словаря мимики и жестов в казахском языке» З.М. Нуржановой выявлены и описаны особенности казахского невербального общения в контексте гендера в диссертационном исследовании «Невербальные средства общения: гендерный аспект» в 2005 году. Языковые и речевые средства выражения конфликтного и кооперативного речевого поведения коммуникантов на материале русского языка ставится в центр внимания А.Т. Акишевой в работе «Дискурс-анализ речевых стратегий коммуникантов в гендерной перспективе» в 2008 году. Учёный обобщает теоретические основы и практические методики лингвистического исследования конфликтного и сотрудничающего взаимодействия коммуникантов, осуществляет комплексный системный подход к изучению одного из важнейших проявлений межличностной коммуникации – дискурс-анализ речевых стратегий [9, с.150-152]. З.К. Сабитова рассматривает способы репрезентации гендерных отношений в древнерусском и русском языках, объясняет факты современного русского языка как результат длительного эволюционного развития языковой системы. Однако О.Н. Проскудина в ходе исследования на материале русской и английской диалогической речи приходит к выводу о том, что не правомерно выделять «женский» тип дискурса как специфичного и подчёркивает справедливость гипотезы А.В. Кирилиной о «множественности пола» и отсутствие так называемого гендерлекта [7, с.180]. Наблюдения социологов показывают, что ни в биологическом, ни в психологическом смысле не встречается чистой мужественности или женственности. На наш взгляд, для достоверности получения научных данных, в основе подобных исследований учеными должен браться материал с примерами живой речи мужчин и женщин со всеми сохраненными естественными условиями ее протекания. Дискурс – речь, рассматриваемая как целенаправленное социальное действие, как компонент, участвующий во взаимодействии людей и механизмах их сознания – речь, «погружённая в жизнь», которая поэтому не применяется к древним текстам, так как в них не восстанавливается связь с живой жизнью.

В прагматическом дискурсе реализуется дискурсивная практика женщин, имманентным свойством которой является ее вербализация и построение характерных женскому дискурсу речевых стратегий с учетом многообразных ситуаций, которые образуют типы внутри дискурса. Тип дискурса представлен разными ситуациями, характеризующимися определенной заданностью: целью общения, ценностными установками, различного рода предписаниями, социальными ролями и т.д., которые отражаются в речевом поведении женщин. Н.М. Миронова считает, что практические дискурсы протекают в определённых, широко понимаемых исторических, идеологических, культурологических, этнографических и, понимаемых значительно уже, коммуникативных ситуациях. Поэтому при описании дискурса необходимо учитывать конситуацию: связь языка, личности, социума. Конситуация – непосредственная обстановка речи, в которой протекает общение. Необходимость учитывать конситуацию при описании дискурса очевидна. Н. Н. Миронова замечает: «Практические дискурсы протекают в определённых, широко понимаемых исторических, идеологических, культурологических, этнографических и, понимаемых значительно уже, коммуникативных ситуациях...» [1, с.17]. М. Халидей, представляя схему анализа дискурса, особое внимание уделяет контексту ситуации и дает ему следующую характеристику: 1) поле дискурса – что происходит, какова природа социального взаимодействия, что делают участники посредством языка; 2) направление дискурса – кто участники дискурса, в какой взаимосвязи (постоянной или временной) они находятся друг с другом, их роли во время взаимодействия, а также вся совокупность их социальных взаимосвязей; 3) форма дискурса – какова роль языка в данном взаимодействии, чего участники ожидают от языковых средств, канал коммуникации (письменный, устный или комбинация), риторическая функция текста (убеждение, объяснение и т. д.).

В.З. Демьянков замечает, что «задача современного анализа дискурса – дать характеристику того, как в контексте взаимодействия людей, направленного на достижение каких-либо целей, коммуниканты интерпретируют речь и действия. Интерпретация опирается на общие и специальные знания, связана с логическим выводом» [6, с.284].

В настоящее время исследователей дискурса интересуют механизмы их комплексного влияния на личность человека, на общественное сознание в целом. Целью исследования дискурсных практик также является предостережение человека от принятия иррациональных решений. Приведенные в статье толкования термина «дискурс» создают целостную универсальную картину данного понятия, дополняя друг друга. Для анализа дискурса применяются различные методы, наиболее эффективным способом, на наш взгляд, является применение комплекса методов с целью всестороннего описания дискурса. Принципы и схемы наглядно проясняют суть дискурсивного анализа, определяют современные подходы к анализу различных коммуникативных ситуаций.

